«Тұран» Университеті

ӘОЖ 340.1(574)(043)

Қолжазба құқығында

КАЛШАБАЕВА МАНШУК ЖЕНИСБАЕВНА

Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері

8D04201 – Құқықтану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор
Оспанова Д.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының кандидаты,
доцент Горылев А.И.
(Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРГЕ СІЛТЕМЕЛЕР **3**

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР **4**

КІРІСПЕ **6**

1 МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ **14**

1.1 Конфликт және құқықтық дау ұғымы мен ерекшеліктері 14

1.2 Дауларды балама шешу (ADR) түсінігі, негізгі түрлері 26

1.3 Медиацияның құқықтық табиғаты және оның қағидаларының ерекшеліктері 36

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ **52**

2.1 Қазақстандағы дауларды шешудің дәстүрлі жолдарының қазіргі медиация институтымен сабақтастығы 52

2.2 Медиация рәсімін түрлі құқықтық қатынастарда қолдану ерекшеліктері 62

2.3 Қазақстан Республикасындағы медиаторлардың құқықтық жағдайы 78

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ **87**

3.1 Қазақстан Республикасында медиациялық рәсімдерді енгізудің шетелдік тәжірибесі 87

3.2 Қазақстан Республикасында этномедиацияны дамытуда азаматтық қоғам институттарының рөлі 100

3.3 Медиация саласындағы заңдарды жетілдірудің негізгі бағыттары 108

ҚОРЫТЫНДЫ **123**

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ **127**

НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРГЕ СІЛТЕМЕЛЕР

Зерттеу жұмысын жазу барысында келесідей Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілері қолданылды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 ж. 21 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 28 маусымдағы № 593 Қаулысы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 жылғы 20 қазандағы № 70-IV Қазақстан Республикасының Заңы

Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңы

2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV Заңы «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне медиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 402-IV Заңы

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексі

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі

Азаматтық сот өндірісіне судьяның қатысуымен бітімгершілік рәсімдерді (сот медиациясын) енгізудің пилоттық жобасын іске асыру туралы 2014 жылғы ереже

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V Азаматтық процестік кодексі

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек Кодексі

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы

«Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 438-V Конституциялық Заңы

Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы»

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі №488- V Төрелік туралы заңы

Дауларды медиация тәртібімен сотқа дейінгі реттеуді енгізу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы 2017 жылғы ереже

Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы

«Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 730 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Кодексі

«Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі

«Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 1014 Жарлығы

Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 244-НҚ бұйрығы

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР	Қазақстан Республикасы
ЕО	Еуро Одақ
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ADR	(Alternative Disput Resolution) Дауларды балама шешу
ҚР АПК	Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі
ҚХА	Қазақстан Халқы Ассамблеясы
ҚР ҚПК	Қазақстан Республикасының Қылмыстық - процестік кодексі
ХҚО	Халықаралық қаржы орталығы
ІМС	Халықаралық медиация орталығы
ХАО	Халықаралық арбитраж орталығы
ЮНСИТРАЛ	БҰҰ халықаралық сауда құқығы бойынша комиссиясы
АХАТ	Азаматтық хал актілерін тіркеу
ҚР ҚК	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі
CEDR	(Center for Effective Dispute Resolution) Дауларды тиімді шешу орталығы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
СІЕТАС	Қытай халықаралық экономикалық сауда төрелік комиссиясы
ҒЖБССҚК	ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс «Қазақстан 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты [1], Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы [2] құжаттарында көзделген мақсаттар мен міндеттерге сай орындалды.

Зерттеу жұмысы Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелеріне арналған. Диссертацияда конфликт пен дауларды балама шешу түсініктері зерттелініп, дауларды балама шешудің институтының бірі ретінде медиацияның түсінігіне теориялық талдаулар жасалынады. Медиация қағидаларының табиғаты анықталады. Сондай-ақ билер соты мен ақсақалдар кеңесімен медиацияның тарихи сабақтастығы зерттелініп, медиатордың құқықтық жағдайы анықталады. Түрлі құқық салалрындағы медиацияның қолдану ерекшеліктеріне талдау жасалынады. Медиацияны қолданудың шет ел тәжірибесі бойынша Қазақстандағы медиацияға салыстырмалы талдау жасалынып, Қазақстандағы медиацияның жаңа бағыты ретінде этномедиация мәселесі зерттелінеді. Сондай-ақ медиация саласындағы заңдарды жетілдірудің негізгі бағыттары ұсынылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау мен даулаудың ең жетілген, тиімді, әмбебап және ұтымды нысаны ол әрине сот арқылы екені мәлім. Алайда қазіргі қоғамның толассыз даму талаптарында қоғамдық қатынастардың қиындауы, сәйкесінше оған қатысушылардың мүдделерінің қақтығысы, құқықтық даулардың күрделене түсуі заңды құбылыс. Даулардың саны, көлемі мен күрделілігінің көбейгені соншалық сот жүйесі олардың тиісті түрде шешілуін объективті түрде қамтамасыз ете алмауда. Сот жүйесін реформалау арқылы сот өндірісінің мәселелерін белгілі-бір деңгейде ғана шешуге болады. Алайда реформалау қажеттіліктері түрлі басқа жолдар іздестіруді талап етеді. Сот жүйесін өзгертумен бірге, онымен қатар қызмет ететін механизмдердің қажеттілігі даусыз. Осы орайда көптеген елдердің тәжірибесі құқықтық дауларды реттеуде мемлекеттік емес рәсімдерді қолданудың сәтті тәжірибесін көрсетуде.

Шет елдік тәжірибе дауларды балама шешу рәсімдері арқылы құқықтық дауларды тез және тиімді шешіп қана қоймай, сондай-ақ сот өндірісінің сот қарауына жататын істердің санын елеулі түрде азайту, сот рәсімдерін жеңілдету, тараптар үшін сот шығындарын азайту, істі шешу мерзімдерін қысқарту сияқты көптеген мәселелерін шешуге болатынын көрсетті.

Тараптардың жауапкершілігінің артуы және азаматтық айналымға қатысушылардың белсенділігінің артуы мемлекеттің белгілі бір салалардағы өкілеттіктерінің бір бөлігін азаматтық қоғамның әртүрлі институттарына беруге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін жетілдіру және азаматтық қоғамды қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі медиация институтын енгізу болды.

2011 жылы, 28 қаңтарда «Медиация туралы» Заң [3], сондай-ақ оған ілесіп «Медиация сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы» Заңы [4] қабылданды. ҚР Азаматтық процестік кодексіне, ҚР Қылмыстық процестік кодексіне, ҚР Қылмыстық кодексіне, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, ҚР Еңбек кодексіне, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар еңгізілді. Аталған заңдардың қабылдануы татуласу рәсімінің халықаралық тәжірибесін, қалыпқа келтіру әділдігі бойынша тәжірибелік сұрақтарды зерттеу мен талдау, сондай-ақ дауларды шешудің тиімді, балама нысандарын іздеу бойынша үлкен жұмыстардың жүргізілуінің алғышарты болды.

Бүгінгі күні біз медиация институтын құқықтық дауларды сот арқылы шешуден тиімдірек балама тәсіл деп және ол жалпылама мойындалғаны жөнінде нық сеніммен айта аламыз. Бұл өз кезегінде көптеген отандық және шет елдік ғалымдар сипаттайтын мынадай: мерзімдер, қол жетімділік, аз шығындалу, еріктілік және медиацияға ерекше тартымдылық беретін құпиялылық факторларымен түсіндіріледі. Медиация рәсімі дауларды шешуге бағытталып, дауласушы тараптардың шынайы мүдделерінен шығады.

Қазіргі уақытта медиация рәсімі мен оның субъектілеріне қатысты нормативті-құқықтық базаның нақты және жүйеленген, кешенді бағыты қажет. Өйткені медиацияның тәжірибеге енгеніне, құқықтық базасының қалыптасқанына қарамастан оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Оның себебі ретінде қоғамда медиация рәсімін тежейтін себептері ретінде заңдардың жетілмегендігі, құқықтық сана мен мәдениеттің төмендігі, медиация мүмкіндіктері жөнінде халықтың жеткілікті түрде хабарланбауы, халықтың кез келген құқықтық конфликтіні сот арқылы шешуге бағдарланған менталитеті, сондай-ақ мәселенің жеткілікті түрде теориялық зерттелмеуі сияқты біршама мәселелерді айтуға болады.

Осыған байланысты ҚР Президентінің 2020 Қазақстан халқына Жолдауында «Дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін де дамыту қажет. Бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашады. Дамыған елдерде мұндай институттар өзін өзі таныта білуде. Он жылдай уақыт бұрын біз «Медиация туралы заң» қабылдадық. Бірақ қазіргі кезге дейін бірде-бір мемлекеттік орган оның даму мәселесімен айналысқан емес. Айқын мемлекеттік саясат байқалмайды. Бұл жағдайды реттеп, қателікті жөндеу керек» [5] деген болатын. Әрі қарай бұл тұжырым Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Жарлығында [2] көрініс тапты. Дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылады, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттырады.

Дауларды шешудің баламалы тәсілдерін реттеу саласындағы саясатты жүргізетін уәкілетті мемлекеттік органды айқындау, сондай-ақ олардың тұрақты негізде кеңінен қолданылуын ынталандыратын шаралар қабылдау маңызды.

Құқық қолдану практикасы төрелік пен медиацияны құқықтық реттеудегі бірқатар кемшіліктерді анықтады, осыған байланысты халықаралық тәжірибені ескере отырып, осы институттарды одан әрі дамыту қажет [2] деп көрсетілген.

Медиация қазақ әдет ғұрып құқығындағы билер соты мен ақсақалдар кеңесінің жалғасы іспеттес. Сандық өркениет талаптарында ғасырлар бойғы ата-баба мұрасын өзекті ету қажеттілігі туындайды. Қазақ даласындағы бірнеше жүз жылдаған уақыт ағымында болған билер институты Қазақстандағы медиация институтының дамуының тарихи алғышарты болып табылады. Жазылмаған заңдар мен отансүйгіштік, адамгершілік және әділеттілік сияқты құндылықтарды басшылыққа ала отырып, қазақ билері қазақ халқының бірлігі мен ұйымшылдығын сақтау сияқты маңызды қызметті атқара отырып, күрделі даулар мен конфликтілерді шешіп отырған.

Аталған институттарды қазіргі қоғам талаптарына қарай жаңғыртып, олардың жұмысын жүйелеу Қазақстандағы медиация саласындағы заңдарды жетілдірудің бағыттарын айқындайды.

Осыған байланысты заң шығарушылар мен құқықтанушы ғалымдардың алдында медиацияның ұйымдастырушылақ құқықтық мәселелерін тұжырымдамалық тұрғыда зерттеу міндеті шығады.

Бұл жағдайлар диссертациялық зерттеудің өзектілігі мен практикалық маңыздылығын айқындайды, оның тиімділігін арттыру мақсатында медиация институтының теориялық және құқықтық мәнін, оның қазіргі кезеңде жүзеге асырылу жағдайын зерттеу қажеттілігін анықтайды.

Зерттеу объектісі. Дауларды балама шешуге байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу пәні. Қазақстан Республикасындағы дауларды балама шешудің әдісі ретінде медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін зерттеу.

Зерттеу мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты Қазақстандағы медиация институтының қалыптасуы, қызмет етуі және дамуының ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерін кешенді түрде зерттеу болып табылады.

Зерттеу міндеттері. Алға қойылған мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешуді қажет етеді:

- «медиация» түсінігін анықтауда түрлі ғылыми көзқарастарға теориялық-құқықтық талдау жасай отырып, аталған түсінікке авторлық көзқарас бойынша анықтама беру;
- медиацияның Қазақстандағы даму кезеңдерін талдап, қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша билер мен ақсақалдар институтының медиация институтымен тарихи сабақтастығын зерделеу;
- Қазақстандағы медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерін анықтау;
- медиатордың қызметін құқықтық реттеу бойынша талдау жасау;
- этномедиацияны медиацияның жаңа бағыты ретінде анықтай отырып, ұғымына түсінік беріп, ерекшеліктерін талдау;
- медиация туралы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстарды негіздеу.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Ғылыми әдебиеттерде медиация туралы зерттеулердің жеткілікті түрде ауқымды көлемі бар. Медиация конфликтология, әлеуметтану, психология, педогогика, құқықтану шеңберінде көп жылдар бойы зерттеу тақырыбына айналды. Соның ішінде отандық құқық саласында осы тақырып шеңберінде алғашқы іргелі жұмыстардың бірі С.Г. Пеннің «Медиация в уголовном судопроизводстве» [6] атты зерттеу жұмысын айтуға болады. Әрі қарай медиацияның түрлі аспектілері бойынша жүргізілген келесідей жұмыстар бар: В.Т. Конусованың «Негосударственные процедуры урегулирования гражданско-правовых споров» [7] тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы, осы тақырып шеңберінде әр түрлі жылдарда А. Б. Шайменованың «Альтернативные способы разрешения гражданско-правовых споров в Республике Казахстан: теория и практика» [8], С.Е. Асановаңың «Альтернативные способы разрешения споров в гражданском процессе: теоретический и практический аспекты» [9], М.К. Сүлейменовтың «Гражданское право Республики Казахстан: опыт теоретического исследования. Монография в 6 томах» [10] жұмыстары.

Әрі қарай А.О. Балгынтаев «Қылмыстық істер бойынша іс жүргізушілік келісім жасау кезендегі ерекше өндіріс» [11], Г.Г. Галиакбарованың «Правовое регулирование индивидуальных трудовых споров: теория и практика их разрешения» [12] атты зерттеу жұмыстарында медиацияның ерекшеліктері қарастырылады.

Жалпы медиацияның билер мен ақсақалдар институтымен тарихи-құқықтық сабақтастығы мәселесі бойынша С.З. Зиманов, З.Ж. Кенжалиев, А.И. Левшин, М.Қ. Дауытбекова, А. Бикенов, Ө. Исенов, Бакирова А.М. еңбектерін атап өту керек.

Қазақстан Республикасында медиация тақырыбының шеңберінде зерттеулер жүргізіп жүрген ғалымдар бар. Атап айтсақ Дячук М.Н., Мицкая Е.В., Садвакасова З.М., Оспанова Ж.Б., Момышева Ф.С. ж.т.б.

Медиацияның құқықтық сұрақтары бойынша зерделеген шет елдік келесі авторларды атауға болады: Фридман Л., Хьюлитт-Джеймс М., Гоулд Н., Уейн Ф. Риджина, Кимберли Ковач, Кэрол Дж Браун, Питер Ловенхейм, Лайза Герин, Гвайн Дэвис, Хайнц Мессмер, Р. Ридли-Дафф, Христоф Бесемер, А. Беннет, Марк С. Амбрейт, Роберт Б. Коатс, Питер Д'Эмбруменайл, Мэриэн Робертс, Джон Уинслэйд, Джеральд Монк, Лоране Боулл, Робин Кэрролл және т.б.

Медиацияның түрлі құқық салаларында қолдану бойынша ерекшеліктерін зерттеу тақырыбына айналдырған келесідей ресейлік заңгер ғалымдар: Ц.А. Шамликашвили, А.А. Арутюнян., М.В. Головизнин., О.В. Аллахвердова., Н.С. Шатихина., Д.Л. Давыденко., С.И. Калашникова., А.Н. Кузбагаров, Е.И. Носырева ж.т.б

Аталған авторлар мен еңбектерде медиация бір қырынан ғана қарастырылып, талданады.

Ұсынылып отырған жұмыста дауларды балама шешу тәсілі ретінде медиацияның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері кешенді тақырып ретінде жеке зерттеуге алынып отыр.

Зерттеудің нормативті және эмпирикалық негізі. Диссертацияның нормативті базасын ҚР Конституциясы, сондай-ақ ұлттық заңнаманың қазіргі кездегі қолданыстағы нормалары, атап айтқанда ҚР Медиация туралы Заңы, «Медиация сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы» Заңы, ҚР Азаматтық процестік кодексі, ҚР Қылмыстық процестік кодексі, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексі, өзге де заңға сәйкес актілер, тұжырымдамалар, стратегиялар, ҚР Жоғары сотының қаулылары, ЕО Директивалары, кейбір шет елдердің медиация туралы заңдары құрады. Зерттеудің доктриналық және талдау базасын түрлі ғалымдар мен мамандардың ғылыми еңбектері, БҰҰ- ның тақырыптық баяндамалары мен шолулары қалыптастырды.

Диссертацияның теориялық-әдіснамалық негізі. Диссертациялық зерттеуді жазу үдерісінде ізденуші отандық және шет елдік авторлардың еңбектерін зерделеді. Сондай-ақ ұлттық, шетелдік заңнамалар, халықаралық шарттар, сот тәжірибесі қолданылып, талданды. ҚР медиацияның дамуына кері әсер ететін факторларды анықтау мақсатында жүргізілген арнайы сауалнамалардың нәтижелері мен статистикалық материалдар пайдаланылды.

Зерттеудің әдістері мен тәсілдері. Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізін әлеуметтік құбылыстарды диалектикалық әдіспен тану және онымен байланысты жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде: әлеуметтік, талдау, синтез, жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, логикалық-құқықтық, тарихи, статистикалық, нақты-социологиялық және басқа жалпы және арнайы танымның әдістерінің жиынтығы құрайды.

Жалпы жүйелік тәсілді сақтай отырып, тарихи-құқықтық, ресми-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық сияқты жеке ғылыми әдістер қолданылды.

Әр түрлі зерттеулерден алынған деректерді талдауға және синтездеуге мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл зерттеу пәні туралы тұтас түсінік қалыптастыруға, оның компоненттерінің әр түрлі байланыстарын анықтауға және оларды біртұтас теориялық жүйелеуге мүмкіндік берді.

Тарихи-құқықтық талдауды қолдану қажеттілігі Қазақстандағы дауларды шешудің балама тәсілдерінің қалыптасу және даму тарихын зерделеу қажеттілігінен тікелей туындады.

Салыстырмалы-құқықтық әдіс медиация рәсімдерін қолданудың шетелдік тәжірибесін талдауға және оны ҚР-да қолдану тәжірибесімен салыстыруға мүмкіндік берді.

Әлеуметтік әдіс – сауалнама жүргізу арқылы ҚР медиацияның даму мәселелерін анықтау үшін ақпараттар жинауға мүмкіндік берді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

- зерттеу жұмысында медиацияға авторлық анықтама беріледі. Медиация – дауласушы (қақтығысушы ж.т.б.) тараптардың ортақ келісімге келу ниетінен шығатын, ерікті түрде таңдалатын, сондай-ақ дауласушы тараптармен қатар олардың өзара келісімімен таңдалатын немесе уәкілетті органмен анықталатын, дауласушы тараптар үшін шешім қабылдауға құқығы жоқ, алайда конфликтіні

әділ түрде шешу/реттеу үшін кәсіби, кешенді әсер ету және тараптарды тұрақты диалогқа шақыру, нәтижесінде тараптар үшін өзара тиімді шешімге келуіне, конфликтінің әрі қарай өрбіп, тараптардың сотқа жүгінуін азайтуға көмектесетін үшінші тарап, яғни бейтарап медиатордың қатысуымен конфликтілерді реттеу және дауларды шешудің сотқа дейінгі/соттан тыс сот талқылауына балама нысан;

- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесін жетілдіру және азаматтық қоғамды қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі медиация институтын енгізу болды. Билер институты Қазақстандағы медиация институтының дамуының тарихи алғышарты. Ол бүгінгі күнге дейін ғылыми-тәжірибелік қызығушылық тудырып келеді және Қазақстанның әрі қарай дамуында пайдалануда маңызы зор. Билер сотының бай мұрасынан ең басты және құндыларын, сондай-ақ құқықтық дәстүр мен қағидалар, этикалық категориялар сияқты құралдарды құқық қолдану шеңберіне тарту, медиатордың білімінің сәйкес денгейі мен ой-өрісінің, жоғары моральдық және азаматтық жауапкершілігінің дамуына қажет;

- Қазақстан Республикасында медиация мен татуластыру рәсімдерінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану мен оны әрі қарай жетілдіру үшін медиация институты мемлекеттік-құқықтық реттеуді қажет етеді. Осыған байланысты заң шығарушылық денгейде, медиацияны ұйымдастыру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, аталған салада реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ жүйелі негізде медиация институтын дамытумен айналысатын арнайы уәкілетті мемлекеттік органды бекіту қажеттілігі ұсынылады. Қазақстан Республикасында медиация рәсімінің бірыңғай стандарттары, медиаторларға қойылатын кәсіби және этикалық бірыңғай талаптар, медиаторлардың біліктілігін көтеру жүйесі жоқ. Осы мәселелерді шешу үшін медиаторлардың бірыңғай ұйымын (мысалы адвокаттар алқасы, нотариалды палата, жеке сот орындаушылар палатасы сияқты) құру керек;

- «Медиация туралы» ҚР Заңы бойынша кәсіпқой медиаторларға жоғары білім талап етіледі. Алайда медиатор құқықтық даумен жұмыс жасайды. Медиатор құқықтық даудың шешімін табуға құқылы болмағанымен тараптарға келісімге келуге, құқықтық даудың барысы мен нәтижесі жөнінде көзқарас қалыптастыруы керек. Ол үшін медиаторға терең, жоғары, кәсіби тұрғыда көмек бере алатын заң білімі болуы тиіс. Кәсіби медиаторларды 50 сағат көлеміндегі оқыту курсы жеткіліксіз. Медиация жеке мамандық немесе бакалавр мен магистранттарды дайындау шеңберінде оқыту бағдарламаларына енгізілуі қажет. Сондай-ақ біздің елімізде медиаторлық сертификатты кез-келген медиаторлық ұйымнан алуға болады. Ол ұйымдардың қызметі лицензияланбайды. Ал мұндай жағдайлар медиатордың, оның қызметінің кәсібилік денгейі мен қабілетіне үлкен күмән тудыратыны анық. Сондықтан медиаторларды оқыту орталықтарының қызметі лицензиялануы тиіс;

- ұлтаралық қатынастар – қоғамдық саяси мүдденің ең басты мәселесі болып табылады. Қазақстан үшін ұлтаралық тұрақтылықты бекіту мен қолдау, этникалық топтардың мүдделерін ізгілендіру өте маңызды. Екі түрлі мәдениет

өкілдерінің арасындағы дау – медиация үшін ең күрделі жағдайлардың бірі. Этномедиация ұлтаралық қарама-қайшылық негізінде пайда болатын конфликтілерді реттеу әдісі. Этносаралық конфликтілерді реттеу мен алдын-алудың тиімді жолдарын анықтауда этномедиацияны медиацияның бірегей, жаңа бағыты деп қарастыру қажет;

- медиацияның негізгі мақсаттары тараптардың барлығын қанағаттандыратын шешімге келуіне жағдай жасау, олардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Сонымен қатар сот органдарына түсетін жүктемені азайтуға ықпал ету де медиацияның мақсаттарының қатарына жатқызуға болады. Осыған байланысты еңбек, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы азаматтық істер бойынша сотқа дейін медиациялық рәсімнен өту міндетті болу тәжірибесін енгізу қажет. Ал қылмыстық және әкімшілік істер бойынша тараптарды медиатормен міндетті ақпараттық кездесуге жіберілуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамның медиация туралы ақпараттану мәселесін шешуге және медиация институтының әрі қарай дамуына елеулі түрде үлес қосады. Әдеттегі сот өндірісі тәртібімен салыстырғанда, дауларды балама түрде шешу азаматтардың дауды бейбіт түрде реттеу санасын қалыптастыру көмегімен олардың құқықтық мәдениетін көтеруге әсерін тигізеді. Медиация рәсімі туралы ақпараттың кеңінен таралуы үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары бірлесе отырып, бағдарлы іс-шараларды шынайы жүзеге асыруы қажет. Медиация туралы БАҚ құралдарында, әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталуы керек.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы. Зерттеу мақсаты мен міндеттерінің тұжырымдалуына байланысты. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысының жаңалығы теориялық және тарихи аспектіде, жалпы құқық теориясы тұрғысында, арнайы құқықтық зерттеу пәні ретінде медиация институтының ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерінің қарастырылуымен анықталады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы келесідей нәтижелерден көрініс табады:

- медиация түсінігіне теориялық талдау жасалды;
- медиация институтының қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрып нормаларымен тарихи сабақтастығы негізделді;
- медиацияны мемлекеттік реттеу тетіктері талданып, Қазақстан Республикасындағы медиацияны ұйымдастыру саласындағы арнайы уәкілетті мемлекеттік органның құрылуы бойынша ұсыныстар келтірілді:
- құқықтық қатынастың кейбір салалары бойынша міндетті сотқа дейінгі медиация енгізу қажеттілігі қарастырылды;
- медиаторларды дайындау бойынша талаптар шеңберін ұлғайту мәселесі дәлелденді;
- медиаторды оқыту орталықтарының қызметін лицензиялау ұсынылды;
- этномедияция ұғымына сипаттама берілді, этномедиацияны медиацияның жаңа бағыты деп қарастыру жөнінде қорытынды шығарылды;
- медиация туралы заңнаманы жетілдіру жолдары ғылыми негізделді.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы дауларды балама шешудің әдісі ретінде

медиация сияқты көп зерттелінбеген құқықтық институттың ұйымдастырушылық-құқықтық ерекшеліктерін ашу үшін отандық және шет елдік заңнаманың, заңгер ғалымдардың еңбектері зерттелініп, теориялық тұжырымдар қалыптастырылғанымен түсіндіріледі.

Зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар мен ұсыныстар құқық шығармашылықта, ғылыми-зерттеу жұмыстарында, жоғары оқу орындарында қылмыстық, азаматтық, еңбек құқықтарының арнайы тарауларын оқу үдерісінде қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Диссертациялық жұмыс «Тұран» университеті, Гуманитарлы заң факультеті, құқық жоғары мектебінде дайындалды. Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен пайымдаулары 8 ғылыми-тәжірибелік басылымдарда жарық көрді. Олардың ішінде 1 мақала – Scopus дерекқорына кіретін халықаралық басылымда; 3 мақала – ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған және бекіткен ғылыми журналдарда; 4 мақала – басқа басылымдарда, ғылыми конференциялар материалдарында жарық көрді.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс нормативтік актілерге сілтемелерден, белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш бөлімнен, тоғыз тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Конфликт және құқықтық дау ұғымы мен ерекшеліктері

Адамзат тарихы өмір сүру мен ортақ қызмет етудің кез-келген саласында конфликтілердің туындайтынын дәлелдеп келеді. Олар қоғамның дамуының барлық сатысында адамзаттың ажырамас бөлігін құрайды. Сондықтан да адамзат өзінің даму тарихында конфликтілерді басқаруға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді іздеумен және ғылыми таным қалыптастырумен келеді. Соңғы уақыттарда конфликтологияның теориялық, тәжірибелік маңызы артты. Бұл өз кезегінде елдегі әлеуметтік-экономикалық реформалармен, нарықтық қатынастың құрылуымен байланысты. Конфликт мәселесіне, оны шешу жолдарына қызығушылықты сондай-ақ, экономика мен әлеуметтік саланың күйзелісті жағдайымен, қоғамдағы өнегелік талаптардың төмендеуімен, елдегі әлеуметтік қиыншылықтардың өсуімен де байланыстыруға болады.

Алайда отандық ғылым конфликт теориясының тұжырымын жасауда батысқа қарағанда көш төмен. Осы күнге дейін конфликтінің жалпы мойындалған теориясы қалыптаспаған. Конфликтологияның рөлі мен маңызын сипаттаудың әдістемелік тұрғысында елеулі айырмашылықтар көрініс табады. Тұжырымдаманың көптігімен конфликтіге оның маңызы мен мақсатына өздігінше көзқарастар қалыптастыру қажеттілігімен санасуға тура келеді.

Медиация түсінігі мен мәнін ашу үшін медиативтік үдерістің бастамасы конфликт терминіне жүгіну қажет. Ғылыми әдебиеттерде конфликтінің көптеген анықтамалары бар.

Ғылыми сөздік конфликтіні – қарама-қайшылықпен, мүдделерінің, қажеттіліктерінің, құндылықтар жүйесі немесе білімдерінің үйлеспеушілігімен негізделген бір немесе бірнеше субъектілердің қақтығысы, қарсыласуы ретінде анықтайды [13, 314 б.].

Р.Н. Абрамишвили конфликтіні «бір тараптың әрекеті, басқалардың мүдделерімен бетпе-бет келгенде, оның мақсатына бөгет болатын адамдардың өзара әрекеттесуінің бір нысаны» [14] деген пікірде.

Н. Косолапов «конфликт қатысушылары болып табылатын адамдар арасындағы өзара әрекеттесуі, олар өз мақсаттарына мүдделерді, құқықтарды немесе өзгелердің мәртебесін кемсіту, шектеу есебінен жетуі мүмкін» [15, 36 б.] деп есептейді.

Конфликт – адамзат қызметінің элементі, ол өз кезегінде конфликт қатысушылары мен объектіден, яғни субъектілер қақтығысқа түсу себептерінен тұратын конфликтілік жағдайлардан басталады.

Басқа қайшылық нысандарына қарағанда конфликт бірқатар белгілерге ие, дәлірек айтсақ субъектілердің қайшылықты жағдайды түсінуі және орын алған жағдайдың шешімін табуды қажет ететін мәселе ретінде ішкі психологиялық қабылдауы. Конфликт субъектісі орын алған жағдайды шешу жолдарын табу үшін ішкі және сыртқы сипаттағы белсенді әрекеттер жасауға мәжбүр. Конфликтіні психологиялық қабылдау да оның белгісі болып табылады, өйткені

конфликтіге қақтығысушы тараптардың сезімдері мен эмоциялары араласып кетеді.

Көптеген көрсеткіштер бойынша (қабылдау рәсімі, көпшіліктің еркін бекіту, мемлекетпен қамтамасыз етілуі, жалпыға міндеттілік ж.т.б.) басқа қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалардан елеулі түрде ерекшеленетін, нормативті түрде бекітілген жүріс-тұрыс ережелерінің болуы заңды (юрисдикциялық, құқықтық) саланы құрады. Бұл салаға түсетін барлық құбылыстар, жүріс-тұрыс, қоғамдық қатынастар ерекше белгілер мен өзіндік ерекшеліктерге ие болады. Қоғамның даму үдерісінде оның ішкі жүйесінде, адамдар арасында белгілі-бір қайшылықтар пайда болады, ол өз кезегінде конфликтіге ұласып кетуі мүмкін. Олар экономикалық, әлеуметтік, саяси, басқару, отбасылық, еңбек және басқа да қатынастарды қозғайды. Адамзат тарихы өмір сүру және бірлескен қызмет салаларында кез-келген конфликт болатынын дәлелдейді. Ол қоғамның дамуының барлық кезеңінде адамзатпен ілесіп келеді және ілесіп жүреді, ажырамас бөлігі болып табылады. Адамзат тарихы – ол конфликт пен келіспеушілік тарихы [16, 39 б.]. Сондықтан адамзат өзінің дамуының барлық тарихында конфликтілерді басқаруға мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерін іздей отырып, ғылыми таным саласын қалыптастырды. Мұндай ғылымдарға әлеуметтану және құқық социологиясы; құқықтану; конфликтология және құқықтық конфликтология жатады. Конфликт табиғатын зерттеуде осы ғылымдарды синтездеу конфликтілердің алдын-алу мен шешудің жолдары, әдіс-тәсілдерін табуға, құқықтық конфликт табиғаты мен ерекшеліктерін анықтау құқық шығармашылық және құқық қолдану қызметін оңтайландыру жолында тағы бір қадам жасауға мүмкіндік береді.

Конфликтіні зерттеудің теориялық аспектілерін өндеуде американдық әлуметтанушы Т. Парсонс негізін қалаған ұйымның құрылымдық функционалдық үлгісі маңызды орын алады. Ол қоғамды адамдар арасындағы қатынастың жүйесі, ал оларды байланыстырушы норма мен құндылықтар деп қарастырды. Т. Парсонс келесідей ережелерге сүйенді [17, 52 б.]. Кез-келген әлеуметтік жүйе салыстырмалы түрді бекем және жақсы шоғырлынған құрылым болып табылады; бұл жүйенің әрбір элементінің өзіне тән функциясы бар; әлеуметтік құрылымдардың қызмет етуі қажетті тұрақтылық пен шоғырлануды қамтамасыз ететін қоғам мүшелерінің келісіміне негізделеді.

Т. Парсонс өлеуметтік жүйені мынадай 4 қызмет талаптарын ұсынатын белгілі бір ұжымдық тип деп түсінді:

1) Сыртқы объектілерге бейімделу

2) мақсатқа жету

3) жүйелердің шоғырлануы

4) нормативті құндылықты үлгідегі құрылымдық нысандарды жаңғырту.

Бейімделу экономикалық қатынастарды қамтамасыз етеді, мақсатқа жету - саяси жағдайларды, шоғырлану құқықтық нормалар мен әдет-ғұрыптарды, құрылымдардың жаңғыруы – әлеуметтік институттарды, наным сенім мен моральды қамтамасыз етеді деп есептелді.

Әлеуметтік жүйелердің ішкі қақтығысы, сәйкесінше ұдайы конфликтілердің пайда болу ақиқаты мойындалғанын айта кету керек. Жалпы Т. Парсонс

«үйлесімділікті» яғни жүйе элементтерінің арасында конфликтісіз қатынасты қолдады. Конфликт әлеуметті ауытқушылықты, яғни жеңіп шығылуы керек ауру іспеттес деп қарастырылды [17, 52 б.].

Зерттеушілер мінсіз қызмет етіп, басқарылатын ұйымдардың өзінде конфликтілер туындайтынына назар аудартты. Бұл жағдай әлеуметтік жүйенің қандай да бір үлгісі тұрақты консенсусты қамтамасыз ететініне күмән келтірді. Конфликтіге ұласатын әлеуметтік қарама-қайшылықтардың табиғи және заңды сипатымен санасу керек екендігі жөніндегі түсінік беки түсті. Осылайша XX ғасырдың 50 жылдарының басынан бастап АҚШ, Германия, Франция басқа да батыс елдерде конфликтінің заманауи тұжырымдамасы қалыптасып, кеңінен тарала бастады.

Конфликтіге қатысты француз әлеуметтанушысы А. Туреннің көзқарасы ерекше. Ол «Конфликт – қарама-қайшылықты, қандай да бір бүлікті білдірмейді, ол қоғамда өздігінен пайда болатын әлеуметтік нысан болып табылады; конфликт әлеуметтік болмыстың қандай да бір саласымен байланысты емес, ол барлық жерде бар және қоғамдық өмірдің барлық салаларында мойындалуы тиіс.» - деп пайымдайды. Конфликт әлеуметтік және мәдени ұйымдастырушылық деңгейде бар. Осындай тәртіп бар жердің барлығында және оны даулау да болуы тиіс. Қоғамдық жағдай емес, адамдардың әрекетімен санасымен басқарылады. Ал ол мәдени инновация мен қоғамдық конфликтілердің нәтижесі болып табылады [18, 47 б.].

Тағы да әйгілі тұжырымдаманың бірін американдық әлеуметтанушы және экономисті К. Боулдинг келтіреді. Ол да конфликтілер барлық жерде бар, ұдайы дұшпандыққа ұмтылу және өзі сияқтылармен күресу тойтарылуға жатпайтын күш, зорлық, күштеу адам табиғатына тән деп есептейді. К. Боулдингтің пайымдауынша конфликтілер жалпы үлгілер бойынша пайда болады және дамиды, біркелкі элементтер арқылы көрініс табады және әлеуметтік жағдайлардан ажырамайды, олардың алдын-алуға және тойтарыс беруге болады. Конфликтінің алдын-алу үш сәтті қамтиды: пайда болған қайшылықтың себебін түсіну, оларды жоюдың келісілген әдістерін ақылмен таңдау, адамдардың өнегелік жетілуі [19, 119 б.].

Бірқатар неофрейдтік бағытты ұстанушы психологтар – конфликт бастауы бір жағынан адамның қауіпсіздікке ұмтылуында, ал екінші жағынан өз қалауын жүзеге асырудың астарында жасырынып жатыр деп тұжырымдайды. Конфликт себептері жеке тұлғаның құндылықтары мен оның қоғамдағы нақты жағдайы, жоғары қажеттіліктер мен оларды қанағаттандырудың физикалық тұрғыда мүмкін еместігі арасындағы қарама-қайшылықтан көруге болады [20].

Кейбір психоаналитиктер пікірінше конфликт өз шешімін адамның түрлі үлгідегі жүріс-тұрысынан табады: «адамдарға талпыну», «адамдардан қашу», «адамдарға қарсы ұмтылу» [21, 28 б.].

Біздің отандық ғылым конфликт теориясының тұжырымын жасауда батысқа қарағанда көш төмен. Кеңестік одақ кезеңінде 20 жылдар мен 70 жылдар аралығында әлеуметтану, психология толықтай ұмытылып кетті деуге болады. Конфликтология да мойындалып, дами қойған жоқ. Конфликтіні сипаттау және

бағалауға арналған ғылыми зерттеулер елімізде 80 жылдардан кейін пайда бола бастады.

Осыған байланысты бірқатар Ресей ғалымдарының ғылыми пайымдауларын келтірсек. Бірқатар авторлар технократтық тұрғыда назарды техносалада, яғни басқарудың күрделі жүйесі қолданылатын жерде болатын конфликтіге аударады. XX ғ. әлем эргатикалық болды; адамзат ғаламат энергетикалық және ақпараттық ресурстарға ие болды. Алайда молайған мүмкіндіктер бола тұра адам әлі де болса өз-өзіне ие бола алар емес. Нәтижесінде түрлі көлемдегі, маңыз бен ерекшеліктегі конфликтілердің болмауы мүмкін емес [22, 132 б.].

Авторлардың басқа ұжымы конфликтілердің табиғатын, себептерін, субъектілері мен объектілерін, ең көп таралған түрлерін құқықтық конфликтілер шеңберінде қарастырады. Біріншіден осы тұрғыда олар конфликтілік жағдайларды, оның күрделілігі мен даму механизмін талдап, конфликтінің алдын-алу мен шешу әдістерін жүйелейді. Құқықтанушы-заңгерлер конфликтілерді жағымсыз құбылысқа жатқызатын әдістемелік көзқарасты ұстанады. Өйткені әлеуметтік өмірдің мәселелерін оң шешуді тежейді деп есептейді [23, 102 б.].

Басқа әлеуметтік-саяси тұрғыда да көзқарастар бар. Мұнда конфликт табиғаты, қозғаушы күштер мен мотивация, оларды шешу әдістері, заманауи әлемде болып жатқан әлеуметтік-саяси үдерістермен тығыз байланыстырыла зерттеледі. Бұл тұжырымдама авторларының пайымдауынша конфликт – қоғамдық өмірдің қалыпты құбылысы, ал оның алдын-алу, дамуы қажетті пайдалы іс болып табылады. Мүдделердің жалпы үйлесімі – ол адамдарды адастыруға алып келетін миф. Қоғам, билік органдары және жекелеген тұлғалар өз іс-әрекеттерінде егер конфликтілік жағдайларға көз жұма қарамай, керісінше конфликтіні реттеуге бағытталған нақты ережелерге сүйене отырып әрекет етсе анағұрлым тиімді нәтижелерге қол жеткізеді [21, 28 б.].

Құқықтық конфликт жөніндегі ғылыми көзқарастар күрделі эволюциялық жолды жүріп өтті. Әлемдегі дамудың барлық сатысындағы қоғамдық қарама-қайшылықтардың шиеленісуі, қоғамның демократиялануына жалпылама ден қоюшылық, экономикалық және әлеуметтік дамудың кейбір тенденцияларын реттеуге талпыныстардың белсенділігі, әлеуметтік зерттеулерді қолдану XIX ғасырдың соңына қарай құқықтық конфликтіні бөліп қарастыруға алып келді.

XX ғ. екінші жартысында конфликтологияның дамуына маңызды рөл атқарған Л.А. Козердің «Әлеуметтік конфликт функциялары» атты жұмысы болды. Мұнда автор: әлеуметтік, соның ішінде құқықтық конфликтіде тек жоюшы ғана емес, сондай-ақ жаңашылдық функциясын атқарады деп есептейді [24, 45 б.]. Л.А. Козердің анықтауынша конфликт – ресурстар тапшылығынан қарсы тараптардың арасында күрес тудыратын және өзіне бейтараптандыру, зиян келтіру немесе қарсыласты жоюға талпынатын мінез-құлық [25, 8 б.]. Л.А. Коузер конфликтінің себептерін, шиеленісуі, ұзақтығы мен қызметтерін талдайды. Ол заңдылықты бұзу талаптарын қарастырмайды, зерттеу шеңберінен тыс деп есептейді.

Құқықтық конфликтологияның дамуында маңызды кезең болып В.Н. Кудрявцев зерттеулерін айтуға болады. Құқықтық конфликт – әлеуметтік конфликтінің нысаны болып табылады. Әрі қарай құқықтық конфликтіні зерттеу мен талдаудың 2 негізгі аспектісін бөліп қарастырады: құқықтық нормалардағы қарама-қайшылықтар негізінде пайда болатын және дамитын конфликтілер, құқықтық саладан тыс және тек заңды белгілерге ие бола бастайтын, өтпелі және аралас сипатта болатын үдерісте ғана пайда болатын және дамитын конфликтілер, яғни мұндай конфликтілердің бастапқы себеп-салдары заңды саладан тыс жүреді және ол экономикалық, ұлттық, жеке мүдделермен байланысты болады [26, 14 б.].

Қазіргі уақытта құқықтық конфликтологияны басқа құқықтық ғылымдармен, әсіресе құқықтық социологиямен байланыстыру тән. Әлеуметтанушылар көбінесе құқықтық конфликтіні қарама-қайшылықтың шекті шиеленісуі, жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтар, ұлттар, санаттар, мемлекеттің мүдделері мен көзқарастарының сәйкес келмеуі деп сипаттауға бейім. Заңгерлер конфликтіні әдетте қарама-қайшы субъектілердің тайталасы, бір-біріне кереғар, сәйкес келмейтін мақсаттары бар тараптардың қарсылығы деп анықтайды [27, 256 б.].

Құқықтық конфликт деп біз адамдар арасындағы әлеуметтік-құқықтық байланыс пен қатынастың қалыпты көрінісі, көзқарастар, мүдделердің сәйкессіздіктерінің қақтығысы кезінде өзара әрекеттесу тәсілі, өз мақсаттарын көздейтін екі немесе одан көп тараптардың өзара байланысты қарсыласуы деп түсінеміз.

Формальды түрде құқықтық конфликт:

а) тараптардың құқықтық қатынастарымен анықталады;

ә) конфликтінің объектісі, пәні, субъектісі және мотивациясы құқықтық белгілерге ие;

б) тараптардың құқықтық қарсыласуы білінеді;

в) конфликт құқықтық (ең бірінші заңды) салдарға ие.

Бірқатар конфликтілер құқықтық және құқықтық емес элементтерді де қамтиды. Ол өз кезегінде конфликт құрылымын өзгертуі мүмкін. Мұндай конфликтілерді аралас деп атау кеңінен тараған олардың даму тенденциялары факторлар мен жағдайлардың әсер етуіне байланысты түрлі болуы мүмкін.

Егер кең мағынада құқықтық конфликтінің табиғаты қоғамдық дамудың әлеуметтік қарама-қайшылығымен анықталса, ал тар мағынада табиғи және позитивті құқық арасындағы қарама-қайшылықты білдіреді. Табиғи құқықтар мүдделер, қажеттіліктер, құндылықтарды қанағаттандырудың қалаған деңгейі туралы түсінікке негізделеді. Позитивті құқық қоғамдық өндірістің даму талаптарында оларды қанағаттандырудың мүмкін болар деңгейімен анықталады. Құқықтық конфликтінің мәні субъективтік сипаттағы қоғамның құқық пен мүдделер, қажеттіліктер мен құндылықтар жүйесінің өзара әрекеттесуінде болып табылады. Алайда құқықтық нормалардағы қарама-қайшылықтар салдары ретінде пайда болып, дамитын құқықтық конфликтілер де бар: мұндай конфликтілер заңды конфликтілер деп танылады.

Табиғи және позитивті құқық арасындағы конфликт мемлекет пен құқықтың даму кезеңдеріндегі әр қоғамға тән. Тоталитаризм талаптарындағы конфликтсіздік – ол заңды конфликтілердің жасырын нысаны, олар қанды және қатыгез басып жаншылғанымен, нақты және потенциялды түрде бар болатынын жоққа шығара алмаймыз [28, 88 б.].

Құқықтық конфликт табиғаты өте күрделі, өйткені объективті және субъективті жақтары бар. Құқықтық конфликтінің объективті жағы оны тудырушы факторлармен түсіндіріледі. Бұл экономикалық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және басқа да факторлар. Субъективтік факторлар қатарына конфликтінің мотивациясынан көрініс табатын, кездейсоқ факторлармен анықталған әлеуметтік психологиялық факторларды жатқызу керек. Бұл факторлардың барлығы қандай-да әлеуметтік топқа жатуына байланысты жеке тұлғаның санасының ерекшелігімен сипатталатын, қажеттіліктер, мақсаттар, мүдделер, құқықтық бағдардың қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Бір конфликт түрінен басқасына ауысу мүмкіндігін анықтайтын, түрлі конфликтілер арасында белгілі-бір байланыс болады. Осыған байланысты бастапқыда саяси болған құқықтық конфликт құқықтық саясатқа ұласуы мүмкін, этноұлттық конфликт заңды нысанға айналуы мүмкін ж.т.б.

Құқықтық конфликт туындауы үшін келесідей үдерістер мен құбылыстар қажет: конфликтілік жағдайдың пайда болуына алғышарттар; конфликтінің объектісі, субъектісі, конфликтілік құқықтық қатынас сияқты элементтерден тұратын жағдайлар, бұл өз кезегінде субъектінің конфликтілік жағдайдың субъективтік жағын түсінуі мен қабылдауын, өз мүдделері мен басқа субъектіні өз мүдделерін қанағаттандыруда бөгет ретінде түсінуін білдіреді; бір тараптың конфликтілік деңгейге өтпелі кезеңде өз мүдделерін қорғау үшін жасалған әрекеттері [29, 241 б.]. Аталған үдерістер мен құбылыстардың реттілігі өзгеріп отыруы мүмкін, бұл өз кезегінде құқықтық конфликт құрылымын анықтайды. Қандай жағдайда да құқықтық конфликт ол конфликтілік қатынас пен конфликтілік әрекет болып табылады.

Құқықтық конфликтінің табиғатын нақты ашу үшін және оны басқа ұқсас құбылыстардан айыру үшін конфликтінің: кеңістіктік, уақыт және ішкі жүйелік шекараларын анықтайтын 3 аспектісін бөліп қарастыру керек.

Конфликтінің кеңістіктік шекаралары конфликт болып жатқан территориямен анықталады. Бұл территорияның ең кішкентай кеңістіктен бастап (мысалы тұрғын үй алаңы) бүкіл жер шарының барлығына дейін түрлі бола алатыны белгілі.

Конфликтінің нақты анықтамасы халықаралық қатынастарда маңызды. Тарихта мұндай міндет Қарабах, Тәжікстан, Солтүстік Кавказ және тағы басқа жерлерде болған ұлтаралық конфликтілер кезінде пайда болды. Мұндай жерлерде превентивті шараларды жүзеге асыру үшін конфликтінің территориялық шекараларын нақты анықтау қажет болады [30, 327 б.].

Уақыт шекаралары – конфликтінің басталу және аяқталу ұзақтығы. Конфликтіні басталды немесе аяқталды деп есептеу қандай да бір сәтте оның қатысушыларының әрекеттеріне заңды баға берумен байланысты. Әсіресе

конфликтіге қайта қосылған тұлғаның рөлін дұрыс бағалау үшін маңызды болып табылады.

Ішкі жүйелік шекараны анықтау конфликт тараптары ішінен оның қатысушыларын бөліп шығарумен тығыз байланысты. Дауласушы тараптармен қатар конфликт қатысушылары болып, арандатушылар, ұйымдастырушылар, арбитражды судьялар, кеңесшілер, дауласушы тұлғалардың жақтастары мен қарсыластары болуы мүмкін. Бұл тұлғалардың барлығы – жүйе элементтері. Конфликтінің жүйедегі шекаралары оған қаншалықты қатысушылар шеңберінің тартылғанына қарай болмақ.

Құқықтық конфликтология конфликтіні құқық тұрғысынан сипаттайтын ерекшеліктерін зерттейді [31, 186 б.]. Мұндай көзқарастың теориялық мәні конфликтіні мемлекеттік институттармен ұштастыру мүмкіндігінде және сәйкесінше конфликтілерді абстрактілі әлеуметтік кеңістікте емес, әрекет ететін құқықтық құралдар мен құрылымдармен нақты байланысында қарастыру болып табылады. Осыдан келіп мұндай көзқарастың тәжірибелік мәні де шығады: құқық нормалары конфликтінің пайда болу, дамуына және шешілуіне әсер ете ала ма, ал егер ете алса оның тиімділігін қалай арттыруға болады, конфликтінің қандай элементтері құқықтық табиғатқа ие болуы мүмкін және қандай конфликт құқықтық деп танылуы мүмкін?

Түрлі конфликтілермен танысу құқықтық көзқарастар тұрғысынан олардың біртектес емес екендігі жөніндегі қорытындыға алып келеді. Мейлінше толық құқықтық аспектілер екі немесе бірнеше құқықтық нормалар арасындағы қарама-қайшылықтарға байланысты пайда болатын және дамитын конфликтілерде толық көрініс табады. Бұл құқықтық конфликтілер болып табылады (тар мағынада). Қарсыласушы тараптардың мүдделері мен ниеттері мұндай конфликтілерде құқықтық нормалардың мәне мен мағынасымен анықталады, қатысушылардың әрекеттері де осыған тікелей байланысты. Мұндай конфликтілердің басталуы да, аяқталуы да заңды құралдар мен рәсімдерді пайдаланумен тығыз байланысты [32].

Алайда конфликтінің көпшілігі заңды саладан тыс туындайды және даму үдерісі нәтижесінде ғана заңды белгілерге, өтпелі және аралас сипатқа ие болады. Мұндай конфликтілердің мотивациясы бастапқыдан заңды саладан алшақтау және ол экономикалық, ұлттық, әлеуметтік-жеке немесе қоғамдық мүдделермен байланысты. Бұл біртіндеп қана заңды нысанға айналатын «мүдделер қайшылығы» ұғымының толық мағынасы.

Мүдделер конфликтісіндегі құқықтық элемент түрлі деңгейдегі қарқында көрініс табуы мүмкін. Кейде бұл элемент өте әлсіз түрде көрініс тауып, басқа қозғаушы мотивтер белең алуы мүмкін. Мысалы, қызғаныш нәтижесінде пайда болатын жеке конфликт мотивациясында заңды рөлді қатысушылардың біреуінің конфликтіні криминалды салдарға алып келуі мүмкін деген күмән қорқынышы, сондықтан жағдайдың әрі қарай дамуын болдырмау үшін сақ болуы мүмкін. Көпшілік жағдайда мұнда эмоция басым болады және өнегелік (мүмкін діни) нормалар әрекет етеді.

Ал мұрагерлік дауларда, меншік құқығы жөніндегі кез-келген дауларда жеке тұлғалар немесе мекемелер заңға сүйене отырып өздерінің құқықтарын

талап еткенде құқықтық элемент мүлде басқа мәнге ие болады, яғни конфликт құқықтық деп танылуы үшін конфликтінің барлық элементтері мотивация, қатысушылары, объектісі ж.т.б. құқықтық сипатта болуы тиіс немесе жоқ дегенде бір элемент құқықтық белгілерге ие болуы жеткілікті.

Біз соңғы шешімді мақұлдай отыра, құқықтық конфликт деп дау қандай да болмасын тараптардың құқықтық қатынастарымен (олардың заңды мәні бар әрекеттері мен жағдайларымен) байланысты кез-келген конфликтіні тану керек деген пікірдеміз және сәйкесінше субъект немесе олардың мінез-құлық мотивациясы құқықтық белгілерге ие конфликт объектісі, ал конфликт құқықтық салдар туғызады.

«Құқықтық деп кез-келген мемлекетаралық конфликтілерді, соның ішінде шартпен байланысты емес тараптар арасындағы конфликтілерді есептеуге болады. Барлық еңбек, көптеген отбасылық, өндірістік, тұрмыстық және ұлтаралық конфликтілерді егер олар елдің конституциясын, аймақтар арасындағы келісім немесе билік тармақтарын, ұлт мәртебесі мен халық мәселесін қозғайтын болса табиғаты бойынша құқықтық деп танылады.

Осы жерге дейін біз құқықтық конфликтілерді оларға тән әлеуметтік конфликтілердің құрылымдық және функционалдық сипаттамалар тұрғысынан қарастырып келдік. Ендігі жерде заңды нысанға ие құқықтық конфликтілердің мінездемесін қарастыру маңызды, яғни құқықтық конфликтілердің түрлі құрылымдық функционалды сипаттамасын қарастыратын боламыз.

Құқықтық конфликт қатысушылары заңды және жеке тұлғалар болуы мүмкін. Заңды тұлғалар арасында талас-тартыс болған реттерде конфликт міндетті түрде заңды сипатқа ие болады, өйткені бұл субъектілер арасында құқықтық қатынас орнайды және мұндай конфликтілерді тек заңды жолмен ғана шешу мүмкін болады.

Ал конфликт жеке тұлғалар арасында туындаса, онда жағдай түрлі сипатқа ие болуы мүмкін. Жеке тұлғалар әдетте белгілі-бір құқықтық қатынас субъектілері болып табылады. Бұл олардың конфликтідегі мінез-құлқына әсер етеді. Белгілі-бір құқықтық қатынастағы қатысушы өз мінез-құлқын бар құқық нормаларымен өлшеп отыруы тиіс, жағдайдың ушығуын, өршуін құқық қорғау органдары «немқұрайлы қалдырмауы» мүмкін екенін ұмытпауы тиіс.

Конфликт субъектісі оның салдары нәтижесінде азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық процестің талапкер, жауапкер, жәбірленуші, күдікті немесе куәсі ретінде қатысушысы болуы мүмкін. Мұндай жағдай конфликт субъектісінің көпшілігінде туындайды. Кейбір жағдайларда конфликтінің құқықтық аспектісі таңдаулы, яғни барлығына емес, тек жекелеген қатысушыларға ғана қатысты болады. Мысалы жаппай тәртіпсіздік. Барлық қатысушылар мемлекет азаматы бола тұра, конституциялық міндеттермен байланысты болса да, қылмыстық кодекске сәйкес заңды қатынастар топтың бәріне емес жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар мен белсенді қатысушыларға ғана пайда болады.

Конфликтінің негізгі субъектілері қарсыласушы тараптар болып табылады. Алайда бұл конфликтіге қатысушылардың барлығын кең мағынада тікелей дауласушылар деп айтуға болмайды. Арандатушылар, пассивті куәлер мен

куәгерлер, делдалдар және басқа да тұлғалар болады. Қарсыласушы тараптар деп конфликтіде бір-біріне белсенді (шабуыл немесе қорғаныс) әрекеттерін жасайтын қатысушыларды айтады. Әр тарап бір уақытта көп қатысушылар қатысатын басқа да конфликтілерге тартылуы мүмкін. Сонда да қарсыласушы тараптар конфликтінің өзегі болып табылады. Егер оның біреуі қандай-да себеппен шығып қалса – конфликт тоқтайды (немесе қатысушылар құрамы өзгереді).

Сонымен құқықтық конфликт субъектілері – конфликтілік қатынас шеңберінде өзінің материалдық және материалдық емес мүдделерін жүзеге асырушы құқық субъектілері болып табылады. Құқықтық конфликт субъектілерінің белгілеріне мыналар жатады: әлеуметтік сипат, яғни субъектілер бұл индивидтер немесе адамдар ұжымы, әлеуметтік емес сипаттағы пәндер (жануарлар, материалдық және материалдық емес табиғат заттары, табиғи құбылыстар, апаттар) құқықтық конфликт субъектілері ретінде бола алмайды; құқық субъектілікке ие болу – құқықтық конфликтінің субъектілері тек құқық қабілеттілік пен әрекет қабілеттілікке ие тұлғалар бола алады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты құқық субъектілерін бірқатар негіздер бойынша ажыратуға болады. Құқықтық конфликт үдерісінде жүзеге асырылатын мүдделер сипатына байланысты: конфликт шеңберінде тікелей мүдделерді жүзеге асыратын субъектілер (қарсыласушы тараптар); конфликт шеңберінде өзгелердің мүдделерін қорғайтын субъектілер; конфликтіде жария мүдделерді қорғайтын субъектілер (органдар, лауазымды тұлғалар құқық қолдану қызметін жүзеге асырады); конфликт шеңберінде кәсіби мүдделерді жүзеге асырушы субъектілер.

Құрылым бойынша құқықтық конфликт субъектілері: жай (жеке) субъектілер (азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, шетелдіктер, босқындар, мәжбүрлі қоныс аударушылар ж.т.б); күрделі (ұжымдық) субъектілер болуы мүмкін. Соңғысы өз кезегінде: ұжымдық субъектілер – заңды тұлғалар (мемлекет, жария-құқықтық және жеке құқықтық заңды тұлғалар), заңды тұлға болып табылмайтын ұжым субъектілері (мемлекеттік мекемелер, діни конфессиялар, ұйымдасқан қылмыстық топтар).

Құқық субъектілік көлемі бойынша толық құқық субъектілікке ие және толық емес құқық субъектілікке ие субъектілер болып бөлінеді. Конфликт субъектілерінің құқық субъектілігі - бұл тұлғаның конфликтіге қатыса алуының және өздігінше саналы түрде конфликт шеңберінде өзінің заңды мәні бар мүдделерін жүзеге асыру немесе құқыққа қайшы әрекет жасағаны үшін жауапкершілік арқалай алудың әлеуетті және нақты мүмкіндігін сипаттайтын арнайы белгі.

Субъектілік құрамнан басқа құқықтық конфликт құрылымына оның объектісі де кіреді. Конфликт объектісі – пайда болу, өзгеруіне және тоқтатылуына конфликт әсер ететін қоғамдық қатынастар. Құқықтық конфликт объектісі болып жеке, топтық, қоғамдық, мемлекеттік мүдделердің мақсаттарын анықтайтын кез-келген материалдық әлемнің элементтері. Конфликтінің объектісі болу үшін бұл элемент оны өз бақылауында ұстауға ұмтылатын түрлі әлеуметтік субъектілердің мүдделері қиылысында болуы тиіс.

Құқықтық конфликт объектісін сипаттау барысында «конфликт пәні» категориясымен теңестіріп қарамау керек. Конфликт пәні ретінде тараптар арасындағы ұрыс-керіске себеп болған объективті түрде бар немесе ойдағы мәселе деп түсіну қажет. Тараптардың әрқайсысы бұл мәселенің өз пайдасына шешілетіндігіне мүдделі. Сонымен конфликт пәні – сол үшін және оны жүзеге асыру үшін тартысқа түсетін субъектілердің материалдық және материалдық емес мүдделері. Бұл билікке ұмтылу, құндылықтарды иемдену, бірінші болу ж.т.б. болуы мүмкін» [33, 20 б.].

Дау құқықтық конфликтінің нысаны ретінде. Құқықтық конфликт түсінігінің мазмұнын анықтауда оның әлеуметтік мазмұны емес құқықтық мазмұнын ашу маңызды, яғни құқықтың алдын-ала бекітілген, ресми мойындалған және процессуалды қамтамасыз етілген нысандағы түрі.

Назарға құқықтың табиғатының тек бір ғана негізгі сипаты – оның даулы ерекшелігі ғана алынады. Дау адамдар арасындағы қатынастың ерекшелігі деуге болады, ал ол өз кезегінде қоғамның құқықтық өмірінің әдісі ретінде сот институтын тарихи тұрғыда пайда болғызды.

Құқықтық конфликт жалпы өз табиғаты бойынша – даулы сипатқа және шешудің сотты нысанына ие. Құқықтық конфликтіні осы аспектіде талдау құқықтық конфликтілерді шешудің түрлі нысандарын түсіну үшін маңызды алғышарт болып табылады.

Дау әдетте сөздік жарыс ретінде, тараптардың әрқайсысы өзінің көзқарасын дәлелдеуге тырысатын ауызша немесе жазбаша айтысы, сайысы деп анықталады. Дау адамдар қарым-қатынасының ажырамас ерекшелігі, өзара түсіністікке келу мен нақты мәселелерді шешудің нысаны болып табылады [34, 38 б.]. Ол айтыс, пікірталас, полемика, диспут ж.т.б. көптеген түрлер арқылы көрініс табады.

Формальды түрде дау тараптардың қарама қайшы пікірлері ретінде және қандай да бір ойдың шынайылылығының дәлелі ретінде шығады. Ол қандай да бір құбылыстың мәртебесін анықтау үшін немесе бір нәрсені иелену құқығын бекітуге қызмет етуі мүмкін.

Конфликтінің құқықтық нысаны ретінде құқықтық дау концепциясы тек азаматтық емес, құқықтың басқа да салаларында кеңінен таралды. Салалық әдебиеттерде «құқықтық дау» термині бір-бірімен өзара құқықтар мен міндеттер арқылы байланысты нақты құқықтық қатынас субъектілерінің арасындағы дау деп айтылады [35, 73 б.]. Құқықтық дауды субъективтік құқықтарды жүзеге асыруға қарсылық ретінде анықтауды сәтті деп айтуға келмейді, өйткені құқықтық дау мұндай тұрғыда оның пайда болу себептеріне саяды. Сондай-ақ құқықтағы дауды құқық бұзушылықпен теңестіруге болмайды, ол тек құқықтық даудың пайда болуының бір себебі ғана болып табылады. Субъективтік құқықтардың бұзылуы автоматты түрде құқықтық дауды туғызбайды, өйткені тұлға субъективтік немесе объективтік себептерден оны туғызбауы мүмкін. Құқықтарды заңды мойындау жолымен шешілетін кез келген құқықтық дау құқық бұзушылықпен емес, даулау, келіспеушілікті білдірумен туындайды, құқықтары бұзылған тараптың субъективтік бағалауынан, жағдайдың даулы фактісінен тұрады және құқықтық қатынас қатысушыларының құқықтары мен

міндеттері көлемін анық емес немесе құқықтық қатынастың бар-жоғын нақты емес жағдайға қояды.

Құқықтық дау шеңберінде субъектінің заң рұқсат еткен өз құқықтарын қорғау құқығы жүзеге асырылады. Ол өз кезегінде бұзылған құқықтарды қалпына келтіруді, міндеттерді орындау, құқыққа қайшы әрекет салдары жою, зиянды өтеуді талап ету мүмкіндіктерінен көрініс табады.

Құқықтық дау – құқықтық қатынастағы оның дамуының белгілі бір сатысын сипаттайтын қарама-қайшылықтардың көрініс табу нысанының бірі [36, 42 б.]. Бұл қарама-қайшылықтар кез келген құқықтық қатынасқа тән. Құқықтар мен міндеттер арасындағы құқықтық қарама-қайшылықта құзіретті тұлғаның мүддесі оның пайда болуы қамтамасыз етуші фактор ретінде шығады. Алайда кез келген қарама-қайшылықтар шешімін табуы тиіс. Реттеуші құқықтық қатынастағы құқық пен міндеттер арасындағы қарама-қайшылықтар екі түрде шешімін табуы мүмкін. Ол қалыпты дамуы және құқықтар мен міндеттердің оң жүзеге асырылу түріндегі іс-әрекетпен аяқталуы мүмкін (сақтау, орындау, пайдалану). Бірақ құзіретті тұлғаның мүддесі бұзылған, дағдарыс күйіне түскен құқықтық қатынаста жүзеге асырыла алмайды. Реттеушілік құқықтық қатынас дағдарысы оның мазмұнын құрайтын құқықтар мен міндеттер арасындағы қарама-қайшылықтардың шиеленіскен нысаны болып табылады. Ол тепе-теңдіктің бұзылуымен және оның құрылымының өзгеруімен сипатталады. Ол бұл құқықтық қатынас шеңберінде даму, шешілуі мүмкін болмайтын конфликтілік жағдайдың негізін қалайды. Дәл осы қарама-қайшылық сипатының өзгеруі құқықтық дау мәнін ашудың конфликтілік тұрғысының пайда болуын негіздейді.

Құқықтық дау – құқық субъектілерінің арасында олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты конфликтінің құқықтық нысаны болып табылады. Құқықтық дау категориясы осы орайда құқықтық құрылым ретінде қарастырылады. Оның көмегімен нақты конфликтілерді тауып, дағдарыс күйіне түскен құқықтық қатынасты қалыпқа келтіруге болады.

Дауласушы тараптардың өзара жағдайы олардың әрқайсысына дауды жойып, өз құқықтық ниеттерін өздері қалауынша жүзеге асыруға бөгет болады. Дауды жою екі жақтың бірлесе реттеу жолымен (келісім негізінде) немесе құқықты мәжбүрлі түрде жүзеге асыру үшін құзіретті органға жүгіне отырып құқықтық тәртіпте мүмкін болады.

Құқықтық дау келісе алмаушылық ретінде де көрініс табуы мүмкін, ол өз кезегінде мынадай екі пайымдаудан көрініс табады: біріншіден даудың ең болмағанда біреуінің олардың арасында белгілі бір құқықтық қатынас бар екендігі жөніндегі пайымдауында; екіншіден дау қатысушысының басқа дауласушы субъектілермен субъективтік құқық бұзылғандығы немесе даулауы жөніндегі пайымдауы. Сәйкесінше дау болуы үшін құқықтық қатынастың бір тарапының өз пайымдауының, пікірінің болуы жеткілікті. «Келісе алмаушылық» түсінігі (құқыққа қатысты) өте кең мағынаны қамтиды және бірқатар жағдайда оған ерекше құқықтық мән беріледі. «Келіспеушілік, келісе алмаушылық» түсінігін юридизациялау кез келген құқықтық қатынасқа тән қарама-

қайшылықтардың дамуы мен көрініс табуының ерекшеліктерімен тараптардың (міндетті) мінез-құлқының ерекшеліктерімен түсіндіріледі [37, 105 б.].

Даудың пайда болуына бастапқы әрекет ретінде міндеттерді орындамау немесе тиісті түрде орындамау не құқықты даулау деп қарастырған жөн. Өз кезегінде қарсы тарап өз құқықтарының бұзылғандығы жөнінде және оны қалпына келтіруді талап ете отыра, міндеттердің орындалмағанына және құқыққа қайшы мінез-құлыққа қарсылық білдіреді. Дау қатысушыларының арасындағы құқық туралы келісе алмаушылық – бұл құқықтық тең тараптардың келіспеушілігі. Салдарынан олар дауда бір-біріне құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігін шығарып тастайды. Осыған байланысты олардың мәжбүрлі түрде шешуі құқықтық қорғауды жүзеге асыратын заң органдарының араласуын талап етеді.

Құқықтық дау тек конфликтіден туындамайды және құқық бұзушылық қана оның пайда болу негізі ретінде қарастырылмайды, сондай-ақ ол өзі конфликтінің ерекше құқықтық нысаны ретінде қарастырылады.

Құқықтық дау құқық бұзушылық болмаса да пайда болуы мүмкін: негізделмеген талаптар ұсынылса, адал ниетті қателесу кезінде ж.т.б. негізсіз құқықтық талап қою тұлға құқықтарын біреу бұзып жатыр немесе даулап жатыр деп қателесіп санап, дауды туындатып жатса орын алады. Нәтижесінде бұл тұлға басқа тараптың әрекеттерін даулай отыра, өзіне тиесілі емес игіліктерге қол сұғып жатады. Басқа тарап болса өз құқықтарын қорғау үшін дауға араласады.

Осылайша құқық туралы дау құқықтық конфликт ретінде шығатын құқық бұзушылықпен байланысты және оның шешілуіне себепші болуы мүмкін. Құқықтық дау құқық бұзушылыққа қарағанда позитивті мәнге ие, өйткені субъектіге заңды рәсімдер шеңберінде субъективті құқықтар мен заңды мүдделерді жүзеге асыру үшін бөгеттерді жою мүмкіндігіне жол ашады. Құқықтық конфликтінің позитивті түрі ретінде оны құқық бұзушылықтан ажырататын бірқатар белгілерге ие. Бұл белгілер оның қызметтері арқылы көрініс табады: құқық қорғау, оңтайландыру, бақылау, реттеу, құқық құрушы, құқықтық тәртіпті тұрақтандыру қызметтері.

Салалық ғылымдарда құқықтық даулар құқықтық қатынас қатысушыларының (мемлекеттік органдарды қоса алғанда) әрекеттерінен немесе негізделмеген әрекетсіздіктен (міндеттерді орындаудан жалтару) басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда пайда болатын келіспеушіліктер мен конфликтілер деп талқыланады [38, 56 б.]. Алайда құқық туралы дау бір уақытта бұл екі түсінік арқылы анықтала алмайды. Дауға қатысты «конфликт» түсінігі тараптар мүдделерінің қақтығысы ретінде келіспеушіліктер мен өткір күрес ретінде сипатталады.

Құқықтық даудың материалдық аспектідегі түсінігі оны процессуалды-құқықтық түсінуге жетелейді және олардың екеуін де бір даулы қатынасқа қолдануға болады [39, 162 б.]. Дау арыз құқықтық органмен қарастырылуға қабылданып алынғаннан кейін процессуалдық категорияға айналады және осы тұрғыда үш міндетті белгілермен сипатталады: тараптар арасындағы материалды-құқықтық қатынастың алдын-ала болуы; тараптардың біреуінің

немесе екеуінің де заңды міндеттерін орындамау мүмкіндігі; құзырлы органмен бекітілген тәртіпте қарастыру.

Құқықтық дауды анықтау және оның түрлерін жіктеу оның құқықтық құрылымын сипаттау үшін теориялық негіз құрады [40, 234 б.]. Құқықтық құрылым қазіргі құқық теориясында құқықтық мазмұны мен оның ішкі нысаны маңызды мәнге ие элемент ретінде қарастырылады. Құқықтық құрылымдар әдетте «құрам», «құрылыс», «мазмұн», «механизм» терминдерімен негізделеді.

Құқықтық даудың құқықтық құрылымын құру үшін «құқық бұзушылық құрамы» категориясы арқылы көрінетін үлгіні қолдануға болады. Алайда құқықтық даудың құрылымын құқық бұзушылық құрамы үлгісімен құру орынсыз, өйткені олардың құқықтық табиғаттары әртүрлі, олар түрлі құқықтық құбылыстар болып табылады.

Қорытындылай келе қазіргі уақытта құқықтық конфликт анықтамасына бірыңғай көзқарас жоқ екенін айту керек.

Құқықтық конфликт деп біз адамдар арасындағы әлеуметтік-құқықтық байланыс пен қатынастың қалыпты көрінісі, көзқарастар, мүдделердің сәйкессіздіктерінің қақтығысы кезінде өзара әрекеттесу тәсілі, өз мақсаттарын көздейтін екі немесе одан көп тараптардың өзара байланысты қарсыласуы деп түсінеміз.

Біз құқықтық конфликт деп дау қандай да болмасын тараптардың құқықтық қатынастарымен (олардың заңды мәні бар әрекеттері мен жағдайларымен) байланысты кез келген конфликтіні тану керек деген пікірдеміз және сәйкесінше субъект немесе олардың мінез-құлық мотивациясы құқықтық белгілерге ие конфликт объектісі, ал конфликт құқықтық салдар туғызады.

Құқықтық деп кез келген мемлекетаралық конфликтілерді, соның ішінде шартпен байланысты емес тараптар арасындағы конфликтілерді есептеуге болады.

Барлық еңбек, көптеген отбасылық, өндірістік, тұрмыстық және ұлтаралық конфликтілерді егер олар елдің конституциясын, аймақтар арасындағы келісім немесе билік тармақтарын, ұлт мәртебесі мен халық мәселесін қозғайтын болса, табиғаты бойынша құқықтық деп танылады.

1.2 Дауларды балама шешу (ADR) түсінігі, негізгі түрлері

Дамудың жаңа кезеңіндегі Қазақстандағы дауларды балама шешу мәселесі өте күрделі, ауқымды және салааралық болып табылады, өйткені құқықтың бірнеше саласының азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және халықаралық құқық тоғысындағы зерттеу тақырыбы болып табылады.

Дауларды реттеудің тәсілдері ретінде балама рәсімдерді қазіргі уақыттағы әлемнің экономикалық жағынан дамыған барлық елдерінде пайда болып, белсенді түрде қолданылып жатқан құқықты соттан тыс қорғау нысаны деп анықтауға болады.

Дауларды балама шешу тәсілдері ТМД-ның көптеген елдерінде белсенді түрде енгізіліп жатыр. Дауларды балама шешудің барлық дерлік нысандары

Қазақстан заңдарында заңды бекітілген деп айтуға болады. Қазақстан Республикасында алғашқы болып арбитраж заңнамалық тұрғыда бекітілді. 1993 жылдан бастап Қазақстанда арбитраж қолданылып келеді. 2016 ж. 08 сәуірінде Төрелік туралы Заң [41] қабылданды. 2011 ж. 28 қаңтарда ҚР медиация туралы Заңы [3] қабылданды. 2015 ж. 31 қазанда ҚР Азаматтық процестік кодексіне[42] «Татуластыру рәсімдері» атты 17 тарау енгізілді.

Аталған дауларды балама шешу тәсілдері Заң тұрғысынан бекітілсе де тәжірибеде кеңінен қолданылып кете қойған жоқ.

Сыртқы экономикалық дауларды реттеудің құралы ретінде балама рәсімдерді құқықты соттан тыс қорғау нысаны деп анықтауға болады. Түрлі даулар туындағанда ә дегенде өзіне қарсылас қойып алу дұрыс емес, алдымен келіспеушіліктер білдіріп, өз талаптарын негіздеген жөн. Тараптар сотқа бармай ақ дауды өздері шеше алатынын ескеру қажет. Мұны біз дауларды балама түрде шешу жолы деп түсінеміз. Дауларды шешудің балама тәсілдері түсінігіндегі «балама» сөзі біршама келіспеушіліктерге алып келеді. Бірқатар ғалымдар оны ұлттық (мемлекеттік) соттарға балама мағынасында қарастырса, басқалары дауларды шешудің балама тәсілдерінен арбитражды бөліп алып, ұлттық және арбитражды соттарға балама ретінде қарастырады.

Қазіргі уақытқа дейін дауды балама түрде шешу дауларды жария тәртіпте шешуге қарсы пайда болған жеке жүйе деген түсінік болды. Сондықтан да балама әдістерге арбитражды қоса алғанда барлық соттан тыс рәсімдер жатқызылып келді. Конфликтілерді реттеуде ең көп таралған түрі арбитраж болды, әсіресе коммерциялық салада. Алайда басқа балама тәсілдерге қарағанда оның шешімі міндетті және мемлекеттік соттардың шешімі секілді мәжбүрлі орындатуға жатады. Лоуренс Фридманның пайымдауынша арбитраж жария және жекені араластырып жасаған «коктейль» іспеттес [43, 213 б.].

Бұл түсінік дауды реттеудің жеке немесе түрлі комбинацияларында қолданыла беретін механизмдерді қамтиды (мысалы келісім - делдалдық, делдалдық – арбитраж және т.б) деген «балама» терминін бағалауда басқа көзқарас бар. Мұндай жағдайда «балама» соттан тыс тәсілдер арасынан мүмкін болар нұсқаны таңдауды білдіреді.

Ең алдымен дауларды шешудің балама тәсілдерінің мәнін дұрыс түсіну үшін ол сот әділдігінің түрі болып табылмайтынын айта кету керек. Құқықты қорғау – ол үмітті мақсат, алайда ол көп жағдайда тараптардың өзара келісіміне негізделген балама тәсілдер арқылы бола бермейді. Дауларды балама шешудің басым мақсаты болып құқықтық салада туындайтын дауларды жылдам, ресми емес және түпкілікті шешу табылады. Дәл осы мақсат балама рәсімдердің ерекшеліктерін және оның сот өндірісінен айырмашылығын айқындайды.

Сот әділдігіне қатысты дауларды балама түрде шешу сот әділдігін алмастырмайтын және алмастыра да алмайтын, оған деген жолды бөгемейтін және бөгет бола алмайтын, онымен бәсекелеспейтін керісінше елеулі түрде дауларды шешуге көмектесе отырып ынтымақтасатын қосалқы жүйе болып табылады. Дауларды балама шешуді осылайша түсіну «тыйым салынбағанның бәріне рұқсат» құқықтың демократиялық формуласына сәйкес, дауларды реттеудің балама механизмдерінің кеңінен таралуы үшін мол мүмкіндік береді.

«Дауларды балама шешу» термині (Alternative Disput Resolution – ADR) сот әділдігіне қарама-қарсы пайда болған конфликтілерді икемді және ресми емес рәсімдер (кейіннен оның баламасы болды) арқылы реттеуді белгілеу үшін АҚШ та алғашқылардың бірі болып қолданыла бастады. Бүгінде ол ресми болып табылады және құқық теориясында ғана емес сондай-ақ көптеген елдердің заңдарында кеңінен қолданысқа ие [44, 17 б.].

Шет елдердің құқық жүйесінде дауларды шешу (Dispute Resolution) түсінігі қалыптасқан. Америка адвокаттар ассоциациясы өз сайттарында бұл түсінікке келесідей анықтама береді – «дауларды шешу» - конфликтілерді, дауларды немесе шағымдарды шешу үшін қолдануға болатын термин [45]. Егер нақты дауларды шешу тәсілдері жөніндегі сұрақ туындайтын болса, онда «дауды шешу нысандары» немесе «дауды шешу тәсілдері» терминдері қолданылады. Дауды мемлекеттік соттарға жүгінбей реттеу тәсілдері «балама» түсінігімен сипатталады. «Балама» сөзінің мәнін «дауларды балама шешу әдістері» түсінігінде кеңінен талқылауға болады. В.А. Ойгензихт пайымдауынша «балама азаматтық құқыққа тән диспозитивтіліктің көрініс табуы болып табылады, яғни азаматтар құқық пен міндеттерді ала отырып, оларды пайдалануды жүзеге асыру қабілетін, құқық қабілеттілікті өз қалауынша жүзеге асырады. Сонымен қатар, «балама диспозитивті норма негізінде тараптардың ерік білдіруі мен келісімі негізінде ғана мүмкін [46, 129 б.].

Сондықтан дауды реттеудің барлық әдістері шартты ерекшелігі арқылы өзара байланысты және олардың әрқайсысы тараптардың консенсуалды шартқа келуін білдіреді.

Дауларды балама шешу түсінігіне ғалымдар төмендегідей анықтамалар береді.

Дауларды балама шешу (реттеу) әдістері туындаған дауларды реттеу бойынша тараптар мен басқа да тұлғалардың өзара байланысты әрекеттерінің жүйесін білдіреді. Олар өз кезегінде тараптардың ерікті түрде ерік білдіруі негізінде жүзеге асырылатын татуластыру немесе басқа да тыйым салынбаған рәсімдерді пайдалана отырып дауларды соттан тыс реттеуге немесе шешуге бағытталған [47, 124 б.].

Келесі автор, «дауларды балама шешу – нақты жағдайға байланысты конфликтіні реттеу және дауды шешудің кез-келген заңмен тыйым салынбаған әдістерін даулы құқықтық қатынас субъектілерінің өздері таңдау құқығы деп түсінсе [48, 141 б.], басқа автор «Дауларды балама шешу – конфликтіге соттан тыс әсер ету әдісі, оның мақсаты конфликт тараптары арасындағы қарама-қайшылықты жою немесе қатысушылар үшін конфликтінің негативті салдарын азайту болып табылады» деп есептейді [49, 78 б.].

Көптеген авторлар дауларды балама шешу (реттеу) әдістерінің жекелеген түрлерін зерттегенде «рәсімдер» терминін де қолданады. «Дауларды реттеу және құқықтық конфликтілерді реттеу әдістері деп заңнамамен немесе тараптардың келісімімен реттелетін мемлекеттік немесе мемлекеттік емес (жеке) рәсімдер: мемлекеттік сот өндірісі, аралық сот, татуластыру рәсімдері және тағы басқалары» деп түсіндіреді [50, 14 б.].

Дауларды балама шешу түсінігіне байланысты келтірілген анықтамалардан «әдістер», «рәсімдер», «түрлері», «нысандары» терминдерін қолданғанын байқаймыз.

Сондай-ақ әдебиеттерде «соттан тыс нысандар», «сотқа дейінгі нысандар» терминдері жиі қолданылады. Бұл өз кезегінде жекелеген рәсімдер жиынтығын қамтиды (мысалы азаматтық-құқықтық дауларға аралық іс жүргізу мен талап қою арқылы дауларды реттеу қолданылады). «Дауларды және конфликтілерді балама шешу» түсінігін пайдалану соттан тыс жүйеде ғана емес сондай-ақ оның ішінде де түрлі рәсімдердің дамуына кең мүмкіндік береді.

Сондықтан дауларды балама шешу жүйесін қалыптастыру жолында құқықтық жүйенің элементі ретінде ол екі негізгі бағытта пайда болды және дамып жатыр: сот жүйесі шеңберінде, яғни жария және жеке құқықтық реттеу саласында. Бұл екі бағыт бір-біріне әсер ете отырып өзара әрекеттеседі (мысалы арбитражды сот өзінің табиғаты бойынша жариялылық элементі бар жеке құқық институты болып табылады, яғни оның шешімі мемлекетпен кепілдік беріле отырып мәжбүрлі орындатылуға жатады). Дауларды балама шешудің дамуында осы екі бағытты есепке алу, құқықты жеке және жарияға бөліп қарастыратын қазақстандық құқық жүйесінің дамуында теориялық және тәжірибелік маңызға ие болып табылады.

Жоғарыдағы келтірілген жайттарды ескере отырып, қазіргі жағдайда құқықтық кофликтілерді шешудің мемлекеттік емес тәсілдерін құру мен дамыту мәселелері ерекше өзекті болып жатқанын айту керек. Олар мемлекеттік сот әділдігіне балама ретінде қарастырылады, сондықтан да дауларды шешудің балама нысандары немесе тәсілдері, әдістері, рәсімдері деп те айтылады. Авторлар бұл терминдерді синоним ретінде қолдана береді. [51, 88 б.]

Дауларды және конфликтілерді шешудің балама нысандары деп сот жүйесінен тыс және оның ішінде қолданылатын дауларды (конфликтілерді) шешудің рәсімдері мен тәсілдері деп түсінеміз. Балама нысандарды жеке механизмдер ретінде емес, бүтіндей құқықтық даулар мен конфликтілерді шешудің балама жүйесін құрайтын элементтер жиынтығы ретінде қарастыру керек. Бұл жүйенің әрі қарай дамудағы болашағы орасан зор болып табылады.

«Құқықтық дауларды және конфликтілерді балама шешудің жүйесі» түсінігінің өзі қарама-қайшылықты шешудің кешенді механизмінің бар екендігін көрсетеді. Олар өз кезегінде тиімділік және икемділік ерекшелігімен конфликтілерді реттеудің дәстүрлі әдістерін алмастырады.

Дауларды балама шешу жүйесі – құқықтық қатынас субъектілерінің арасында туындайтын дауларды соттан тыс реттеу және шешу рәсімдерін қалыптастыратын құралдар мен механизмдер жиынтығын білдіреді. Дауларды балама шешудің түпкілікті мақсаты – конфликтіні оның барлық қатысушылары үшін минималдар шығындармен шешу.

Осыған байланысты дауларды балама шешу жүйесі конфлитологиядағы конфликтілік жағдайларды шешудің 3 негізгі позицияларының – күш, құқық және мүдденің ара-қатынасынан түзіледі.

Күш позициясы – бір тараптың мүддесі басқа тараптың күшінің басымдылығымен жаншылуы деп түсіндіріледі. Ол өз кезегінде физикалық күш,

сан жағынан немесе техникалық артықшылықтар, қаржылай, мәртебе және басқа да түрлерде болуы мүмкін. Мұндай тәсіл мәселені тез шешуді және нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Құқық позициясы – сотта, арбитраж немесе аралық сотта қандай да ереже, норматив, нұсқаулық, заң қолданатын реттерде жұмыс жасайды. Сонымен қатар мұндай тәсіл атқарушылық өндіріс рәсімдерін, «іскерлік айналым әдеттерін, кәсіби және этикалық стандарттарды қолдана отырып қысым жасауды да қамтуы мүмкін. Сот талқылауы тараптардың қарсыласуын білдіреді және олардың арасындағы қарым-қатынастың одан әрі бұзылуына алып келеді. Сот шешімінің шығуы конфликтіні шешуді білдірмейді, керісінше оның тереңдеп кетуіне әсер етіп жататын кездер көп. Бұл жерде жеңілген тарап қана емес, жеңіске жеткен тараптың өзі нәтижеге қанағаттанбауы мүмкін.

Мүдделер позициясы – дауды шешу үшін тараптар даудың туындау себебін анықтап, мүмкіндігінше зиян келген мүдделерді қанағаттандыруға тырысады.

Дауларды балама шешу конфликтілерді мүдделер позициясында шешу құралы болып табылады. Дауларды балама шешуді қолданудың негізгі алғышарттары бар. Олар:

- тараптардың дауларды келіссөздер арқылы шеше отырып, арадағы қарым-қатынасты сақтап қалуға ниеттерінің болуы;
- конфликтіні шешудің құқықтық шеңбері, тараптардың барлығын қанағаттандыратындай шешімнің шығуына мүмкіндік бермейді;
- ұзақ уақытқа созылған қарым-қатынасты сақтап қалу үшін немесе тоқтату үшін (мысалы отбасылық конфликтілер, көршілермен конфликт, серіктестік қарым-қатынас ж.т.б.) арнайы құралдармен шешу қажеттілігі туындайды;
- конфликт тараптары арасында көптеген рәсімдер бар немесе конфликт кешенді сипатқа ие;
- жағдай жоғары құпиялылық деңгейі мен тараптар арасында жеке талқылауды талап етеді;
- конфликт сот процесінің тікелей қатысушыларын ғана емес, көптеген қатысушылардың мүдделерін қозғайды;
- дауларды шешуде шығындарды қысқарту қажеттілігі;
- тараптар конфликтіні ресми емес жағдайларда шешкісі келеді;
- тараптар конфликтіні тез арада шешкісі келеді.

Алайда бірқатар жағдайларда дауларды балама шешуді қолдану тиімсіз екенін айта кету керек:

- дауды шешу прецедентке айналса немесе жоғары қоғамдық мәнге ие болса;
- биліктік теңсіздік бар болса немесе конфликтінің бір тарабының өз мүддесін қорғайтын мүмкіндігі болмаса;
- конфликтінің бір тарабының денсаулық жағдайы дауды балама шешуге қатысуға мүмкіндік бермесе;
- конфликтінің бір жағы дауды бейбіт түрде реттеуді қаламайды және оны анық түрде көрсетеді.

Дауларды шешудің балама әдістерінің өздеріне тән белгілері:

- Тараптар таңдаған дауларды балама шешудің әдісінің заңмен бекітілген бірыңғай процессуалдық нысанының болмауы;

- құқық туралы даудың немесе тараптардың заңды мүддесінің конфликтісінің болуы міндетті;

- жалпы ереже бойынша дауды шешу және құқықтық конфликтілерді реттеу жеке салада яғни мемлекеттік органдардың қатысуы минималды деңгейде болуы;

- Дауды шешудің балама әдістерін қолдану актілерін тараптардың ерікті орындауы (аралық сот шешімдері, дауды реттеу бойынша келісім ж.т.б);

- жалпы ереже бойынша Дауды балама шешу шеңберінде мәжбүрлі орындату мүмкіндігінің болмауы (ол үшін мемлекеттік уәкілетті органдарға жүгіну қажет).

Дауласушы тараптардың арасында келісімге келуге негізделген дауларды шешудің балама нысандарының, тәсілдерінің артықшылықтарына:

- конфликтіні шешу үшін тараптардың бейтарап үшінші тұлғаны дербес таңдау мүмкіндігі;

- істі реттеу рәсімін тараптардың әрқайсысының бақылай алу мүмкіндігінің болуы;

- уақытты үнемдей отырып, материалдық шығындарды да азайту мүмкіндігі;

- екі тараптың да тиімді нәтижеге жету үшін мол мүмкіндіктер;

- рәсімдердің құпиялылығы (үшінші тұлғалардың дау жағдайымен танысу мүмкіндігінің болмауы – коммерциялық және жеке құпияның сақталу кепілдігі);

- өз беделін үшінші тұлғаның алдында сақтай отырып, сотқа жүгінбей-ақ дау туындаған серіктеспен іскерлік қатынасты сақтап қалу мүмкіндігі.

Даулар мен конфликтілерді балама шешудің оң жақтары мен салдарының көптігіне қарамастан, кемшіліктері барын да айта кету керек:

- күрделі құқықтық сұрақтары бар даулар үшін балама нысандар қолайлы емес (олар көбінесе құқықтарды белгілеуде емес, фактілерді айқындау сұрақтарында қолданылуы тиімді);

- консенсуалды табиғаты бар балама рәсімдерді көп тарап қатысатын даулар бойынша қолдану тиімсіз болуы мүмкін, өйткені екі тараптың арасында келісімге келу оңай емес, ал енді олар одан көп болса бұл мақсатқа жету тіптен мүмкін емес деп айтуға болады.

- балама әдістерді қолдану тараптардың арасында минималды болсын серіктестікті талап етеді (мұны негізі артықшылық деп айтуға да болады, бірақ кейде шектеуші айғаққа айналады). Егер тараптар бір-бірімен байланысқа шығуға құлқы болмаса, балама әдістерді қолданудың мәні қалмайды.

- бір тараптың конфликтілерді балама шешуді қолдану бойынша ұсынысы екінші тараппен даудағы оның әлсіздік танытуы, кінәсін мойындауы және мемлекеттік соттан негізсіз жалтару әдісі деп қарастырылуы мүмкін. Тараптардың бірінің татуластыру рәсімдерінің мәнін бұлайша теріс түсінуі барысында дауды соттың араласуынсыз шешу мүмкіндігі жөнінде айтудың өзі артық;

- конфликтілерді балама шешуді қолдауды тежеуші себептері ретінде дау тараптарының сот шешіміне аппеляция құқығын сақтау мүмкіндігі немесе мәселеге қоғамдық назар аударту немесе тараптардың біріне дауды шешудің кейінге қалдырылғаны қолайлы болуы себептерін де жатқызуға болады [36, 42 б.].

Алайда бұл айтылған кемшіліктер балама рәсімдерді түсінбеу немесе дұрыс қолданбаумен байланысты болып табылады, яғни конфликтілерді шешудің балама жүйесіне ғана тән деп айтуға болмайды.

Балама рәсімдер даулы жағдайлар мен нақты істің мән-жайына сәйкес келіп тұрғанда ғана оның артықшылықтары тиімді, ал кемшіліктері минималды болады. Сондықтан да дау қатысушыларының балама нысандардың ішінен сәйкес тәсілді дұрыс таңдау мәселесі өзекті болып табылады.

Дауларды балама шешу – тараптардың келісімге келуі үшін, қажет болған жағдайда пікірі ұсыныс түрінде немесе міндетті болып табылатын үшінші бейтарап тұлғаны тарта отырып қолданатын әдіс-тәсілдердің жиынтығы [10, 116 б.] деп есептейді М. К. Сүлейменов.

Сонымен құқықтық даулар мен конфликтілерді балама шешу – келіспеушіліктер мен қарама-қайшылықтарды балама (мемлекеттік емес) нысандар көмегімен шешу болып табылады. Құқықтық даулар мен конфликтілерді шешудің балама нысандары (әдістері, рәсімдері) – оларды жылдам және тиімді түрде, аз күш, уақыт және қаражат жұмсай отырып реттеуді қамтамасыз етуі тиіс.

Құқық тәжірибесінде келесідей мемлекеттік емес нысандар (рәсімдер) танымал болып табылады:

- пайда болған конфликтілерді дауласушы тараптардың күшімен түрлі татуластыру рәсімдерін жүзеге асыру жолымен реттеу, (тікелей дауласушы тараптардың келісімге келуі, немесе экономикалық конфликтілерде – талап қою өндірісімен реттеу);
- құқықтық конфликтілерді делдалдар көмегімен реттеу;
- конфликтілерді аралық соттарда қарастыру және шешу;
- тараптардың бітімгершілік келісімге келуі.

Жалпы дауларды шешудің балама тәсілдерін 3 негізгі түрге бөлуге болады:

1. Келіссөздер (*negatiation*) – тікелей тараптардың яғни басқа тұлғаларды қатыстырмай дауды реттеуі;
2. Делдалдық (*mediation*) – тараптардың келісімге келуіне ықпал ететін тәуелсіз, бейтарап үшінші тұлғамен даудың реттелуі;
3. Арбитраж (*arbitration*) – тараптар үшін орындалуы міндетті шешім шығаратын тәуелсіз, бейтарап – арбитр көмегімен дауды шешу.

Бұл негізгі түрлердің элементтері түрлі нұсқада араласуы мүмкін. Мысалы келіссөздер әрқашан кез келген басқа рәсім түрінің бөлігі бола алады. Осыған байланысты А.А. Брыжинский конфликтілерді шешудің барлық балама нысандарын (әдістерін, рәсімдерін) былайша бөлуге болады деген пікірде:

- дербес нысандар (келіссөздер, делдалдық, арбитраж, бітімгерлік келісім);

- аралас нысандар, яғни негізгі рәсімдер элементтерін түрлі нұсқада үйлестіретін нысандар («делдалдық – арбитраж», «келіссөздер – бітімгершілік») [52, 34 б.].

Марк Хьюлитт Джеймс пен Николас Гоулд пікірінше батыстағы ең көп таралған балама нысандар мыналар:

Делдалдық (*mediation*) – көптеген заңгерлер үшін «делдалдық» пен «бітімгершілік» түсініктері синонимдер болып табылады. Делдалдықта тараптар арасындағы келісімге сай бекітілген делдал бітім келісімге келу бойынша келіссөздер жүргізуге көмектеседі. Ол мұны әрқайсысымен істің күшті және әлсіз тұстарына мән бере отырып, жеке талқылау жолымен немесе тараптардың қалауы бойынша біріккен жиналыста келіссөздер жүргізу арқылы да жүзеге асыруы мүмкін.

Бітімгершілік (татуласу) – бұл үдеріс делдалдыққа өте ұқсас, алайда бір айырмашылығы бар: бітімгер даудың әділ реттелуінің дұрыс жолын таңдауды шешеді. Бұл шешім тараптарға ұсынылады. Ұсыныс қабылдануы мүмкін немесе әрі қарай келіссөздер жүргізілуі үшін негіз болуы мүмкін. Алайда тараптар үшін орындалуы міндетті болып табылмайды.

Шағын соттар – алқалар алдында істің мән-жайын баяндайтын тараптардың өкілдері қатысады. Алқалар әдетте әр тараптың аға орындаушыларынан құралады. Олардың өздері өкілдік ететін тараптарын бітімгершілік келісім жасауға міндеттеу және кейде бейтарап төраға тағайындауға өкілеттілігі болады. Істің мән-жайын баяндау қатаң түрде шектелген уақыт кезеңінде жүзеге асырылады (көбіне таңертең немесе түстен кейін). Бұл рәсімнің мақсаты болып орындаушыларға екі тараптың іс бойынша ең қажетті, маңызды деп нені қарастыратының, олардың қарсыластарының істің мән-жайының әлсіз тұстарын қысқаша баяндауы. Осыған байланысты аға орындаушылар даудың мән-жайы бойынша өз көзқарастарын қалыптастырып, оның негізінде әрі қарай бітімгершілік жолмен шешу бойынша келіссөздер жүргізуді жалғастыра алады.

Міндетті емес арбитраж немесе сарапшылардың қорытындысы - тараптар нақты даулы сұрақ немесе сұрақтар бойынша сараптамалық негіздеме жүзеге асыру үшін немесе аз көлемдегі дәлелдемелер негізінде қорытынды шығару үшін бейтарап тұлғаны (қатаң түрде арбитр болуы міндетті емес) тағайындауы мүмкін. Бұл тараптар арасындағы даулы мәселе техникалық сипатта болса тәжірибелік мәні бар рәсім болып табылады. Сарапшылардың қорытындысы тараптар үшін міндетті сипатта емес. Бітімгердің ұсынысы секілді, тараптар сарапшы қорытындысын қабылдауы мүмкін немесе әрі қарай келіссөздер жүргізуі үшін негіз ретінде пайдалану мүмкін. Даудың жекелеген сұрақтарына қатысты болған кезде сараптама қорытындысы платформа ретінде қызмет етуі мүмкін. Оның негізінде дауды тұтастай шешу бойынша келіссөздер жүргізуге болады [53, б.].

Американдық автор Кимберли Ковач дауларды балама шешу әдістерін үш негізгі түрге бөліп қарастырады: шешім шығаруды көздейтін (*adjudicative*), бағалайтын (*evaluative*), және келістіруші (*facilitative*). Осы аталғандардың шеңберінде түрлі рәсімдер қызмет атқарады. Ең көп таралған түрі медиация-

арбитраж (*med-arb*). Онда медиациядан кейін іс арбитражда қараумен жалғастырылады. Одан басқа келесідей рәсімдер қолданылады:

- Жеке немесе арнайы судья (*private/specialjudjing*) яғни тараптар бұрын судья болған немесе отставкадағы судьяны жалдайды. Бұл рәсім «судьяны жалға алу» (*rent a judje*) деп те аталады.

- арбитраж және оның түрлері: жеке шартты арбитраж, соңғы шешім шығарушы арбитраж (*final offerarbitration*). Мұндай арбитражда тараптар арбитрге шешім нұсқаларын өздері ұсынады. Арбитр тараптар анықтаған шекарадан шықпай бір шешім таңдауы тиіс. Сондай-ақ сотқа қосылған арбитраж түрі де бар (court-annexedarbitration). Мұнда судья дауды арбитраж қарауына береді, алайда арбитраж шешімімен келіспеген тарап істі сотта қарауды талап етуге құқығы бар;

- істі тәуелсіз бағалау (*neutralcaseevaluation*). Бейтарап тұлға істің мән-жайын тараптармен ортақ талқылауды ұйымдастырып, кейіннен өзінің объективті, ешнәрсеге міндеттемейтін, құпия бағасын береді;

- жеңілдетілген сот алқасы (*summaryjuritrial*) – судья төрағалығымен қысқартылған квази-сот процесі. Алқалар шешімі тараптар үшін міндетті емес, алайда дауды бітімгершілік реттеу мақсатында тараптармен қолданылуы мүмкін;

- шағын сот (*mini-trial*) – дауды шешудің бірқатар балама әдістерінің қосындысы: келіссөздер, істі тәуелсіз бағалау, медиация. Тәжірибелі кеңесші жетекшілігімен жүзеге асырылады;

- келістіру рәсімі – тәуелсіз тұлға шешім шығармайды және бағалау пікірлерін айтпайды. Ол тек тараптарға дауды шешуге көмектеседі. Келістіру рәсімінің үш түрі бар: медиация, татуласу, келісімге келу;

- аралас рәсімдер. [54. 14 б.]

Автор ең көп таралған рәсімдер түрлерін былайша келтіреді:

1) Шағын соттар;
2) Арбитрация;
3) Сараптамалық бағалау;
4) Медиация;
5) Негоциация (ағылшын тілінен negotio – келіссөз жүргізу);
6) Фасилитация (латын тілінен fas – рұқсат етілген) – консенсусқа келу үшін келіссөз қатысушыларына үшінші тұлға көмектесетін келіссөз нысаны. Фасилитатор – ол медиатор, алайда ол тараптардың жақындасуына бөгет болатын жағдайларды ала отырып көмектеседі.
7) Консилиация (латын тілінен consilium – жиналыс, кеңес, шешім) – үшінші тұлға өз пікірін айтып, қарсыласушы тараптар арасындағы шешімді қорытындылайтын келіссөз нысаны.
8) Әлеуметтік әріптестік – әрекеттесуші тараптардың конфликтінің алдын-алудағы рөліне негізделген. Тараптардың әрқайсысы өз уақытында талаптарын ұсына және жол бере отырып конфликтінің алдын алады, сондай-ақ оны қалыпты жағдайға өзгертеді [6, 29-30 бб.].

М.К. Сүлейменов құқықтық дауларды шешудің барлық әдістерін юрисдикциялық және юрисдикциялық емес деп екіге бөліп қарастыру қажет деп

есептейді [10, 247 б.]. Әдеттегідей юрисдикциялық деп түрлі сұрақтар бойынша уәкілетті органдардың билігі бойынша шешім шығару қызметін түсінеміз.

Бұл органдар жүйесін мемлекеттік органдар (сот, атқарушылық билік органдары), даусыз юрисдикциялы органдар (нотариат), мемлекеттік емес органдар (жергілікті өзін-өзі басқару, арбитраж, еңбек даулары бойынша комиссия) құрайды [10, 251 б.]. Юрисдикциялық рәсімдердің өзіндік белгісі олардың шығарған шешімдерінің міндетті сипатта болуы.

Дауларды қарау мен шешудің юрисдикциялық емес тәсілдері татуласу рәсімдеріне саяды. Татуласу рәсімдері оларды жүзеге асыру барысында қол жеткізілген шешім міндетті сипатта болмайтындығымен сипатталады және егер бұл шешім сот шешімімен (бітімгерлік келісім) бекітілмесе, тараптар арасындағы жеке келісім ретінде қарастырылады [10, 251 б.].

Азаматтық құқықтың алдағы конфликтілер мен дауларды шешудегі маңызда рәсімдер мен құқық теориясы шеңберіндегі маңызды сұрақтардың бірі іс жүргізу құқығындағы татуласу институтының дамуы болып табылады. Татуластыру рәсімдерін қолдану мен дамыту субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиісті түрде жүзеге асырумен тығыз байланысты.

Татуластыру рәсімдерін соттардың іс жүргізу қызметіне енгізу идеясы тәжірибеде кеңінен қолдау тапты. Өйткені олар іс жүргізудің жеңілдетілген нысанына жатады. ҚР АПК 174 бабының 1 т. Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Сондай-ақ ҚР АПК 17 тарауы татуластыру рәсімдерінің бітімгершілік келісім, медиация, партисипативтік рәсім сияқты түрлерін регламенттейді. Алайда АПК «татуластыру рәсімі түсінігіне анықтама бермейді. Өз кезегінде ҚР Еңбек кодексі ұжымдық еңбек дауларын қарастыру барысында аталған түсінікті қолданады. Еңбек кодексінің 162 б. 4 т. татуластыру рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын бастапқыда татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде, сондай-ақ медиация рәсімін қолдана отырып, тараптардың өзара келісуі бойынша рет-ретімен қарау деген анықтама береді.

Әрекет етіп тұрған нормативті құқықтық актілерді талдай келе татуластыру рәсімдері туралы нормалар Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» [3], «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» [55], «Кәсіподақтар туралы» [56] Заңдарында, сондай-ақ ҚР Кәсіпкерлік кодексінде [57] кездесетінін айту керек.

«Татуластыру рәсімі» термині нормативті қолданылса да ғылымда анықталмаған күйі қалып отыр. Татуластыру рәсімдері туралы жүйелі көзқарастардың болмауы оның құқықтық құбылыс ретінде әрі қарай зерттелуін қажет етеді. Жалпы татуластыру рәсімдері дауларды балама шешу әдістерінің бірі болып табылады. Татуластыру рәсімдерін – тараптар арасындағы келіссөздер арқылы құқықтық дауды өзара тиімді талаптарда реттеуге бағытталған, дербес жүргізілетін немесе делдалдар мен адвокаттардың қатысуымен өткізілетін рәсімдер деп анықтауға болады.

1.3 Медиацияның құқықтық табиғаты және оның қағидаларының ерекшеліктері

Конфликтілер – адамзат өміріндегі қалыпты құбылыс, алайда конфликтілердің табиғатына қатысты көптеген қате түсініктер бар, ал ол өз кезегінде бұл құбылысқа негативті сипат береді. Мұндай қате түсініктердің бірі конфликтінің соңы бір жақтың жеңілісі мен басқа жақтың жеңісімен аяқталу керек немесе психологиялық конфликтіге алып келетін жоғары эмоционалдылықтың болуы. Медиацияның міндеттерінің бірі қарсылас тараптардың жоғары эмоционалды күйін бейтараптандырып, объективті конфликтілік үдерістің дамуы үшін жағдай жасау. Нәтижесінде конфликт тараптарының ортақ шешімі болуы қажет.

Конфликтіні шешудің сот немесе әкімшілік рәсімдер сияқты дәстүрлі әдістері екі жақты қанағаттандыратын сапалы шешім ұсына алмай жатады. Мұндай жағдайларда конфликтілерді тиімді, тез, және тараптардың мүдделерін қанағаттандыратын балама түрде шешу қажеттілігі туындайды. Ондай әдістердің бірі ретінде медиация рәсімі шығады.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау мен даулаудың ең жетілген, тиімді, әмбебап және ұтымды нысаны ол әрине сот арқылы екені мәлім. Алайда қазіргі қоғамның толассыз даму талаптарында қоғамдық қатынастардың қиындауы сәйкесінше оған қатысушылардың мүдделерінің қақтығысы, құқықтық даулардың күрделене түсуі заңды. Даулардың саны, көлемі мен күрделілігі көбейгені соншалық сот жүйесі олардың тиісті түрде шешілуін объективті түрде қамтамасыз ете алмайды. Сот жүйесін реформалау арқылы сот өндірісінің мәселелерін белгілі бір деңгейде ғана шешуге болады. Алайда реформалау қажеттіліктері түрлі басқа жолдар іздестіруді талап етеді. Сот жүйесін өзгертумен бірге онымен қатар қызмет ететін механизмдердің қажеттілігі даусыз. Көптеген елдердің тәжірибесі құқықтық дауларды реттеуде мемлекеттік емес рәсімдерді қолданудың сәтті тәжірибесін көрсетуде. Бұл өз кезегінде ағылшын-американдық тәжірибеде құқықтық дауларды шешудің балама әдістері атауын алған. Медиацияның негізгі мақсаттары медиацияға қатысушы тараптардың арасындағы құқықтық дауларды шешуде оңтайлы шешімге қол жеткізу, қатысушы тараптардың арасында дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Жалпы медиация бүгінгі күнде күн тәртібінде тұрған, олқылықтары мен әлсіз тұстары көп мәселе. Ең алдымен медиация ұғымының табиғатын ашу, көптеген ғалымдардың келтірген анықтамалары мен пікірлерін талдау арқылы мүмкін болатыны анық. Сонымен қатар медиация белгілі-бір қағидаларға сүйене отырып жүргізілетін ерекше рәсім болып табылады. Осы орайда қағидалардың әрекет етуінде белгілі-бір мәселелер мен қайшылықтар да баршылық.

Түрлі құқықтық мәтіндер мен жарияланымдарда кездесетін «медиация» түсінігінің анықтамаларында елеулі түрде айырмашылықтар байқалады және олар медиация үдерісі мен медиатордың жеке тұлғасын сәйкес құқықтық жүйе шеңберінде толық аша алмайды (ерікті, жүйеленген үдеріс шеңберінде медиатор тараптар арасында туындаған дау-дамайдың шешімін табуда жауапкершілікті

өздеріне алуға ырық бере отырып дауласушы тараптардың қарым-қатынас құруына көмектеседі) [58].

Медиация дау-дамайды бәсекесіз тұрғыда шешу деп есептеледі. Медиатордың негізгі рөлі тараптар арасында өзара қарым-қатынасты қамтамасыз ету, оларға даулардың нақты аспектілеріне жіті назар аударту және тараптардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын мәселені шешудің нұсқаларын ұсыну болып табылады. Ол тараптардың шешімдеріне әсер ететін кедір-бұдырларды тегістеуге көмектесе отырып, тараптар арасында көпір іспеттес әрекет етеді. Медиация заңды кеңес алуды алмастырмайтынын айта кету маңызды. Медиацияны басқа тараппен қарым-қатынасты қамтамасыз етуші, сондай-ақ тұлғаның дау бойынша ой-пікірін және оның оған деген қатынасын керек бағытқа қарай ұйымдастыру рәсімі деп те қарастыруға болады деген пікірде Анил Ксавье [59]. Медиация көбінесе отбасылық және еңбек дауларын шешуде қолданғандығы тарихи қалыптасып қалды. Қазіргі уақытта медиация көптеген салаларда қолданылады, өйткені аталған рәсімнің тұрақты, иілгіш және тиімді сипаты тұтынушылардың құқықтарымен байланысты даулардан бастап жария саладағы дауларға дейін даулардың кең шеңберін шешуге мүмкіндік береді. Медиация дау тараптарының арасында белгісіздіктер мен тәуекел деңгейін төмендету мен мүмкіндігінше дауды шешудің ерікті, арнайы, мәжбүрлемейтін, иілгіш және тұйықталған механизмі болып табылады [60].

А. Джерами пікірінше дауды шешу рәсімі ретінде медиация рәсімінің ерекше тұсы оның мақсатында яғни ерікті және келісілген нәтижеге жету болып табылады, сондай-ақ медиация рәсімін жүргізушінің тараптарға даудың шешімін орындауды міндеттеу құзіретінің болмауы да оның ерекшелігін көрсетеді. Медиация рәсімі құпиялылық, дау тараптарының оны шешуге тікелей қатысуын, сондай-ақ олардың үдерісті бақылауына мүмкіндік беретін шығармашылық және иілгіш рәсім болып табылады [61].

Р. Ридли-Дафф пен А. Беннет медиацияны дауды қандай жолмен шешуге болатындығын шешетін бейтарап үшінші тараптың көмегімен болатын рәсім [62] деп есептейді. Медиация рәсімінде дау тараптарының өздері медиатор емес, қол жеткізілген келісім талаптарын анықтайды. Медиация тараптардың өткен емес болашақ мінез-құлқына қатысты [63].

Медиация – сот билігі органының құзіретіне ие емес делдал дауды шешу үшін тараптарға жағдай жасау мақсатында дау тараптарының арасындағы өзара қарым-қатынасты жеңілдететін рәсім болып табылады. Медиацияның қосымша сипаттамасына делдалдың құпиялылығы мен бейтараптылығы да жатады. Дауды сот арқылы қарау нәтижесі міндетті күшке ие формальды үдеріс болса, ал медиация даудың барлық аспектілері олардың құқықтық маңызына қарамастан қарауға жататын ыңғайлы әдісті білдіреді [64].

Медиация концепциясын түсінуде дауды шешуде, шешім қабылдауда шектеулі құзыретке ие үшінші тараптың араласуын білдіретін, келіссөздер кезінде әсер ету, көмектесу әдісі болып табылады деп есептейтін көзқарастар да бар. Мұндай көзқарастар арқасында медиация түрлі мәдени контекстілерде, ресми емес қолдануда ұзақ тарихы бар және қазіргі уақытта кәсіби қызметтің

саласы болып табылады. Осылайша келтірілген көзқарасқа сәйкес медиацияға делдалдар қатысатын келісімге келу рәсімдерін де жатқызуға болады екен.

Алайда қазіргі уақытта кеңінен таралған көзқарас бар. Оған сәйкес медиация екі тараптың да көңілінен шығатын немесе шешімге келу мақсатында дау тараптарына үшінші жақ кеңес беретін келісімге келу рәсімі немесе үдерісі ғана емес, сонымен қатар медиацияға бейтарап үшінші жақтың дауласушы екі тарапты тындағаннан кейін қорытынды және ереже бойынша орындалуы міндетті шешім шығаратын үдеріс ретінде анықталатын арбитраж да жатпайды. Медиация концепциясының өзегінде жатқан негізгі ой мынада: дау қалыпты құбылыс болып табылады, ал нақ осы аталған мәселені шешілусіз қалдыру қауіпті [65]. Әр нақты жағдайда дауды шешудің баламалы түрінің қайсысын қолдану жөніндегі шешім дау-дамайдың түріне, оның деңгейіне және нақты қандай шешім талап етілетініне байланысты. Келісімге келу мен арбитражға қарағанда медиация рәсімінде қолайлы нәтижеге жету үшін жоспар құру және келісімге келу ауырпалылығы даудың тараптарына беріледі. Медиация рәсімін кез-келген сатысында қолдануға болады [61]. Медиация секілді дау-дамайды шешу үшін үшінші тараптың араласуының бейбіт нысандарының негізгі элементтері сипаты мен келісім деңгейі, сондай-ақ келісімге келу үшін қажетті мәжбүр ету деңгейі болып табылады [66].

Медиация рәсімі барысында медиатор дау тараптары арасындағы қарым-қатынасты жеңілдететін және өзара қолайлы шешімге жетуге әсер ететін бейтарап үшінші жақтың рөліне енеді [62].

Дау-дамайдың шиеленісуінің алдын-алу үшін және мәселені шешу үшін, медиация екі тарапта өздеріне теңдей қатынасты және оларға жеткілікті көңіл мен уақыт бөлу, сөйлесу, дайындық және тағы басқаларды ала алатынын сезіндіретін жолды пайдалана отырып екі тараптың да көңілінен шығатын нәтижеге қол жеткізуіне бағытталған. Медиатор этикалық шекара шеңберінде моральды тұрғыда бейтарап болып табылады, яғни медиатор медиация рәсімінде мүдделі, алайда оның соңғы нәтижесіне қызығушылық танытпайды [67].

Кәсіби медиативті қызметтер ереже бойынша басты және түпкілікті мақсаты мәселенің шешімін табу болып табылатын тәсілге сүйенеді. Медиативті тәжірибенің бұл түрі бірнеше негізгі идеяларға негізделеді: біріншіден, дау мәніне емес тек үдерістің өзіне мүдделі бейтарап делдал болып табылатын медиатор идеясы; екіншіден, даудағы тараптардың түрлі позициясы, олардың негізгі мүдделері мен қажеттіліктері мен айқындалатындығы идеясы; үшіншіден егер даудың тараптары болып табылатын тұлғалардың жеке мүдделеріне көңіл бөлінгенде дауды шешу тиімдірек жүзеге асатындығы идеясы; және ең соңғысы медиация мақсаты келісімге келу нысанындағы дауды қолайлы шешу туралы келіссөздер болуы керек идеясы [60].

Медиация тараптардың қажеттілігіне немесе дау жағдайларына бейімделген ресми емес рәсім болып табылады. Медиацияның әрбір рәсімі өз алдына қайталанбас деп айтуға болатынына қарамастан, аталған рәсімнің әр жағдайда орын алатын өз кезеңдері бар. Мысалы рәсім басталмас бұрын медиатор әр тараптан даудың мәні қысқаша мазмұндалған жазбаша мәлімдеме алады. Медиация рәсімі ереже бойынша барлық тараптар қатысатын бірлескен

отырыстан басталады. Медиатор тараптарға өзінің рөлі туралы, сондай-ақ бұл рәсімнің құпия болып табылатындығы жөнінде түсіндірме жүргізеді. Әрі қарай мәселені талқылау басталады, осы орайда медиатордың тараптарға бір-бірімен тікелей байланысуына мүмкіндік беруіне болады. Медиация рәсімінің ұзақтығы қарастырылып жатқан даудың күрделілігіне байланысты [68].

Бұл рәсімнің пайда болған алғашқы жылдары медиация түсінігін анықтау салыстырмалы түрде жеңіл болды. Алайда дауларды медиация көмегімен реттеу эксперимент шеңберінен шыға бастап, институцияландыру бастағаннан-ақ медиация деген не деген сұраққа қатысты консенсусқа келу қиын бола бастады. Істің мұндай дәрежеге жетуін бір жағынан түрлі жаңа салаларда медиация көмегімен шешіліп жатқан даулардың көптігінен және медиация рәсімінде түрлі кәсіптердің өкілдерінің қатысу шеңберінің көбейіп келе жатқанымен түсіндіруге болады [66].

Дауларды шешудің медиация сияқты ерікті тәсілдері көптеген жағдайда тиімді болып табылады, өйткені дау тараптарында дауды шешудің жолдарын табуға тікелей өздері қатысу мүмкіндігі туындайды, ал ол өз кезегінде істі сот тәртібімен қарау нәтижесіндегі шешімге қарағанда тараптардың мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндіктерін арттырады. Кейбір зерттеушілер тараптардың өзара қарым-қатынасын өзгерту мен қанағаттандырудан басқа, дауларды шешудің балама әдістерін қолдануды кеңейту өз алдына жергілікті қауымдардың қайта пайда болуына алып келуі мүмкін деп есептейді [69].

Медиаторлар тараптардың әрқайсысымен сөйлесу арқылы мәселені зерттеп, олардың келісімге келуіне әсер ете отырып делдал ретінде қатысады. Медиация тараптардың дауды реттеуден қашпай, өзара келісімге келу қажеттілігін түсінген жағдайда ғана тиімді болмақ. Медиация жөніндегі келісім дау-дамайдың өзін ғана шешумен шектелмей тараптар арасында істі әрі қарай жүргізуді қарастырады. Медиация тараптардың бірі өз жауапкершілігін мойындаудан және қызмет көрсетуді орындап, оған ақы төлеуден бас тартатын болса тиімсіз болып табылады [70].

Р. Смит пікірінше істі сот пен арбитражды қарау саласында тәжірибесі бар медиаторлар басымдықтарға ие. Себебі олар тараптарға егер дауды шешу үшін сотқа жүгінген жағдайда сотпен немесе арбитрмен қандай шешім шығарылатындығы жөнінде негізделген пікір айта алады. Сондай-ақ медиаторлар жақсы дамыған коммуникативті дағдыларға ие болуы тиіс. Медиация рәсімі аталған үдерістің құпиялылығын қамтамасыз ететін бейтарап территорияда, ғимаратта жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар қатысушылар дұрыс, яғни, тараптар бір-біріне қарама-қарсы емес, одақтастық атмосферасын құратындай отырғызылуы керек [71].

Дауды шешуге көмектесетін медиатордың рөлі тараптардың өздеріне шешім қабылдауға және жағдайды бүтіндей бағалай алуына ықпал ету болып табылады. Медиатор дауды түсінуі немесе мүлдем түсінбеуі де мүмкін, бұл оның елеулі түрде тәжірибесінің болу болмауына байланысты. Қандай жағдайда да жақсы медиатор егер тараптар арасында медиация рәсімімен келісімге келмей, іс сот тәртібімен шешілетіндей болса, онда ол жөнінде өз пікірін білдіруде өте сақ

болуы тиіс, жалпы медиатор ешқашан шын мәнінде әділетті болып табылатын жеке пікірін айтпауы тиіс [68].

Медиатор тараптардың кездесуін үйлестіруді жүзеге асырады, тараптарды бір-біріне таныстырады, дау тараптарына медиация рәсімінің жүргізілу ережелерін түсіндіреді, нақты дауға байланысты рәсімді жүргізу ережелерін бекітеді, тараптардың өзара әрекеттесуіне ықпал етеді, тараптардың сеніміне кіруге тырысады, дауға қатысты ақпарат жинауды және даудың шешілуін қиындататын бөгеттерді табуды жүзеге асырады, тараптарға өз сезімдері мен эмоцияларын білдіруге мүмкіндік береді, оларға өз мүдделері мен басымдықтарын түсінуге, анықтауға көмектеседі, сондай-ақ дауды шешу нұсқаларын қалыптастырып, тараптарға өз талаптарының шегін түсінуге көмектеседі, дауды шешудің нұсқаларын бағалауға әсер етеді [72].

Кэрол Дж Брауннның пайымдауынша классикалық көзқарас бойынша медиатор шешім қабылдауы керек және тараптар ұсынған дәлелдемелермен аргументтерді бағалау критерийлерін қолдана отырып даудың нақты жағдайлары мен олардың мүмкін болар нәтижелеріне қатысты өз пікірін айтуы қажет. Медиация рәсімін жүргізуде бағалау тұрғысынан келетін медиатордың міндеті дәлелдемелерді дұрыс бағалау жолымен, яғни олардың нанымдылығын, дәлелдеу ауыртпалығын бөлуді, сәйкес нормативтік-құқықтық актілерді, ережелер мен әдет-ғұрыптарды анықтап және қолдануды, пікір қалыптастыруды бағалай отырып, айғақтар іздестіру болып табылады. Қорыта айтқанда, бағалау көзқарасы тараптардың позициялануы мен өздігінше бір жақ болып кетуіне әсер етеді, ал бұл өз кезегінде медиация мақсатына қарама-қайшы болып табылады. Құқықтарды қорғауға негізделген көзқарас тараптардың заңды мүдделері мен ұқсас жағдайларда соттың қабылдайтын шешіміне сай келетіндей даудың сәйкес құқықтық критерийлеріне жауап беретін шешімге келуге деген ұмтылысына баса назар аударуды білдіреді. Тараптардың мүдделеріне негізделген тәсілдің негізгі өзегінде тараптардың негізгі қажеттіліктері немесе мүдделері тұрады; мұндай көзқарас тараптардың негізгі мүдделеріне, қызметіне қатысты дауды шешудің мүмкін болатын кең шеңберін білдіреді. Мұндай көзқарас нәтижесінде тараптардың барлығын қанағаттандыратын, бірақ құқықтық нормаларға сәйкес келмейтін шешім шығарылуы мүмкін [73].

Осы жерде біз «медиация» түсінігіне формалды анықтама туралы сұраққа келеміз.

Христоф Бесемер пікірінше медиация – бұл тараптар мойындайтын, бейтарап үшінші тұлғаның делдалдығымен дау-дамайды шешу әдісі [74, 14 б.].

А.А. Арутюнян қылмыстық сот өндірісіндегі медиацияны (қылмыстық-құқықтық дау-дамайды шешу үшін) тәуелсіз және бейтарап үшінші тұлғаның - делдал (медиатор) – құқыққа қайшы іс-әрекет жасаған тұлға мен құқыққа қайшы әрекет арқылы зиян келген тұлға арасында тараптарды татуластыру және келген зиянның орнын толтыру бойынша сұрақтарға өзара тиімді шешім табу, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық дау-дамайды шешу барысында туындауы мүмкін басқа да сұрақтарды шешу мақсатында тараптардың ерікті түрде ырық білдіруіне негізделген және қылмыстық-құқықтық даудың тараптары үшін қылмыстық іс

өндірісі шеңберінде заңды салдар туғызуы мүмкін рәсім деп анықтайды [75, 26 б.].

Н.С. Шатихина көзқарасы бойынша қылмыстық құқықтағы медиация – мемлекеттік органдардың белсенді делдалдық рөлі арқылы тараптардың заңды мәні бар өзара бағытталған әрекеттерінің жиынтығы түрінде жүзеге асырылатын, қылмыс жасау нәтижесінде қоғамда пайда болатын дау-дамайды қылмыстық-құқықтық реттеудің ерекше механизмі [76, 135 б.].

С.И. Калашникова медиацияны – құқықтық дауды реттеу талаптарын талқылауда және өзара тиімді шешім шығаруда тараптарға әсер ететін бейтарап делдалдың (медиатордың) қатысуымен өтетін, ерекше түрде ұйымдастырылған рәсімді білдіретін, құқықтық дауларды реттеудің ерекше тәсілі деп анықтайды [77, 7 б.]. Осыған ұқсас анықтама Е.А. Добролюбованың жұмыстарында да беріледі [78, 11 б.].

И. Шихат медиацияны дауласушы тараптарға ол дауды келіссөз жолымен реттеуге деген ниетте әсер ететін бейтарап үшінші жақ – делдалдың қатысуымен болатын дауды шешу рәсімі деп анықтайды [79].

Т.Н. Пушкина медиацияны делдалдық пен татуластыру рәсімінің ерекше нысаны дей келе, ол өз кезегінде тараптарға ерікті негіздегі тәуелсіз және бейтарап тұлғаның әсер етуімен дау қатысушыларының мүдделерін қанағаттандыратын өзара тиімді және орындалатын шешім шығаруға мүмкіндік береді деген пікірде [80].

З.М. Садвакасова және тағы басқалары - медиация үшінші жақтың көмегімен жүргізілетін келіссөздер, медиацияда келіссөздер жүргізу шеберлігі арқылы тек қана мәселелер ғана шешіліп қоймай, сондай-ақ әрі қарай тиімді ынтымақтастыққа бағдар болып табылады деп пайымдайды [81, 189 б.].

О.В. Аллахвердова медиацияны тараптар дауларын (конфликтілерін) екі жаққа да тиімді шешу үшін ғана мүдделі үшінші бейтарап жақтың қатысуымен өтетін келіссөздер үдерісі деп анықтайды [82].

Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі медиация тақырыбында зерттеу жүргізген С.Г. Пен медиацияға мынадай анықтама береді: қылмыстық сот өндірісіндегі медиация – ол қылмыс жасау нәтижесінде пайда болатын дауды шешу үшін шақырылған бейтарап үшінші жақтың қатысуымен және жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалыпқа келтіруді қамтамасыз ететін, дербес құқықтық институт ретінде қажетті әлеует пен белгілерге ие, жәбірленуші мен күдіктіні (айыпталушыны) татуластырудың ерікті және құпия нысаны. Медиацияны қылмыстық сот өндірісіне имплементациялау – татуласу институтын тиімді жүзеге асырудың қолайлы тәсілі болып табылады [6, 86 б.].

Медиация тараптар үдерісті де, оның нәтижесін де өз бақылауында ұстайтын, басқаратын, тараптарға келіссөздер жүргізуде көмек көрсететін және олардың арасында өзара тиімді келісімге жетуге септігін тигізетін делдал деп аталатын мүдделі емес жақтың көмегімен реттелетін рәсім [83, 115 б.] деп анықтайды В.Т. Конусова.

Кейбір жарияланымдарда 21 мамыр 2008 жылы Еуропа Парламенті мен Кеңесінің «Азаматтық және коммерциялық істердегі медиацияның кейбір

аспектілері туралы» 2008 ЕО Директивасының 3 бабының «а» тармағында келтірілген анықтаманы қайталап келтіреді [84].

Сондықтан біз де сол анықтаманы келтірсек:

Медиация – екі немесе одан көп дау тараптарының өздігінше, ерікті негізде дауды реттеу бойынша келісімге медиатордың көмегімен жетуге ұмтылатын құрылымдалған үдеріс. Мұндай үдеріс тараптардың бастамасымен, немесе соттармен ұсынылуы немесе белгіленуі, сондай-ақ мүше мемлекеттің құқығымен көрсетілуі мүмкін.

Ол әңгіме болып отырған дауға қатысты қандай да сот талқылауының жүргізілуіне жауапты болып табылмайтын судьяның жүргізетін медиациядан тұрады. Бұл істі қарап отырған соттың немесе судьяның сот талқылауы барысында дауға қатысты реттеушілік әрекеттерінің алдын алады.

Көрсетілген баптың «Ь» тармағы медиаторды бұл тұлғаның кәсібіне тәуелсіз, сондай-ақ аталған үшінші жақ қандай жағдайда тағайындалады немесе медиация рәсімін өткізу ұсынылғанына қарамастан медиация рәсімін тиімді, бейтарап және құзырлы түрде жүргізу үшін ұсынылған кез келген үшінші тұлға деп анықтайды.

Біз бұл анықтаманы әдетте ғылыми еңбектерде келтіріліп жататындардан анағұрлым егжей-тегжейлі, бірақ бірқатар кемшілігі бар деп есептейміз. Мұндай кемшіліктердің бірі деп медиацияға тек үдеріс түсінігі деп қана түсінік беріп, тереңдетілмегенін атап өтуге болады (ол онсыз да белгілі). Бұл анықтамадан медиацияның сот процесінен айырмашылығын табу қиын.

Біздің авторлық теориялық құқықтық көзқарасымызға сәйкес медиация – сотқа/соттан тыс немесе процессуалдық емес дауды (сондай- ақ оның механизмдерімен технологиялар кешенін, жүзеге асырылу үдерісін қамтамасыз ететін) дауласушы келісімге ортақтасып жетуді мақсат тұта отырып тараптармен ерікті тағайындалатын немесе уәкілетті органмен тағайындалатын, құрылымдалған рәсім шеңберінде жүргізілетін дауласушы тараптармен қатар (бейтарап медиатор үшінші жақтың болуы) шешудің, реттеудің сот талқылауына балама нысаны. Оның яғни медиатордың міндеті дауласушы тараптардың өзара келісімімен немесе олар үшін уәкілетті орган анықтаған дауласушы тараптар атынан өз шешімін қабылдауға құқығы жоқ, бірақ дауды әділ шешу/реттеуде көмек көрсету үшін шақырылған, тараптардың тұрақты диалог құруы үшін және нәтижесінде тараптарды қанағаттандыратын, өзара ымыраға келуіне ықпал ететін, даудың қайта пайда болуының алдын алу немесе оны азайту, дауды шешу тиімділігін арттыру, дауды сот талқылауында қараудан бас тарту немесе басталып кеткен сот талқылауын тоқтату болып табылады.

Медиация институты – медиативті падигмаға негізделген функционалды жағынан тартымды элементтердің жүйелі жиынтығы.

Медиация құқықтық институты – медиацияны құқықтық реттеудің кешенді салааралық институты болып табылады.

Медиативті ұйымдарды, ондағы жұмыскерлерді және жеке медиаторлар, олардың қызметін қамтамасыз етуші тұлғалар қоғамдық қатынастардың түрлі салаларындағы (азаматтық, арбитраждық процесс, қылмыстық, әкімшілік процесстер, халықаралық, отбасылық, еңбек даулары, әлемдік юстиция және

т.б.) дауларды шешу мен реттеудің медиативті механизмдерінің кешендерін, медиацияны құқықтық қамтамасыз етудің салааралық институт кешенін, өзін-өзі реттеуші медиативті ұйымдардың құқықтық емес нормативтік орнатылымдар кешенін қоса алады.

Медиацияны конфликтілердің пәні мен субъектілері бойынша төмендегіше жіктеуге болады.

Конфликтілердің пәні бойынша медиация:

1. Отбасылық медиация. Медиацияның бұл түрінің мақсаты – ерлі зайыптыларға немесе отбасына, оның әр мүшесінің қажеттіліктері мен мүдделерін есепке ала отырып, әділ және тұрақты келісімге келуіне көмектесу.
2. Корпоративтік медиация – ұйымдар мен компаниялардың ішкі конфликтілерін шешу үшін қолданатын медиацияның түрі. Мақсаты – тараптардың барлығының мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын бейбіт, әділ шешімге алып келу.
3. Азаматтық медиация – шарттан туындайтын даулар, келтірілген зиян, көршілер қарым-қатынасы және тағы басқа да азаматтық мәселелерге қатысты жеке тұлғалар немесе ұйымдар арасындағы дауларды реттеу үшін қолданылады.
4. Коммерциялық немесе бизнес медиациясы – тауар жеткізуші мен сатып алушы, компаниялардың ішкі конфликтілері, активтерді үлестіру және басқа да коммерциялық сұрақтар бойынша бизнес саласында туындайтын дауларды шешу үшін қолданылатын медиация түрі.
5. Еңбек медиациясы – еңбек талаптарына байланысты жұмыс беруші мен жұмыскер арасында туындайтын дауларды шешу үшін қолданылады.
6. Халықаралық немесе саяси медиация – мемлекеттер, халықаралық ұйымдар немесе халықаралық өлшемдегі басқа да тараптар арасындағы конфликтілерді шешуге бағытталған. Халықаралық медиация территориялық дауларды реттеу кезінде туындайтын даулардың алдын-алу үшін, халықаралық келіссөздерде делдалдық және бейбітшілік келісімдер жасау кезінде кеңінен қолданылады.

Мақсаттары мен бағытталуына байланысты медиацияның мынадай түрлері анықталады:

- Ымыраға келтіру медиациясы. Медиацияның бұл түрі мәселелерді шешуге және тараптардың барлығының үдесінен шығатын шешімдерді табуға бағытталған. Рәсім барысында тараптар өз ұстанымдарын ашады, есесіне медиатор ортақ тіл табысуға, ортақ мүдделерді анықтауға көмектеседі.
- Трансформативті медиация. Бұл тәсіл практикалық құралдарды қолдануға негізделген, соның арқасында дауға қатысушылар өздерін қарама-қарсы жақтың орнына қоя алады. Бұл жағдайды басқа көзбен көруге, кездесуге баруға, басқа адамның құқықтарын, дәлелдері мен тілектерін мойындауға және ортақ шешім табуға көмектеседі.
- Баяндау медиациясы. Әр қатысушының жағдайға және өз пікіріне өзіндік көзқарасы бар. Баяндау медиациясы барысында маман жанжал тарихын басқа оқиғалардың объективі арқылы қарауға көмектеседі. Ол үшін ол осы уақытқа дейін ешкім назар аудармаған фактілерді қарастыруды ұсынады, бірақ олар дауға

қатысушылардың жағдайға деген көзқарасын толығымен өзгерте алады. Бұл жерде оқиғаның өзі емес, оны әр тарап қалай қабылдайды және сипаттайды сол маңызды.

- Отбасылық бағдарланған медиация. Атауынан медиацияның бұл түрі негізінен отбасылық мәселелерді шешу үшін қолданылатыны түсінікті. Ол отбасы мүшелері арасындағы қалыпты достық қарым-қатынасты сақтауға, оларға өзгерістерден өтуге көмектесуге арналған. Медиатор тараптарға әрқайсысының мәселелері мен ондағы рөлін тереңірек түсінуге, конфликтінің әртүрлі әрекеттер мен реакциялар тудырғанын түсінуге көмектесу үшін отбасылық қарым-қатынас үлгісіне терең енеді және ешкімді кінәламайды. Медиатор ересектермен ғана емес, балалармен де олардың сезімдері мен қажеттіліктерін ескере отырып жұмыс істейді.

- Түсіну медиациясы. Дауға қатысушылардың өздерінен артық ешкім өзінің келешегі мен мүдделерін түсінбейтіндігіне негізделген, ал медиатор – бұл жерде тек делдал.

- Бағалау. Бұл тәсіл медиаторға тараптардың іс-әрекеттерін бағалау арқылы конфликтіні шешуге қатысуға мүмкіндік пен құқық береді. Сондай-ақ, маман дауды шешудің өз нұсқаларын ұсына алады және жалпы үдеріске әсер ете алады.

- Қалпына келтіру медиациясы. Оның негізгі міндеті – жанжалға қатысушылар үшін өткір бұрыштарды тегістеу, татуластыру және қабылдау арқылы қарым-қатынасты қалпына келтіруге көмектесетін жағдайлар жасау, сондай-ақ медиация нәтижесі үшін жауапкершілікті өздері көтеру.

Жалпы практикада медиацияны келесідей түрлерге бөлу қалыптасқан:

- Фасилитативті медиация. Медиацияның бұл түрін дәстүрлі деп те атайды. Медиатор тараптар арасындағы келіссөздерді жеңілдетуге тырысады. Медиатор қандай-да бір ұсыныс беру немесе шешімге келуге итермелемейді, дауласушы тараптардың бір-біріне деген көзқарастарын зерттей отырып, өздігінше, ерікті түрде шешімге келуге жетелейді. Фасилитативті медиация кезінде медиаторлар конфликтіге деген жеке пікірлері мен көзқарастарын жасырын ұстайды. Медиацияның осы түрін қазақстандық заңдар негізге алған.

- Сот шешімі бойынша медиация. Теория бойынша медиацияның екі түрі бөлінеді: сотқа дейінгі және соттағы (біріктірілген) медиация. Біріктірілген медиация заң органдарының қызметінің ерекшеліктерін есепке ала отырып, рәсім шеңберінде тараптардың татуласуын жүзеге асырады. Соттардың шешімінің міндетті күші бар екенін және конфликтілерді шешудің тиімді әдісі екенін ескерсек, біріктірілген медиация құқықтық дауларды шешуге, соттардың жұмысын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

- Бағалау медиациясы – фасилитативті медиацияға қарама-қайшы медиацияның бір түрі. Медиатор ұсыныстар береді, сондай-ақ конфликт бойынша өз пікірін білдіре алады. Бірінші кезекте тараптардың негізгі мүдделеріне назар аудартудың орнына, бағалаушы медиаторлар тараптарға өз дәлелдерінің құқықтық құндылығын бағалауға және әділеттілік туралы қорытындылар жасауға көмектеседі. Алайда медиацияның бұл түрі ҚР медиация туралы заңының 10 бабының нормаларына қайшы, дәлірек айтсақ медиатор

қандай да бір тарапқа заңдық, консультациялық немесе өзге де көмек көрсетуге құқылы емес.

- Трансформациялық медиация. Медиацияның аталған түрі бойынша медиатор дауласушы тараптарға өз конфликтілерін шешуге мүмкіндік беруге және бір-бірінің қажеттіліктері мен мүдделерін мойындатуға күш жұмсайды. Бұл үдерістің түбі фасилитативті медиациямен ұштасып, негізгі мақсаты конструктивті өзгерістер үшін қажет қабілеттерге ие болу арқылы тараптардың конфликтіге деген көзқарасын өзгертуге бағытталған.

- Арбитражды медиация – арбитражды сот өндірісі тәртібінде қарастырылатын дауларды шешу кезінде медиация рәсімін қолдану мүмкіндігі бар.

- Электронды медиация – сандық дәуірде өмір сүріп жатқан соң, электрондық көмекшілерді пайдалану уақыт қажеттілігі болып табылады. Электронды медиация кезінде медиатор бір-бірінен қашық отырған тараптарға делдалдық қызмет көрсетеді, яғни электронды медиация дауды шешудің толықтай автоматтандырылған онлайн-жүйесін білдіреді.

Медиация қағидалары. Медиация икемді, иілгіш үдеріс болып табылады және түрлі даулар түрлі жолмен оларды шешуді талап етеді. Мысалы Ұлыбританияда медиация үдерісі келесідей қағидаларға негізделеді:

- Еріктілік;
- Құпиялылық;

Дауды шешу мен оны жүзеге асыру шараларының мәжбүрлі емес сипатта болуы [85].

Келтірілген қағидалардың біріншісіне сәйкес, яғни медиацияға жүгіну үшін шешім қабылдау ерікті болып табылады. Ол өз кезегінде тараптар медиация рәсімін тоқтатуы немесе одан кез-келген уақытта шығу мүмкіндігін де білдіреді. Сонымен қатар егер тараптар дауды шешу үшін осындай әдіске жүгінуді шешсе, соңғы нәтиже де өздеріне қатысты болмақ, яғни судья немесе омбудсмен шығарған шешімді орындау міндеті жүктелмейді. Сәйкесінше олар сәтті нәтижеге қол жеткізу үшін жеке, кейде қаржылай қызығушылық та көрсетіп отырады.

Дауларды шешудің балама әдістерінің ерекшелігі, сондай-ақ олардың тиімділігінің негізі олардың еріктілігі болып табылады [85]. Медиация рәсімінің құпиялылық сипаты тараптардың отбасы құқығы, коммерциялық даулар саласында пайда болатын дауларды шешуде өте маңызды болуы мүмкін. Келісімге келген кезде тараптар оың әрі қарай құпия болып қала береді ма, жоқ па өздері шешеді. Медиатор ерекше жағдайларда медиация рәсімін өткізу кезінде тараптармен байланысты ақпараттарды хабарлауға міндетті болады, егер медиатор құпия келіссөздер қандай-да бір тұлғаға елеулі түрде зиян келу қаупі төніп тұр деп немесе қылмыстық құқық бұзушылық болады деп сенсе. Сондай-ақ отбасы даулары бойынша медиация рәсімін жүргізу кезінде берілген қаржы туралы ақпараттар келесі сот отырыстарында ашылуы мүмкін [85]. Медиация теориясы аталған рәсімде құпиялылықты түсінудің екі негізін ұсынады. Бірішіден, құпиялылық тараптардың медиация рәсімін жүргізу үдерісінде берген ақпараттары әрі қарай өздеріне қарсы пайдаланылмауын қамтамасыз ету үшін

қолданылады. Құпиялылықтың аталған аспектісі тараптардың келіссөздерді ашық, шынайы және қауіпсіз жағдайда жүргізетінін сезінуді, сондай-ақ олар басқа жағдайда аша алмайтын ақпараттарды айта алатынын қамтамасыз етеді [86]. Мұндай ашықтық медиатор үшін маңызды болып табылады, өйткені тараптардың нақты ұстанымы, олқылықтары мен мүдделерін анықтауда тиімді көмек көрсету үшін өте маңызды.

Екіншіден медиация рәсіміндегі құпиялылықтың құндылығында болып табылады. Тараптар медиатормен құпия кездесулер жүргізгенде және оған басқа тарапқа естірткісі келмейтін ақпаратты жеткізгенде бұл ақпараттың құпия сақталатынына сенімді бола алады, бұл өз кезегінде тараптардың медиаторға деген сенімі үшін өте маңызды [85].

Медиация қатысушылардың құқықтарын шектеуді білдірмейді, яғни рәсім кезінде айтылған ақпараттар әрі қарай сот талқылауында дәлелдемелер ретінде пайдаланыла алмайды. Мұндай ерекшелік тараптарға келісім нұсқалары жөнінде өз еркін білдіруге мүмкіндік береді. Тараптар келісімге келуге қол жеткізілмеген жағдайда өздерін сот билігі органдарына жүгіну мүмкіндігінен айырмай-ақ ымыраға келудің жаңаша шығармашылық жолдарын ұсына алады. Азаматтық-құқықтық даулар бойынша медиацияда егер тараптар келісімге қол жеткізсе, онда ол келісім орындалуы міндетті даудың заңды шешілуін аяқтайтын құжат ретінде рәсімделеді. Мұндай жағдайда тараптар дауды шешу үшін әрі қарай сотқа жүгіну мүмкіндігінен айырылады, тіптен егер басқа тарап келісімді орындамай жатса да. Басқа салаларда пайда болатын дауларды реттеу кезіндегі келісім міндетті заңды күшке ие болмайды және дау тараптарын сотқа жүгіну құқығынан айырмайды [85].

Медиаторларға арналған медиация этикасының қағидаларының көптеген түрлері бар. Сәйкесінше түрлі авторлар медиативті қызмет пен медиация рәсімі негізінде қалыптасатын түрлі қағидалар жиынын ұсынады.

Д. Хоффман көптеген түрлі жинақтар мен кодекстерде кездесетін, медиация түсінігінде қалыптасып қалған мынадай этикалық қағидаларды бөліп қарастырады:

1) мүдделер қайшылығына жол берілмеушілік қағидасы (медиаторлар өздері тікелей жеке кәсіби немесе қаржылай мүдделі дауларды реттеуге қатысудан аулақ болуы керек); аталған қағиданы қолдану медиатордың дауды шешуде жанама мүдделі болғанның өзінде де өте күрделі болып табылады.

2) медиаторлар өз мүмкіндіктерінің шегін білуге міндетті яғни шамасы, білімі жетпейтін дауды шешуге кіріспеуі шарт, сондай-ақ тараптарға өз білімі мен тәжірибесі жөнінде ашық айту мүмкіндігі болу керек. Бұл өз кезегінде дау тараптарының белгілі-бір салада дауды реттеу дағдысы мен тәжірибесі бар басқа медиаторға жүгінуіне мүмкіндік береді.

3) медиаторлардың медиация үдерісінің басынан аяғына дейін бейтараптылығы.

4) еріктілік қағидасы. Дау тараптарының медиацияға жүгінуі міндетті болғанының өзінде, оларда қай сәтте болмасын шығып кету құқығы болуы керек. Басқаша айтқанда тіптен міндетті медиацияда да тараптардың міндеті ерікті

негізде қатысу және шешім жөнінде келісімге келу үшін бар күш-жігерін салу болып табылады.

5) құпиялылық қағидасы. Автордың пікірінше аталған қағида маңызды екі аспектіге ие: біріншіден, медиаторлар медиация рәсімінің құпиялылығын үшінші тұлғаларға қатысты қамтамасыз етуге міндетті, екіншіден медиатор дауда талқылау үшін тараптардың әрқайсысымен кездескенде ол жеке талқылауда айтылған ақпараттарды құпияда ұстауды қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен қатар медиаторда тараптардың ақпарат құпиялылығын шектейтін ақпараттың бар екендігін жеткізу міндеті де бар. Мысалы балаларға қатысты аса қатыгездікпен қарау немесе қылмыс жасауды жоспарлау.

6) зиян келтірмеу қағидасы да медиация этикасы қағидаларына жатқызылады (мысалы, кейбір адамдар эмоцияналды тұрақсыз болады, бұл өз кезегінде медиация рәсімін психологиялық тұрғыда қауіпті етеді; ал кейбіреулері дауды шешуге психологиялық тұрғыда дайын емес жағдайда келеді; медиаторлар медиация рәсімін жүзеге асырғанда осындай факторларды назарға алулары керек).

7) тәуелсіздік қағидасы. Ешкімге өз пікірін таңбай дау тараптарына өз шешімдерін қабылдауда қолдау және көмектесу медиация рәсімінің бір негізі болып табылады.

8) ақпараттық келісім қағидасы. Бұл қағида тараптардың саналы түрде таңдауы болған кезде ғана олардың мүддесіне сай дауды өздігінше шешуімен түсіндіріледі. Медиатор қағида бойынша ақпараттардың қайнар көзі ретінде қатыспайды, ол тараптар жеткілікті түрде мәліметтерге ие екеніне көз жеткізсе болды және егер мәліметтер жеткіліксіз болса медиатор ақпаратты қалай алуға болатындығы жөнінде ақпараттандыруы тиіс.

9) медиатордың міндеті дауды шешу үшін ұсынылып отырған нұсқаның үшінші тұлғаларға зиян келтірмейтіндігіне көз жеткізу.

10) медиаторлардың адалдығы, шынайылығы яғни өзінің біліктілігі мен жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ медиация рәсімінің аспектілері жөнінде шынайы ақпараттар айтуы [87].

Ұқсас қағидаларды А.А. Арутюнян еңбектерінен көруге болады. Ол тағы қосымша мынадай қағидаларды келтіреді:

- Медиация рәсімі нәтижесінде қол жеткізілген келісімдер тек ақылға қонымды талаптардан тұруы керек;
- Егер дауды шешу үшін реституциялық рәсім қолданса және тараптар осындай рәсім шеңберінде келісімге келсе қайта қылмыстық қудалауға жол берілмейді;
- Татуласу келісіміне қол жеткізілмеген жағдайда іс бойынша өндірісте кінәні мойындау ретінде қарастырыла алмайды [75, 18 б.].

Кейбір авторлар елеулі қағидалар ретінде жоғарыда айтылғандардан анағұрлым аз қағидаларды келтіреді. Мысалы, Кэрол Дж. Браун медиация рәсімі екі ғана қағидаларға негізделеді деп есептейді:

1) тараптардың дауды шешуге қатысты дербестілік қағидасы;

2) тараптардың өзара қарым-қатынасын жеңілдетуші бейтарап үшінші жақ туындап жатқан сұрақтарды түсінуге әсер етеді, тараптардың назарын олардың

өздерінің мүдделеріне аудартып, дауды шығармашылық тұрғыда шешуге әсер етеді [88].

С.И. Калашникова медиация қағидаларын олардың функционалды мәні бойынша ұйымдастырушылық қағидалар (еріктілік және бейтараптылық) мен рәсімдік қағидалар (тараптардың дербестігі, құпиялылық, ынтымақтастық пен теңдік) деп бөліп қарастырады [77, 12 б.].

Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңының 4 бабында медиация жүргізудің мынадай қағидаттары көрсетілген: еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы, медиатор тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік және құпиялық.

Сәйкесінше медиация құпия жүргізіледі, оған қатысу ерікті және тараптар тең құқылы, ал делдал қызметі бейтарап және тәуелсіз болып табылады. Аталған қағидаларды егжей-тегжейлі қарастыру керек.

Еріктілік. Жалпы ереже бойынша тараптарды балама рәсімге қатысуға мәжбүрлеуге болмайды [89, 22 б.]. Тіптен рәсімге қатысуға келісе отырып, тараптар оның әрі қарай жалғастырылуынан, тараптардың келісімімен немесе заңмен міндеттелмесе кез-келген уақытта бас тартуына болады. Алайда қатысу татуласу міндеттемесін көздемейді, тек татуласу нұсқаларын адал қарастыру және сотқа барудан белгілі-бір мерзімге дейін тоқтата тұруды білдіреді. Аталған қағиданы бірнеше аспектіде қарастыруға болады:

1) тараптардың дауды аталған рәсімді қолдана отырып шешуге келісімінің еріктілігі;

2) рәсімге қатысу еріктілігі, рәсімді жалғастырудан бас тарту мүмкіндігі;

3) дауды шешу нәтижесінде өзіне алған міндетті орындау еріктілігі.

Құпиялылық. Жалпы ережелер бойынша рәсімде қарастырылатындар басынан соңына дейін құпия болып табылады [89, 23 б.]. Келіссөздер барысында жиналған ақпараттар, жазбаша материалдар ешкімге жіберілуге болмайды. Тындалым барысында стенографиялық, электрондық жазылымдар жүргізілмейді. Тіптен рәсімді жүргізу кезінде анықталған ақпараттар басқа талқылауларда жариялануға жатпайды [90, 201 б.]. ЮНСИТРАЛ татуластырушы регламентінің 20 б сәйкес мынадай ереже бар: тараптар дәлелдемелер ретінде арбитражға немесе сот талқылауына дауға қатысы бар немесе жоғына қарамастан

а) дауды реттеу мүмкіндігіне қатысты айтылған пікірлерді, ұсыныстарды;

б) татуласу рәсімі кезінде тараптардың мойындаулары;

в) делдалдың ұсынысы;

г) делдалдың дауды реттеу бойынша жасаған ұсыныстарын басқа тараптың қабылдауға дайындығы фактісін келтіруге және ұсынуына міндеттенбейді [91].

Құпиялылық қағидасы 3 аспектіні біріктіреді:

1) медиация рәсімін жүргізілу фактісінің құпиялылығы;

2) медиация рәсімінің мазмұнының құпиялылығы. Рәсім кезінде болған жағдайлар жарияланбайды. Бұл қағиданы жүзеге асыру рәсімде тек дау субъектілері мен медиатордың ғана қатысуымен қамтамасыз етіледі;

3) қол жеткізілген келісімнің құпиялылығы. Келісім мазмұнының тек орындалуға жататын бөлігі ғана ашылуы мүмкін.

Медиатордың бейтараптылығы және оның қызметінің тәуелсіздігі. Аталған қағиданың мазмұны:

1) медиатор өз қызметін жүзеге асыруда рәсімнің қандай-да бір нәтижеге қол жеткізуге мүдделі емес;

2) медиатор қандай-да бір тараптан, сондай-ақ басқа субъектілерден тәуелсіз;

3) медиатор бағаламайды, кінәламайды, қандай-да бір тарапты жақтамайды;

4) медиатордың қызметіне араласуға жол берілмейді;

5) жалпы ережеге сәйкес медиатор жүргізіп жатқан рәсім бойынша ешкімнің алдында түсініктеме беруге міндетті емес; алайда медиатордың нәтижелерін көрсете отырып, өзі қызмет етіп отырған органға есеп беруі мүмкін [89, 274 б.]. Бұл жерде медиатор қызмет көрсететін арнайы органдар жайлы айтылады.

Медиация рәсімінде басшылыққа алыну керек төмендегіше этикалық-моральдық, құқықтық қағидаларды келтіруге болады:

1. Өзін-өзі анықтау. Медиатор – медиация үдерісінің тараптардың өзін-өзі анықтау қағидасына негізделетінін мойындауы қажет. Өзін-өзі анықтау – медиацияның негізгі қағидаларының бірі. Ол – әр тараптың рәсімге және оның салдарына қатысты, өздігінше, таразыланған, ерікті түрде шешімге келу үдерісі.

2. Заңдылық. Заң нормаларын сақтау – медиатор мен тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас этикасының басында тұратын негізгі талап деуге болады. Заңдылық қағидасы ең алдымен құқықтық сипаттағы талаптарды көрсетеді, алайда кәсіби медиатордың мінез-құлқына белгілі бір әсерін тигізеді. Заңдылық талабы біріншіден, тараптардың мүдделері мен ниеттеріне қатысты, екіншіден, медиативті рәсім шеңберінде пайдаланылатын әдіс-тәсілдерге қатысты.

3. Қарым-қатынастағы сенімділік. Жалпы сенімділік – тараптардың мүддесіне деген түсіністік пен әдептілік, кәсіби міндеттерді атқарудағы адалдық негізінде қалыптасады. Барлық рәсімнің сәтті өтуі бірінші кездесудегі медиатордың дұрыс жүріс-тұрысына байланысты.

4. Ынтымақтастық – сенімді қарым-қатынас, медиатор мен тараптардың толыққанды ынтымақтасуын білдіреді. Медиатор тараптарға қысым көрсетпей және манипуляция жасамай, оларды толық түсінуі қажет. Ол дұрыс қарым-қатынас құрып, конфликтіні шешу жолын тауып, нәтижеге бірге жетуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ аталған қағида тараптардың болып жатқан үдеріс барысы бойынша барлық ақпараттан хабардар болып отыруын да білдіреді.

5. Адалдық қағидасы – медиатор этикасының маңызды талабы болып табылады. адалдық қағидасын жүзеге асыра отырып, медиатор барлық уәделерін уақытылы және толық, келісілген уақыт пен өзара әрекеттесу талаптарын сақтауы тиіс.

6. Бейтараптылық және тәуелсіздік. Медиатордың тәуелсіздігі оның бейтараптылығы қағидасымен байланысты. Аталған қағида медиатордың қандай-да іс-әрекетіне бөгет болатын немесе алдын-ала анықтайтын әсерлерден, сондай-ақ әкімшілік, материалдық тұрғыда тараптардан немесе басқа да мүдделі тұлғалардан тәуелсіз болуы керек дегенді білдіреді. Бейтараптылық - медиатор жұмысының ажырамас бастауы. Медиатор тараптардың мүдделеріне қатысты

бейтарап болуы тиіс. Оның бейтараптылығы этиканың ғана емес, заң талабы болып табылады.

7. Әдептілік. Медиатор тараптар арасында келісім орнату үшін барлық заңды құралдарды пайдалануға міндетті. Алайда өнегелілік талабы заң шеңберіне қарағанда кеңірек, сондықтан медиатор мен тараптардың өзара қарым-қатынас тәсілдері заңды ғана емес, сондай-ақ өнегелілік тұрғысында мінсіз болуы шарт.

8. Сыпайылық және орындылық. Медиатор басқалардың сезіміне құрметпен қарауы тиіс. Этиканы сақтау және жұмыс барысында төзімді болу медиаторға аса қажет қасиеттер болып табылады.

9. Құпиялылық.

10. Кәсібилік. Медиатор сәйкес заңдарды қолдану бойынша өз құзіреттілігіне сенімсіз болса қызметіне кірісе алмайды. Сондай-ақ медиаторда бір уақытта бірнеше клиент болса да оның әрқайсысына кәсіби тұрғыда, толық қызмет көрсетілу керек. Сондай-ақ жоғары кәсібилікке медиатордың жеке әңгіме жүргізуде болсын, жария баяндамалар жасауда да өз эмоцияларына ие болуды да жатқызуға болады. Кәсібиліктің бір белгісі ретінде өз ісіне деген тыянақтылықты да қосуға болады.

Жалпы Қазақстан Республикасында медиация институтын, соның ішінде медиация қағидаларын жүзеге асыруға байланысты біршама мәселелер бар деп есептейміз. Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңының 4 бабына сәйкес медиацияны жүргізу мынадай қағидаларға сүйене отырып жүргізілуі тиіс:

- Еріктілік;
- Медиация тараптарының тең құқылығы;
- Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы;
- Медиация рәсіміне араласуға жол берілмеушілік;
- Құпиялық [3].

Медиация қағидалары – медиация туралы заңды талқылау мен қолдануда басшылыққа алынатын бастауларды білдіреді.

Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің пікірлерін талдай келе мынадай ұсыныстарды келтіреміз:

- заңның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін медиацияны реттеуші халықаралық танылған және кеңінен қолданылатын ережелерден тұратын халықаралық сауда (UNCITRAL) құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясының халықаралық коммерциялық келісім рәсімі туралы Типтік заңына сілтеме жасау мүмкіндігін қарастыру керек. Заңда халықаралық стандарттарды тікелей көрсетуге болады.

- Еріктілік қағидасына міндетті немесе квази-міндетті (тараптарда бас тарту құқығы сақталады) бағыттауды қолдануға мүмкіндік беретін норма енгізілуі керек. Заң шығару саласында «егер заңдармен өзгеше көзделмесе» медиацияға қатысу ерікті болып табылады деп анықтау мәселесі жиі қолданылады.

- Құпиялық қағидасы бекітілген 8 бапта біздің пікірімізше аталған қағиданың қолдану саласы мен қорғау шегі нақты келтіріліп қарастырылғаны маңызды. Заңда көрсетілген нормалар құпиялықты жеткілікті түрде қорғамайды. Сондай-ақ ереже тек медиация қатысушыларына ғана қатысты. Құпия ақпаратты

алуы мүмкін басқа да тұлғалар мысалы тараптардың жұбайлары бұл нормаға қатысты емес. Егер тараптар басқаша келісімге келмесе немесе егер мұндай ақпараттың ашылуы заңмен, соның ішінде мәжбүрлі түрде дауды шешу бойынша келісіммен талап етілмесе, медиация барысында алынған барлық ақпараттар немесе оған байланысты барлық мәліметтер құпия болып табылады деген норма енгізілуі тиіс деген пікірдеміз.

- 8 баптың 2 тармағы ақпараттың ашылуы мен дәлелдемелердің пайдалануына жол берілмеуін реттейді. UNCITRAL Типтік заңының 10 бабы және ЕО Директивасының 7 бабы дауды шешудің тиімді әдісі ретінде медиацияны алға шығару үшін басшылыққа алынатын ережелер болуы тиіс, сонымен қатар дауласушы тараптарға ақпарат үшін «қақпан» болып қалуға және оны кейіннен сотта пайдалануға бөгет болуы тиіс. Заң жол берудің (берілмеушіліктің) 2 аспектісін реттеуі қажет: тараптардың дәлелдемелердің түрлерін пайдаланбау міндетін, сондай-ақ соттар мен арбитраждың мұндай дәлелдемелерге жол берілмеушілігін тану міндетін енгізуі қажет [92, 75 б.].

2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

2.1 Қазақстандағы дауларды шешудің дәстүрлі жолдарының қазіргі медиация институтымен сабақтастығы

Қазақстан Республикасының құқық саласындағы әрбір жаңашылдықтың түпкі мақсаты ұлттық құқықтық мәдениетпен сабақтасып жатуы керек. Қазақ халқының мұрасын, ұлттық мәдениетін есепке ала отырып пайдалану сол жаңашыл институттардың дұрыс, тиімді жұмыс жасауына негіз болады деп есептейміз. Неміс философы – Лейбництің «бүгінгі күн кешегінің ұрпағы және болашақтың ата-анасы» деген қанатты сөзімен келіспеске болмайды. «Ескі Еуропаның мың жылдық тарихы бар, - деп жазады Кон. Франц, - Мұны ұмытуға тырысудың еш пайдасы жоқ: қайткен күнде де ол бүгінгі күнге әсер ететін болады» [93, 388 б.].

Шынында қазіргіні тиісті түрде түсініп, бағалап, таразыға салу үшін өткенді зерттеу жолымен ғана мүмкін болмақ. Өткен шақ халықты өмірдің қандай да талаптарының әсерімен дүниеге алып келді, тәрбиеледі, өсірді. Әр құқықтық институт халықтың жалпы құқықтық құрылымы секілді тарихи-генетикалық, территориялық-тұрмыстық, діни және халық өмірінің басқа да факторларының әсерінен құрылады.

Кез-келген мемлекеттің тарихына көз жүгіртер болсақ конфликтіні шешудің жергілікті ерекшеліктер мен дәстүрді негізге ала отырып өзіндік әдіс-тәсілдерін қалыптастырғанын байқауға болады. Француз зерттеушісі Н. Руланның сөзінше «дәстүрлі қоғамдағы сот әділдігінің міндеті – алдын ала бекітілген нормаларға жүгінбей, бұзылған қоғамдық тепе-теңдікті қалыпқа келтіруге қол жеткізу болып табылады» [94, 256 б.].

Медиация АҚШ та XX ғасырдың екінші ғасырынан қолданысқа енгізіліп, дамуының бірден-бір себебі конфликтіні сотқа жеткізбей тараптарды бірдей қанағаттандыратын келісімге келу, бітімгершілігімен татуластырумен шешу болып табылды. Қазіргі Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңын [3] қабылдау қажеттілігі де жоғарыда айтылған себептермен түсіндіріледі. Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі. Медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: дауды (жанжалды) шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу; тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Ал одан бірнеше жүз жыл бұрын пайда болған билер сотының бірден-бір мақсаты да, ерекшелігі де дау-дамайды ушықтырмай, тараптардың уәждеріне әділ шешім шығарып, заңдылықты сақтау, оны бекіту, қоғамның тыныштығы мен ынтымақтастығын сақтап отыру еді. Ендеше медиация деген атауы ғана болмаса осы бір жаңа құқықтық институт қазақтың билер сотының жалғасы секілді. Осы орайда қазақтың дәстүрлі әлеуметтік құқықтық институттары – билер соты мен ақсақалдар институттарын меңгеру маңызды болып табылады.

Медиация институтын билер институты мен ақсақалдар кеңесімен, медиаторды билермен байланыстыра қарау мәселесі өзекті болып табылады. Өйткені бұл екі құбылыстың табиғаты мен ерекшеліктері, түпкі мақсаты ұқсас. Тіптен Қазақстандағы заңмен бекітілген татуласу рәсімдері дәл осы билердің бітімгершілікке негізделген қызметінің жалғасы іспеттес.

Академик С. Зиманов «Қазақ құқығы бойынша сот әділдігін іске асыру әділдік, халықтық және адамгершілік идеологиясына негізделді және оның түп мақсаты дауласушы жақтарды татуластыру болып табылды. Дауды қарастырудағы қарапайымдылық, сот әділдігімен дәлелдеу бостандығының қамтамасыз етілуі, тараптардың және процеске қатысушылардың әрқайсысының өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің шектелмеуі, тараптарды татуластыруға тырысу және соттық шешімдердің, тіпті кінәлі тарапқа қатаң жаза тағайындалған кезде де қоғамның алдындағы әділеттігі мен логика заңдарына сай болуын қамтамасыз ету билер сотының нысаны мен мазмұнын құрады» деп пайымдады [95, 456 б.].

Билер соты өзіне жүгінген тараптардың дауларын қарастыра отырып, тараптардың арасында бітімгершілікке және бірлікке қол жеткізуге тырысатын. Барынша әділдікке назар аудару, екі дауласушы тарапты ортақ мәмілеге келтіру, олардың мүдделерін тең көздеу және сақтау билер сотының негізгі құндылығы болды. Билер сотының негізгі қызметі келтірілген шығынды өтеп беруде емес, әділеттіліктің салтанат құруын қамтамасыз ету болды.

Дәстүр бойынша билер сотында істі қарауды бастамас бұрын мынадай жағдайларды атқаруға міндетті болған:

1. Тараптарға «бітім» бейбіт келісімге келу шартын ұсыну;

2. Кешірім беру, сол арқылы істі мәжілісте бейбіт келісіммен шешу. Осыған байланысты Л. Баллюзек «билер соты әрқашанда тараптарды іске қатысы жоқ үшінші жақтарды немесе басқа құрметті адамдарды шақыра отырып, табыстыруға тырысатын. Ондағы мақсат – қазақ бір-біріне дос болсын дегені, оның үстіне өмірдің өзі өзара қарым-қатынастардан тұрады емес пе?!» деп жазады [96, 102 б.].

Осыған орай А.Е. Алекторов «Билер соты – халықтық сот» атты ғылыми мақаласында «Ордалықтар өз үйлерінде тұрмыста болатын барлық ұрыс-жанжалдарды, реніш, төбелес және басқа да кикілжіңдерді билер соты және ақсақалдар кеңесі арқылы шешуге үйренген. Әр би мен ақсақал істі шешу барысында дауласушы тараптарға толықтай әділдік көрсетуді өзінің киелі борышы санайды; ол сабырлы түрде арыз-шағымдардың сондай-ақ ақтаушылардың барлық уәждерін егжей-тегжейін тыңдап алғаннан кейін ғана шешім шығарады. Оның шешімі мүлтіксіз және берік түрде орындалуға жатады. Билер сотында әрбір іс тыныш, құрметті, ешқандай ұлықтаусыз шешіледі, дауыс көтеру мұнда үлкен әдепсіздік болып саналады. Міне сондықтан да қырғызға біздің төменгі полиция инстанциясындағы сот өндірісі мен тергеу тәртібі жабайы көрінеді және олар одан қатты қорқады» деген пікір білдіреді [97, 4 б.].

Қазақтың дала заңдарын зерттеген көрнекі ғалым И. Козлов қазақ даласының сот билігінің ерекшеліктерін баяндай келе «ылғи да дауласушы тараптардың өз ар-ожданына жүгіндіру, әр шешімдегі татуластыру рухының

басым болуы қырғыз (қазақ) сотының ең бір жарқын тұсы болып табылады» деген пікірі тағы бір дәлел, автор сонымен қатар билердің кіршіксіз әділдік пен білім иелері болғандығын да жазады [98, 225 б.].

Жалпы қазақ әдет-ғұрып құқығы бойынша сот билігінің ерекшелігі оның демократиялылығында, яғни «шығыстың» рақымсыз заңдары секілді өлім жазасы, бас бостандығынан айыру немесе денеге зақым келтіру сияқты жазалардың болмауында. Барлық конфликтілердің шешімі азаматтық-құқықтық сипатта, яғни мүліктік және мүліктік емес жауапкершілік түрінде болды. Қазақ әдет-ғұрып құқығының ерекшелігі де осында.

Билер соты – жеке бидің немесе ауыл ақсақалының билік етуі, жүгініс яғни билікке бір немесе бірнеше би, екіден сегізге дейін ақсақалдар қатысуымен билік етуі, жоғары саты – Билер Кеңесі ретінде өткен. Билер Кеңесінде 6-дан 24 биге дейін болды және руаралық, тайпааралық, ұлысаралық дауларды шешу үшін шақырылып отырған. Билер соты ашық, жария, халықтық сипатта болды. Билердің шығарған шешімдері мен үкімдері халық тарапынан мақұлданып, ризашылығына бөленуі керек еді. Халықтың келісімі билер шешімінің орындалуына кепілдік ретінде қарастырылды.

Билер сотын билер жүзеге асырды. Билер әдет-ғұрып құқығының білгірлері және түсіндірушілері, сот-делдалдық қызметін атқарушылар, шешендер. Би дауласушыларға көмекке шақырылған тәуелсіз үшінші тарап болып табылады, алайда оның мәжбүр ету билігі жоқ (физикалық).

Қазақ құқығында бидің мәртебесін анықтайтын бірқатар нормалар: «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», «Туғанына бұрғаны, биді Құдай ұрғаны» деген қысқа да нұсқа ережелермен арқылы сипатталады. Билер сотының маңызды ерекшелігі – оның руханилығы, яғни олар қарайтын істің рухани мазмұнына басым назар аударып, әрқашан моральдық қағидаларды басшылыққа алып отыруында. «Бай мал сақтайды, би ар сақтайды» деген қанатты сөздер халық санасында болған. Шындық пен әділдікке жету билер сотының негізгі және түпкі мақсаты саналды. Билер сотының нысаны мен мамұнын дауды қарастырудың қарапайымдылығы, сот әділдігі мен дәлеледеу бостандығының болуы, дау тараптары мен басқа да қатысушылардың өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің болуы, дау тараптарын татуластыруға тырысу, бидің шешімдерінің әділеттілігі құрады. Оған мынадай дәлел келтіруге болады:

Найманның биі Сарышуаш арғыннан құн даулай келіпті. Құн даулау себебі арғындар барымта етіп найман елінен жүзден аса жылқы алған екен. Сол жылқының иесі, байдың жалғыз баласы Алдаберген арғын еліне жылқысын қуып келсе, шешек ауруы бар екен. Ол сол шешек ауруынан арғынның ішінде өліпті. Наймандар оның сүйегін еліне алып барып жерлепті.

Келесі жылы наймандар келіп құн даулайды. Ол уақытта, қазақтың ескі заңы бойынша көрші елдерден бітімге келу үшін араға жүретін кісі алады екен. Сондықтан ара кісіге керейдің Жобалай дейтін бала жігіт биін алыпты.

Сарышуаш арғынның биі Айдаболдан үш кісінің құнын талап етіпті.
Оған Айдабол:

- Бір кісінің құнын берейін, үш кісінің құнын төлемеймін, - деп қасарысыпты.

Сонда Сарышуаш:

- Жоқ, сен әділдікке келсең қандықол ұрысың, алты аласы, бес бересісі жоқ болып жүріп жылқымды не үшін алдың? Сол жылқыны қуып келіп, найман Алдаберген шешектен өлді. Сондықтан мен қалайда үш кісінің құнын аламын.

- Әй, Айдабол адам баласы армен, әділетімен жан сақтайды ғой. Сен ардан аттап отырасың ба, әділетіңе келесің бе? – дейді Сарышуаш би.

Осыдан кейін Айдабол да, Сарышуаш та билік айтуға ара кісі салады. Керейдің бала жігіт биі Жобалайдың айтқан билігі:

- Сарышуаш бидің де айтқаны келсін. Мен үш кісінің құнын кесемін. Ердің құны – елу қара, 150 қара құн кестім, - депті. Мұның елуі сара құн болсын, елуі қара құн, елуі дара құн болсын.

Сара құн деген бір тоқ – бір қақты есебімен 18 тоқты еді.

Дара құн дегені – құнажын інген, дөнен атан екеуі бір-бір түйеге есеп болсын, - депті.

Қара құн деген тай да бір түйе, тайлақ та бір түйе, тайынша да бір түйе есебінде болсын, - депті.

Осы билікке арғын – найман екі жағы да риза болыпты. Оның себебі, найман үш кісіге құн алдым деп риза болады, арғынға шаққанда 150 түйенің орнына 75 түйемен даудан құтылыпты [99, 203 б.]. Бұл айтылған биліктің негізгі мәнін Арғын мен Найман тайпаларының арасында туындаған құн дауы құрап тұр. Осы дауда екі тайпаның арасында делдал ретінде дауды реттеуге көмектесіп үшінші тарап бала би жігіт Жобалайдың билік айтуын көреміз. Жобалайдың кескен шешімі елден-елге тарап, осы күнге жетіп отыр.

Көріп отырғанымыздай медиация рәсімінің барлық белгілері бар осы бір болған оқиғадағы бидің бітімгершілік қызметінен айқын көрінеді.

Қазақ билері көшпелі қоғамдағы соттық істе әдет құқығын терең меңгерген, оны шебер қолдана білген, шешендік өнер мен халық алдында сөйлей алу қабілеті бар, халықтың тарихы мен тұрмыс-тіршілігін жетік білетін зиялы топ ретінде қалыптасты. Билер соты дауласушы тараптарды келісімге келтіруге тырысып істі шешетін, сондай-ақ дауды шешу барсында жеке және қоғамдық сипаттағы теріс әрекеттерді жоюға тырысты. Мұндай қиын мақсаттарды шешу үшін билер даланың даналық мектебінде оқып, данагөй ақсақалдардың алдында сыннан өтіп, өткір ойлы, шешен тілді, сондай-ақ қазақ құқығының білгірлері болуы міндетті еді. Тек осы талаптарға толық жауап бергенде ғана билер соты айналада әділдік пен құқықтық тәртіп орната білді.

Осы жөнінде «Қазақ құқығы нормаларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, әрі реформаторы, сот билігін ел бірлігіне арнаған, көне дәстүрді берік ұстаған билер деп аталатын ерекше тап еді. Бұл қазақ билері Шығыстағы басқарушы билерден өзгеше болып қалыптасты. Олар әрі ақын, әрі шешен, философ, әрі ойшыл, әдет-ғұрып құқығының білгірі және оның реформаторы, әскери қолбасшы және басқарушы еді. Ал көзқарасы негізінен – өз қызметінде жергілікті ру мүдделерінен бұрын Қазақ халқының мүддесін жоғары ұстаған, сонымен бірге олар қоғамдық пікірдің бақылауында болды. Қазақ биінің моральдық құқықтық мәртебесі халықтың – «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» деген талабынан көрініс тапты. Дәл осы пікірді XVIII ғасырдың басында өмір сүрген

атақты Әйтеке би «Өмірім өзгенікі, өлім ғана өзімдікі» - деп әдемі айшықтаған болатын [99, 521 б.] - деп тұжырымдайды С. Зиманов.

Қазақ құқығын зерттеген белгілі зерттеушілердің бірі Д. Самоквасов «халық санасында би атағы өзіне халықтың түп әдет-ғұрпы мен тарихы туралы терең танымын сіңірген санаулыларға ғана тиесілі» - деп жазған [100, 92 б.].

«Киргизский народный суд» деп аталатын көлемді мақаланың авторы А.Зуевтың пікірі бойынша, «қазақ билерінің дана да, парасатты» болғандығы сонша, олардың соты «алыста өткен патриархалды өмірдің тыныш тұрмысындағы өмірдің өзі секілді таза және шынайы, жарқын парақтары ретінде көрініс табады» [101, 161 б.].

Ш. Уалиханов «Сот реформасы туралы жазбасында» «Биді ресми түрде ешкім сайламайды және ресми түрде ешкіммен бекітілмейді. Еуропадағы ақын, ғалым мен адвокаттар секілді олардың маңызы жеке беделге негізделеді. Шекспир мен Гете барлығымен мойындалған ұлы ақындар болып есептеледі, алайда олардың кемеңгерлігі үкіметтің декреттеріне немесе халықтың ресми сайлауына негізделмеген.

Қырғыздарда би атағына көтеру халық тарапынан қандай-да бір ресми сайлаумен және халықты басқарушы билік тарапынан бекітуді қажет етпейді, тек шешендік өнермен ұштастыра отырып, сот ғұрыптарын терең таныған қырғызға ғана бұл құрметті атақ берілген. Би атағын алу үшін қырғызға халық алдында өзінің заң туралы білімі мен шешендік өнерін көрсете алуы керек. Мұндай адамдар туралы қауесет бүкіл далаға тез жайылып, олардың аты барлығына және әрқайсысына таныс болады. Осылайша би атағы сот және адвокаттық практикаға патент іспеттес болады. Би атағын алып жүруші тұлғалардың балалары үлкен заң тәжірибеге ие бола отырып, әдетте мол білімді, онымен қоса әкелерінің атағын да мұраға алып отырады» деп тамаша анықтайды [102, 496 б.].

Л.Ф. Баллюзек «судья міндеті билер деп аталатындарға берілген. Бұл атақ халықтың санасында табиғи ақыл мен шешендік өнерді қоса алғанда халықтың түп-тамырлы әдет-ғұрпы мен тарихи аңыздары бойынша терең танымын бойына сіңірген адамға ғана тиесілі. Осы табиғи қабілеттер мен олардың бойына сіңірген танымдарының бірігуі ғана бидің беделіне лайық, немесе басқаша айтқанда би - ол халықтың тірі шежіресі, заңгері немесе заң шығарушысы» деген баға береді [96, 121 б.].

Әрі қарай Л.Д. Андре «Ордадағы сотты талап етуші барлық істер басым түрде халық құқығының негізгі өкілдері ретінде билермен атқарылады. Табиғи ақыл, тәжірибе мен үлгілі ашықтықпен ұштасқан ерекше ішкі жан дүниесінің қасиеттері бидің осы бір атақты алып жүруге құқық беретін бар игілігі болып саналады. Оның басты міндеті арыз-шағымдарды тез арада қарау арқылы ауыл ішінде тыныштықты сақтау және осы арқылы жауласуға немесе даудың созылып кетуіне жол бермей жанжалдың басынан тоқтату болып табылады» деп жазады [103, 124 б.].

Жоғарыда аталған ғалымдардың жазбаларынан билер соты қызметінің ең басты қағидасы бітімгершілік пен татуластыру екенін аңғаруға болады. Бұл қазіргі медиация қызметінің басты идеясы және медиатордың ұстанар басты қағидасы болуы шарт.

«Билер институтының» негізгі мазмұны қазақ қоғамындағы басқа билік етуші институттар сияқты Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырады. Бұл кезеңде қоғам ішіндегі билердің ықпалы әлсірей бастады.

Билер сотының осы бір ерекшелігінің жойылып бара жатқанына А. Байтұрсынұлы «1822-ші жыл устав шықпастан бұрын қазақ билігі (соты) өзінде еді, қазақ өз тентегін өзі тыюшы еді. Ол кезде сайланған би жоқ, қазақтың қадірлі, халық қалаған билері билік айтушы еді. Биге екі жағы келіп жүгініп, бидің шешімі әділ саналып, оны бұзамын деу болмаушы еді. Қазақтың мұндай билері, ілуде біреу болмаса қиянат билік айтпаушы еді. Егер бірен-саран көріне қате, әділдікке қайшы билік айтса, мұның дұрыс-терісін хан сынаушы еді. Мұндай билікті хан сынаудан бастап қазақ билігі жоғарылы-төменгі дәрежеге (инстанцияға) бөлінді. Қазақтың бұрыңғы тұрмысы-рәсімі өзгере бастаған соң халық ру руға бөлініп, бытыраңқы тәртіп әр ел шаруасының ыңғайымен әр жерде мекен етіп, бұрыңғы жұрт тегіс сыйлайтын тура билер азая бастады...» деген қынжылысын аңғарамыз [104, 164 б.].

Ш. Уалихановтың куәлік етуі бойынша, патшалық үкіметтің Қазақстанға колониалды сотты енгізу ниетіне қазақ халқы былайша жауап берген: «Билер соты мен олардың кеңесі – дейді халық – бізде бұрыннан бар және қазіргі орыс үкіметі ұсынып отырған бітімгерлік сотының барлық бастамалары бізде де бар. Бұл сот – дейді әрі қарай жиналған қырғыздар, - біздің халқымыздың тұрмыстық талаптарын толығымен қанағаттандырады, сондықтан сот билігі мен кеңесі ежелгі халықтық нысанда қалдырылуы қажет» [102, 321 б.].

Билер соты 40 жылдық орыс әсеріне қарамастан жүздеген, бәлкім мыңдаған жылдар бұрыңғы келбетін сақтап қалды. Осыған қарап халықтың ішкі қозғалысы да, орыс мекемелері мен заңдарының әсері де оның ежелгі және қарапайым нысанын өзгерте алмады. Егер қырғыз халқының қоғамдық өміріне көптеген жаңа элементтерді енгізген орыстың 40 жылдық билігінің ежелгі қырғыз билер сотына ешқандай әсері болмаса, егер бұл сот орыс заңдарының қолайсыз талаптарына қарсы тұра алса (мысалы 1854 жылғы заңына) онда оның қырғыз халқының бүгінгі дамуын толығымен қанағаттандыратындығы анық [99, 325 б.].

И.А. Козлов «Құқықтық әдет-ғұрыптар туралы мәліметтер жинау» жұмысының аясында шығарған мақаласында «билер сотын» сақтап қалу мәселесін көтерген [98, 125 б.].

Билердің қызметіне жоғары баға бергендердің ішінде Н.Н. Максимовты да айтуға болады. Оның ғылыми жұмыстарының ішінен билердің рөліне жоғары баға бергенін аңғаруға болады. Ол «Қазақ әдет-ғұрып құқығының жинағын» құрастыруды ұсына отырып, патша әкімшілігіне қазақ нормалары мен институттарының түрлі сыртқы әсерлердің салдарынан өзгеріп бара жатқанына алаңдаушылық білдірді. Ең бастысы шариғаттың қазақтардың құқықтық өмірінде қолданылуына қарсы болды [105, 443 б.].

Әрі қарай Ш. Құдайбердіұлы да осы мәселеге байланысты былайша ой толғап: «Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жол ұмытылған. Себебі, көбінесе орыс законына қарағандықтан болған. Мысалы, сайлау туралы закон-пара, жақындықпен би болуға ыңғайлы болып, кім болса сол би болып, аузына не келсе соны айтқан және себебі

жазылмай қалғандықтан. Ол ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы. Бұрынғы ережелерде көбінесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетіп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді» деген ұсынысын келтіреді [106, 2 б.].

Ақсақалдар институты. Көшпелілерде үлкен әлеуметтік және саяси күш өзіндік ұйымдасудың негізгі нысаны - ру, тайпа, одақ, жүздерге түсті. Мысалы халықтың мал-мүлкіне жеке меншік болғанымен жерді тек ұжымдық түрде пайдаланды. Осыған байланысты жеке адамдардың құқығы мен ұжымдық құқықтардың бұзылуынан туындайтын мәселелерді шешу қажеттілігі нәтижесінде түрлі әлеуметтік институттар пайда болды. Сондай әлеуметтік институттардың бірі дәстүрлі қазақ қоғамының қоғамдық-саяси құрылымдары жүйесіндегі ерекше орын алатын – ақсақалдар институты болып табылады.

Ақсақалдар кеңесі -халықты басқарудың бейресми нысаны. Ақсақалдар кеңесінің түп-бастауы көне дәуірден басталады. Мысалы, А.И. Треножкин «Скиф феодалдық мемлекеттерінде мемлекет аппараты: мемлекет басшысынан және оның құлдары мен атқарушыларынан, белгілі -бір территорияға бекітілген бірнеше басқарушылардан немесе рулық топтардан тұрды. Олар өз кезегінде рубасыларына мойынсұнған, - дей келе ру-тайпаларды ақсақалдар басқарғанын, ал олар арнайы жиналатын кеңесінде қоғамдық өмірдің көрші елдермен қарым-қатынас, соғыс пен бітім, жайылым бөлінісі, дау-дамайларды шешу тәрізді мәселелерді талқылағанын айтады [107].

Әрі қарай грек тарихшысы Лукиан Самосатский скиф қоғамындағы ру-тайпа жетекшілерінің рөлін былайша көрсетеді: «егер кімде кім өзіне тең біреуді ұрса немесе жерге құлатса немесе киімін жыртса онда ақсақалдар бұл үшін үлкен жаза тағайындауы мүмкін» [108].

Қытай ғалымы Су Бэйхай «Қазақ мәдениетінің тарихы» еңбегінде қазақ мемлекетінің негізі жеті сатыдан тұрғанын жазады. Оның бірінші сатысы ауыл. Ол қазақ ұлтының ең негізгі қоғамдық ұйымы болды. Әр ауылдың басқаратын адамын – ауылбасы деді. Ауылбасы әдетте өмір көрген, саяси беделге ие кісі. Оның атқаратын міндеттері – ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қону уақытын белгілеу, дау-дамайды әділ шешіп отыру және т.б.

Екінші саты – ата аймақ. Жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Оны ақсақал басқарады. Ақсақал өте жоғары мәртебеге ие адам [109].

Ақсақал термині «ру басы», «ел ағасы» сөздерімен қатар қолданыла бергенін ескерсек [110] ақсақалдардың ауылдың билеушісі болғанын аңғарамыз. Ақсақал көреген көсем, аузы дуалы батагөй, мәмілегер, елдің рухани тәрбиешісі, ұлағатты тәлімгер болды.

XVIII ғасырда ақсақалдар кеңесі әлеуметтік қауымның тіршілігін ұйымдастыратын бірден-бір дәстүрлі әлеуметтік институт болды. Ақсақалдар кеңесі шешімінің заңды күші болған. Ол жөнінде Иван Фальк «Ру ішінде патриархалдық-рулық тұрмыстың болуы ру старшыны – ақсақалдар беделінің сақталуынан көрінді. Бұрын жасы ұлғайған адамдарды ақсақал деп атап, өмірден мол тәжірибесі бар адам деп олардан ақыл-кеңес сұрайтын. Неке мен отбасы,

жақын туыс ағайын арасы, мұрагерлік пен әменгерлік, енші, т.б. мәселелерді шешуге хақылы», – деп жазады [111].

Қазақ қоғамындағы ақсақалдардың алатын орны ерекше. Өйткені ауыл, ру, ел, мемлекет тыныштығы мен бірлігінің мызғымастығын қамтамасыз етуде еңбектері орасан болған. П.П. Румянцевтің «қазақтардың нағыз билеушілері ақсақалдар, билер, батырлар дей келе, олардың атақтыларының ықпалы ру аумағынан асып, бүкіл Орданың ісіне әсерін тигізген» деп сипаттауы жоғарыдағы пікірге дәлел болады [112].

А.И. Левшин ханның өз билігін туысқандардың күшімен бекіте отырып, сол көп туысқандар ішіндегі ру ақсақалдарынан қаймыққанын және әрқашан олармен достық қарым-қатынаста өмір сүруге тырысқанын атап өткен [113].

Дәстүрлі қазақ қоғамында «ру ақсақалдарының кеңесі», «тайпа ақсақалдарының кеңесі», «ақсақалдар соты» сияқты дәстүрлі билік институттары жүйесінің болғандығы белгілі. Ел билеу ісінде ерекше маңызға ие «Хан кеңесі» мен «Билер кеңесі» институттары осы ақсақалдар кеңесінен бастау алады. Бұл билік жүйесінің ауыл мен ру арасындағы түрлі қарым-қатынаста маңызы жоғары. Ақсақалдардың шешімі билер сотында, әдеттік құқықта маңызды орын алды. Билердің өзі маңызды істерді ру ақсақалдарының қатысуынсыз шешпеген. Осыған орай Ресей патшалығының 19 ғасырдың алғашқы кезеңдерінде қазақ даласында жүргізген зерттеулеріне сүйене отырып мынадай деректер келтіруге болады: «әр қырғыз ордасында ордалықтардың ішінен таңдаулы, би деп аталатындары болады. Осы билермен қырғыздар арасындағы жеке және қоғамдық істер бойынша істер қаралады. Осы істі қарауға бірнеше сыйлы ақсақалдар шақырылады және істің шешілу барысы осыларға қатысты» деген жазбасы дәлел [114].

Н.И. Красовский көшпелілерді шенеуніктер, ақылы мен шынайылығы үшін сый құрметке ие болған билер мен ақсақалдар және қарапайым халық деп үш адамдар табына бөліп қарастырады. Осылардың ішінде билер мен ақсақалдарға байланысты былай дейді: Халықтың құқықтары мен міндеттері би, ақсақалдар деп аталатын адамдар тобымен тиянақты түрде қорғалады. Сондықтан да адамдардың бұл табы қырғыздар арасында жаппай сый-құрметке ие. Олардың қандай да бұйрығын орындамау қырғыз үшін мүмкін емес жағдай, өйткені ол халық үні, дауысы. Ол сұлтан бұйрықтарын қорыққанынан орындайды бірақ оны жақсы көрмейді. Кез-келген бұйрықты өздерінің ақсақалдарының кеңесінсіз орындамайды. Ақсақалдың әрбір сөзін халық заң ретінде қабылдайды деп сипаттайды [115, 89 б.]. Бұл жазбадан билер мен ақсақалдар беделінің қарапайым халық арасында өте жоғары болғанын байқауға болады. Халықтың ақсақалдардың сөзіне тоқтауы, олармен кеңесіп отыруы қазақи қалыптасқан сана, ғұрыптың бірі саналды.

Ақсақалдар кеңесі елдің ішкі жағдайынан туындаған мәселелерді шешу үшін өткізіліп отырған. Ру ақсақалдары шешімін таппаған мәселені өзара кеңес жасап талқылап, реттеп отырды.

Ақсақалдар кеңесі туындаған мәселеге байланысты кез келген уақытта өткізіле беретін. Себебі ақсақалдар кеңесі жалпы халықтық мәселені емес, ауыл-аймақ пен ру ішінде туындаған мәселелерді қарастыратын. Атап айтар болсақ,

рудың жылдың төрт мезгіліндегі көктеу, жайлау, күзеу, қыстау қоныстарын анықтау, осыған байланысты жер дауы, некелік қатынастардағы жесір дауы, барымта, құн дауы, сондай-ақ өзге де жол-жоралғы, жөн-жосық, кәде-қаумет, сый-сияпат, ас беру, торқалы той өткізу, ат жарысы мен балуан күресі сияқты спорттық ойындар және т.б. тұрмыстық мәдени және шаруашылық қарым-қатынастардағы іс- шараларды салт-дәстүрге сай атқару ісі жоспарланып, өткізілуге тікелей бас-көз болған [116, 98 б.].

Ақсақалдар кеңесі ел басқарумен де айналысты. Мал шаруашылығы негізгі шаруашылық түрі болып саналатын қазақтар үшін ең маңызды мәселе ол әрине жер мәселесі, дау-дамай көп болатын да осы сала. Сондықтан ақсақалдар кеңесі әр рудың жер иеліктерін белгілеп беріп отырған. Ақсақалдар кеңесінің рөлі Қазақ хандығының құрылуы дәуірінде ерекше болды. Осы жөнінде М.Б. Олкотт былай дейді: «Әрбір ауылдың өзінің әдетте «ақсақал» деп құрметтейтін үлкені болды, ол ауылының жайылымдық жерлері мен адамдарының мүддесін қорғады. Ақсақалдар бір ру мен екінші рудың арасында келіссөздер жүргізу және өзара даулы мәселелерге төрелік ету үшін, сондай-ақ көшіп-қону жөнін ретке келтіріп, жайылымдық жерлерді дұрыстап бөліп отыру мақсатында араларынан би сайлауға бастарын қосып тұрды. Би атағы әкеден балаға қалғанымен, ол мұралыққа көшетін ұғым емес, кімді би сайлау ақсақалдардың таңдауына байланысты болды.

Қазақтардың неғұрлым үлкен қауымдастығының ішінде ханға қарағанда ру басшылары мен ақсақалдарының беделі күштірек болды [117, 16 б.].

Билер институты секілді ақсақалдар кеңесі де Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырап, кеңес одағы билігінің орнауымен оның да қызметі жойылды.

«Жоғарыда айтылған деректерден мынадай нәтижелер жасауға болады:

1.Билер соты мен ақсақалдар кеңесі қызметінің ең басты қағидасы бітімгершілік пен татуластыру екенін аңғаруға болады. Қазіргі медиация қызметінің басты идеясы да осы.

2. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде қазақтар үйлерінде, тұрмыста болатын барлық ұрыс-жанжалдарды, реніш, төбелес және басқа да кикілжіңдерді билер соты және ақсақалдар кеңесі арқылы шешіп отырған. Әр би мен ақсақал істі шешу барысында дауласушы тараптарға толықтай әділдік көрсетуді өзінің киелі борышы санаған. Билердің шығарған шешімдері мен үкімдері халық тарапынан мақұлданып, ризашылығына бөленуі керек болған. Халықтың келісімі билер шешімінің орындалуына кепілдік ретінде қарастырылды.

3. Ақсақалдар кеңесі әлеуметтік қауымның тіршілігін ұйымдастыратын бірден-бір дәстүрлі әлеуметтік институт болды. Ақсақалдар кеңесі шешімінің заңды күші болған. Ақсақалдар кеңесі туындаған мәселеге байланысты кез келген уақытта өткізілген. Себебі ақсақалдар кеңесі жалпы халықтық мәселені емес, ауыл-аймақ пен ру ішінде туындаған мәселелерді қарастыратын.

Өйткені ақсақалдар беделі халық арасында өте жоғары, халықтың ақсақалдардың сөзіне тоқтауы, олармен кеңесіп отыруы қазақи қалыптасқан сана, ғұрыптың бірі саналады. Сондықтан 2019 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан ақсақалдар кеңесі құрылды. Оның негізгі мақсат

міндеттері келесідей: азаматтарды қоғамдық келісім мен бірлік құндылықтары төңірегінде шоғырландыруға жәрдемдесу; мемлекеттік органдарға әлеуметтік және тұрмыстық жанжалдарды профилактикалауға, оларды шешуге, сондай-ақ оларды жанжалдан кейінгі реттеуге жәрдемдесу; этномедиацияны жүзеге асыруға, қоғамдық келісімді нығайту мәселелері жөніндегі диалогты ұйымдастыруға жәрдемдесу және тікелей қатысу болып табылады. Ақсақалдар Кеңесі қоғамдық-әлеуметтік мәні зор саяси институт ретінде қарастырылуы қажет.

4. Билер сотының нысаны мен мамұнын дауды қарастырудың қарапайымдылығы, сот әділдігі мен дәлеледеу бостандығының болуы, дау тараптары мен басқа да қатысушылардың өкілдерінің іске қатысу мүмкіндігінің болуы, дау тараптарын татуластыруға тырысу, бидің шешімдерінің әділеттілігі құрады. Әр шешімдегі татуластыру рухының басым болуы билер сотының ең ерекше белгісі болып табылды. Билер соты әрқашанда тараптарды іске қатысы жоқ үшінші жақтарды немесе басқа құрметті адамдарды шақыра отырып, табыстыруға тырысқан; Бидің басты міндеті арыз-шағымдарды тез арада қарау арқылы ауыл ішінде тыныштықты сақтау және осы арқылы жауласуға немесе даудың созылып кетуіне жол бермей жанжалдың басынан тоқтату болып табылды.

Қазіргі уақытта дәстүрлі билер қызметін жаңғырту мақсатында билер кеңесі әкімдіктер жанындағы кеңес беруші орган ретінде құрылып, жұмыс жасап жатыр. Оның негізгі мақсаты – сот процесіне дейінгі және соттағы бітімгершілікті ұйымдастыру және азаматтар арасындағы конфликт деңгейін төмендетуге көмектесу.

Осылайша мемлекеттің әдеттік құқық нормаларын еліміздің нормативтік базасына енгізуге дайындығы, құлшынысы олардың әлеуметтік түрде тиімділігі мен әрекет етуші құқықтың жетілуіне оң әсерін тигізе алатынын білдіреді.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен қоғамдық өмірдің барлық салалары оның ішінде мемлекеттік құрылыс пен құқықтық жүйеде жаңа серпін пайда болды. Ал соңғы жылдары құқықтық мәні бар барлық күрделі мәселелер дәстүрлі ойлау жүйесі тұрғысында қаралып жатыр. Соның ішінде медиацияны дамытуда қазақтың қайталанбас тарихи тәжірибесін қолдану маңызды. Қазіргі уақытта дәстүрлі билер қызметі мен ақсақалдар кеңесі қызметін жаңғырту бойынша көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Мысалы «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасын жүзеге асыру аясында ҚР Жоғарғы Соты мен Қоғамдық даму министрлігі ынтымақтастық туралы меморандумның аясында еліміздің аудандары мен ауылдарында дәстүрлі «дала құқығы» негізінде дауларды шешуді меңгерген ақсақалдар мен құрметті адамдар қатарынан Билер кеңестері құрылды. Бұл Билер кеңесінің негізгі мақсаты – сот процесіне дейінгі және соттағы бітімгершілікті ұйымдастыру және азаматтар арасындағы татулық пен берекені сақтауға негіз болу. Билер кеңесі әкімдіктер жанындағы кеңес беруші орган ретінде 2018 жылдың тамыз айынан бері ресми түрде жұмыс жасап жатыр. Оның құрылу себебі халықтың генетикалық жады ғана емес, сондай-ақ билер институтының қайта жандануын есепке ала отырып қазіргі Қазақстанның құқықтық ақиқатының дамуының нақты себебі болып табылады [118, 112 б.].

Билер кеңесі мен ақсақалдар кеңесінің пайда болуы қазіргі құқықтық өмірдің дәстүрлі құқықтық мәдениетпен тарихи сабақтастығының көрінісі болып табылады.

Сот тәртібінде қарауға жататын даулар санын қысқарту және отандық сот төрелігін қалпына келтіру мүмкіндігін беретін татуласу рәсімдерін және медиацияны дамыту үшін билер Кеңесі мен ақсақалдар кеңесіне артылған міндеттер көп» [119, 8 б.].

2.2 Медиация рәсімін түрлі құқықтық қатынастарда қолдану ерекшеліктері

Қазақстанда медиацияның дамуын шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады [120].

Бірінші кезең – 2011-2013 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде қазақстандық қоғамның, заң қауымдастығының медиацияның мәнін түсіну, ұғыну, ең бастысы кәсіби медиаторларды дайындау кезеңі деуге болады.

2023 жылғы 14 маусымда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің № 244-НҚ «Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы шықты. Бұйрыққа сәйкес кәсіби медиатор 3 деңгейлі дайындау жүйесі бойынша оқытылды:

1. Медиацияның жалпы курсы;
2. Медиацияның арнайы курсы;
3. Медиатор тренерлерді дайындау курсы [121].

2012 жылы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай жиырма қадам» атты мақаласында ҚР «Медиация» туралы Заңының тиісті түрде жұмыс атқаруы үшін заңға сәйкес база құру жөнінде Үкіметке тапсырма берді [122].

Осы жылы «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қорына Қорға кіретін компанияларда медиация құрылымдарын құру жөнінде міндет жүктелді.

2013 жыл ағымында БҰҰ Даму Бағдарламасымен ҚР Жоғарғы Сотының медиацияны құқықтық институт ретінде дамыту бойынша бірлескен жобасы шеңберінде Қазақстанның аймақтарында жүздеген кәсіби медиаторлар дайындалды.

Осы кезеңде алғашқы кәсіби медиаторлардың ұйымдары құрыла бастады. 2013 жылдың соңында олардың саны 27 ге жетті [123].

Екінші кезең – 2014-2017 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең медиацияны дамыту қызметін Қазақстан Халқы Ассамблеясына жүктеумен, сондай-ақ медиация институтын нормативтік реттелуін реформалаумен сипатталады.

2015 жылдың 28 желтоқсанында ҚХА -ның Даму тұжырымдамасы (2025 жылға дейін) бекітілді. Аталған тұжырымдамаға сәйкес ҚХА қызметінің бір бағыты ретінде медиацияны дамыту болып табылады.

2017 жылы 7 сәуірде Қазақстан Халқы Ассамблеясында Медиация Кеңесі құрылды. Кеңес құрамына ҚР Парламентінің депутаттары, ҚР Жоғарғы

Сотының судьялары, ҚР Үкіметінің өкілдері, кәсіби және қоғамдық медиаторлар кіреді. Елдің барлық аймақтарының Достық Үйлерінде медиатор кабинеттері ашылды.

Заңдарды реформалауға байланысты 2014-2015 жылдары Қазақстанда күрт өзгерісті жыл болды. Заңнаманың негізгі салалары бойынша жаңа нормативті құқықтық актілер қабылданып, әрекет етіп тұрған нормативтік актілерге елеулі түрде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2014 жылы ҚР Қылмыстық кодексі [124] мен ҚР Қылмыстық процестік кодекс [125] қабылданды. ҚР Қылмыстық кодексіне қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстық теріс-қылық ұғымдары енгізілді. Тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен босату негізі қылмыстық теріс-қылыққа, жеңіл, орташа ауырлықтағы, сондай-ақ заңдарда көзделген реттерде ауыр қылмыстарға да қолдана бастады.

Сонымен қатар Жаңа Қылмыстық кодексімен медиатордың өз өкілеттілігін асыра пайдаланғандығы жөнінде қылмыстық жауапкершілік бекітілді.

Жаңа Қылмыстық кодекстің қабылдануымен ҚР «Медиация» туралы Заңына [3] тиісті өзгерістер енгізілді. ҚР Қылмыстық процестік кодексі қылмыстық процестегі медиатордың құқықтық мәртебесін бекітті.

ҚР ҚПК 85 бабы медиатордың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Сондай-ақ ҚПК 78 бабының 2 т. 6 б. сәйкес заңда көрсетілген реттерден басқа кездерде медиатордан медиация жүргізу барысында өзіне мәлім болған ақпараттар жөнінде куә ретінде жауап алынбайды [125].

Сонымен қатар ҚР ҚПК қылмыстық құқық бұзушылық жасаудан шығатын азаматтық талаптарды қарастыру барысында соттың медиацияны қолдану мүмкіндігі де қарастырылды. Аталған норма медиация рәсімін тек қана қылмыстық теріс-қылыққа қатысты ғана емес, сондай-ақ ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстарға да қолдануға мүмкіндік берді. Азаматтық талап бойынша медиация ҚР ҚК 68 бабына негізделе отырып, тараптардың татуласуына байланысты істі тоқтату негізін туындатпай барлық санаттағы істерге қолданылады [125] .

2014 жылдың 17 қарашасында «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енгізілген өзгерістерге сәйкес ерлі-зайыптылардың арасында мүлікті бөлу жөніндегі, кәмелетке толмаған жас балаларды бағып-қағуға байланысты сондай-ақ еңбекке жарамсыз жұбайды күтуге байланысты туындайтын даулар медиация тәртібімен қаралуы мүмкін [126].

Медиацияның дамуының 3 кезеңі 2017 жылдың соңынан осы күнге дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезең даулардың түрлі санаттары бойынша жүргізілетін медиацияның мамандана бастауымен ерекшеленеді. Бүгінгі күнде қызмет салалары бойынша медиаторлар дайындау жолға қойылып келеді. Мысалы медицина, банктік қызмет салаларына медиаторлар дайындалуда.

2019 жылы бастап медиацияны қылмыстық жазаны орындау сатысында қолдану тәжірибесі енгізілді. Ал 2020 жылы 29 маусымда жаңа ҚР әкімшілік процестік кодексін қабылдануымен бірге ҚР медиация туралы заңына да өзгеріс енгізілді.

Медиацияның дамуының 3 кезеңі кәсіби медиаторлардың қауымдастығының шетелдік әріптестермен халықаралық байланыс орнатуымен де байланысты. Түрлі мемлекеттермен бірлескен конференциялар ұйымдастырылып, тәжірибе алмасулар жасалуда.

2019 жылы 2 тамызда ҚР Президентінің №85 «Біріккен Ұлттар Ұйымының медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық татуласу келісімдері туралы конвенциясына қол қою туралы» Жарлығы қабылданды. Аталған Конвенцияға ұйымның 46 мүшелері Сингапурда қол қойды. Конвенцияның 2 бабында медиацияға мынадай анықтама беріледі: «Медиация» қалай аталатынына және оның жүргізілетін негізіне қарамастан, сол арқылы тараптар тараптарға дауды шешуді нұсқауға өкілеттіктері жоқ үшінші тұлғаның немесе тұлғалардың («медиатор») жәрдемдесуімен өз дауын достық реттеуге қол жеткізуге тырысатын рәсімді білдіреді [127].

Бүгінгі күнде Қазақстанда халықаралық медиация тәжірибесі қалыптасып келеді. Қазақстан Республикасының «Астана» халықаралық қаржы орталығы (әрі қарай ХҚО) туралы Коституциялық Заңының 13,14 баптарына сәйкес Халықаралық сот (ХС) және Халықаралық арбитраж орталығы (ХАО) сияқты құқықтық институттар қызмет атқарады. Олар республикалық сот жүйесіне кірмейді және өз қызметін англосаксондық ережелер бойынша атқарады. Алайда Халықаралық сот пен «Астана» ХҚО, ХАО шешімдері міндетті орындалуға жатады [128].

Осы бағытта 2020 жылы «Халықаралық медиация орталығы» (*RPA IMC*) мен «Астана» ХҚО, ХАО арасында серіктестік туралы меморандум жасалды. Ортақ жоба шеңберінде «Даусыз мәмілелер, келіссөздер және IMC медиацияның түркі орталығы» әрекет етеді. Орталықтың құрылу мақсаты шетелдік және ішкі инвесторлардың инвестицияларының қауіпсіздігінің бизнестегі шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету. Ал ол қауіпсіздік «Астана» ХҚО, ХАО алаңында медиативті келісім жасасу арқылы қамтамасыз етіледі. Бекітілген келісім орындалуы міндетті және Халықаралық соттың немесе «Астана» ХҚО, ХАО юрисдикциясына кіреді. Онда талап арыз англосаксондық құқықтық қағидаларын қолдана отырып қарастырады [129].

Медиация туралы заң медиация институты арқылы реттелуі мүмкін құқықтық қатынастар санатын елеулі түрде кеңейтті. Аталған заңның 1 бабының 1 тармағында «Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық, әкімшілік құқықтық қатынастардан және өзге де қоғамдық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу барысында, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 68-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады делінген [3].

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу процесіндегі медиация. Қазақстанда құқықтық конфликтілерді медиация арқылы шешу өзіндік тарихы бар шет елдердің тәжірибесіне алдын-ала талдау жасау негізінде қалыптасып келеді. Құқықтық тәжірибеге медиацияны енгізе отырып, батыс елдері қылмыстық конфликтілерді реттеуде – сот процестеріне кететін мемлекеттік шығындарды қысқарту, түрмелердің санын қысқарту, қылмыстық қайта әлеуметтену қажеттіліктерін төмендету және тағы басқа көптеген мәселелер шешімін тапты. Сондай-ақ жеке бастамаларды қылмыстық-құқықтық салада ынталандыру әдісін қолдану кеңейтілді. Нәтижесінде батыс елдерінде медиацияны қолдану арқасында жазалаушылық жүйеден қалпына келтіру, шығынның орнын толтыру әділдігіне біртіндеп көшу жүзеге асырылды [130].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі [124] қылмыстық-құқықтық конфликтілерді медиация жолымен реттеуге жол береді. Тіптен медиация қылмыстық жауаптылықтан босатудың бір негізі болып табылады.

Қылмыстық процестегі медиацияны бейтарап үшінші жақ – медиатор көмегімен қылмыстық-құқықтық конфликтілерді шешудің балама әдісі деп анықтауға болады. Бұл әдіс қылмыстық процеске қатысушы тараптармен ерікті түрде таңдалып, оларды татуластыру мақсатында жүргізіледі [131, 18 б]. Медиация қылмыстық процесс тараптарын татуластыру және қылмыстық қудалауды тоқтату мақсатында қылмыстық іс жүргізу шеңберінде қолданылатын дербес рәсім ретінде сипатталады. Дегенмен медиацияның қылмыстық процестен ерекшелігі айыпталушыға жәбірленушімен келісімге келу және келтірілген шығынның орнын толтыруға мүмкіндік беруінде болып табылады.

Қылмыстық істер бойынша медиацияның нормативтік негізін жалпы тәртіптегі және арнайы актілер құрайды. Жалпы нормативтік актілерге – Қазақстан Республикасының медиация туралы заңы мен медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту ережесін бекіту туралы қаулысы жатады. Арнайы актілерге – ҚР Қылмыстық кодексі [124], ҚР қылмыстық процестік кодексі [125], ҚР Жоғарғы сотының «Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 68 бабын қолдану бойынша сот практикасы туралы» қаулысы [132] жатады.

Жалпы медиацияны сот өндірісіне енгізу бастамасы 2002 жылғы 20 қыркүйектегі ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы [133] болып табылады. Бұл құжатқа сәйкес қылмыстық саясатты ізгілендіру міндетті түрде медиацияны қолдану арқылы жүргізілуі керек. ҚР медиация туралы арнайы заң [3] 2011 жылы қабылданды. Бұл заңмен медиацияның қолданылу салалары, мақсаты мен қағидалары, медиаторға қойылатын талаптар, медиация тараптарының құқықтары мен міндеттері, жүргізілу тәртібі ж.т.б. нормалар қарастырылды.

Қылмыстық процесте медиацияны қолданудың негізі ҚР қылмыстық кодексінің 68 бабында бекітілген ауыр емес немесе орта ауырлықтағы жазаланатын қылмыстық әрекетті жасау және келтірілген зиянды өтеу туралы норма болып табылады. Қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған

адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады [124].

Сонымен қатар ҚР қылмыстық кодекстің 68 бабын қолдану бойынша сот практикасы туралы ҚР Жоғарғы сотының қаулысы медиацияны қолдану бойынша сұрақтарды түсіндіреді. Қаулыға сәйкес ҚК-нің 68-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық теріс қылық жасаған адам, егер ол келтірілген зиянның есесін толтырса және ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса немесе медиация тәртібімен татуласса, қылмыстық жауапкершіліктен босатылуға жатады, яғни медиацияны қолдану нәтижесінде мұндай тұлғалар қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Сонымен қатар құқық бұзушылардың бірқатар санаттары үшін алғаш рет жасаған ауыр қылмыстары үшін де қылмыстық заң медиацияны қолдануға жол береді. Қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін деп көрсетілген. Сондай-ақ қылмыстық заң медиацияны қолдануға тыйым салатын негіздерді де бекітеді. азаптаулар; кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмысты кәмелетке толмаған адам он төрттен он сегізге дейінгі жастағы кәмелетке толмаған адамға қатысты жасаған жағдайды қоспағанда, мұндай қылмыс; абайсызда жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) өліміне алып келген жол-көлік оқиғасын жасау жағдайын қоспағанда, абайсызда адам өліміне не екі және одан көп адамның өліміне алып келген қылмыс; сыбайлас жемқорлық қылмыс; террористік қылмыс; экстремистік қылмыс; қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды; бұрын жасаған қылмысы үшін тараптардың татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босатылғаннан кейін осы Кодекстің 71-бабының бірінші бөлігінде белгіленген қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі ішінде қасақана қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Алайда ҚР қылмыстық кодекстің 68 бабын қолдану бойынша сот практикасы туралы ҚР Жоғарғы сотының қаулысының 15 т. сәйкес КПК-нің 36-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ҚК-нің 65-бабының бірінші бөлігінде, 66, 67-баптарында, 68-бабының екінші, үшінші бөліктерінде, 83 -бабының бірінші, үшінші бөліктерінде, сонымен қатар 441, 442, 444, 445, 446, 447, 448, 453 - баптарының ескертпелерінде көзделген жағдайларда 68-бабын қолдану үшін негіздер болған кезде сот қылмыстық істі қысқарту не қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату жөнінде айыптау үкімін қабылдауға құқылы [124] .

Сонымен ҚР қылмыстық кодексінің 68 бабының 1 тармағы жәбірленушімен татуласу нәтижесінде қылмыстық жауаптылықтан босатылу

керек болса, аталған баптың 2 тармағына сәйкес жауаптылықтан босатылуы мүмкін. Қылмыстық істер бойынша медиация абсолютті түрде қолданыла алмайды. Оның қолданылуы барысында белгілі-бір шектеулер бар. Медиацияны қылмыстық іс жүргізуде қолдану негіздері:

- Қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлық деңгейі;
- Жәбірленуші жеке тұлға болуы керек;
- Конфликт тараптарының еркі, яғни медиация көмегімен татуласу еріктілігі;
- Құқық бұзушының жәбірленушіге келтірген зиянының орнын толтыруы, өтеуі.

Әрі қарай Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік кодексіне [125] шолу жасасақ. ҚР ҚПК – жәбірленушіге медиация тәртібімен татуласу құқығын бекітеді (ҚПК 64 б., 9 т, 15 б). Медиатордың процессуалдық мәртебесі ҚПК 85 бабында қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар ретінде танылып, құқықтары мен міндеттері анықталған.

Медиация туралы заңға сәйкес медиация рәсімі сотқа дейін де сот сатысында да мүмкін. Сотқа дейін медиация жүргізу бойынша ұсыныс қылмыстық конфликтке қатысушы тараптардың бірінен, сондай-ақ қылмыстық өндірісті өз қарауына алған қылмыстық тергеуді жүргізуші тарапынан да болуы мүмкін. ҚР қылмыстық кодекстің 68 бабын қолдану бойынша сот практикасы туралы ҚР Жоғарғы сотының қаулысының 7 т. сәйкес татуласу жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қарсы қозғалған қылмыстық істі тоқтату туралы өтініші түрінде болады. Жәбірленушінің, арыз берушінің еркін білдіруі *жазбаша арызбен* ресімделеді немесе алдын ала тергеу барысында одан *сұрақ алу хаттамасында* не сот отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Медиация туралы келісім медиаторлардың қатысуымен тараптармен талқыланады және келісім ҚР медиация туралы заңының 21 бабында бекітілген талаптарға жауап беруі тиіс.

Сотқа дейінгі сатыдағы медиация қылмыстық сот өндірісін тоқтатпайды. Медиация туралы келісім сотқа беріледі. Қылмыстық қудалауды тоқтату туралы шешім сотпен қабылданады. ҚР ҚПК 382 бабы яғни істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы қылмыстық конфликтілерді сот сатысында қарау кезінде медиацияның қолдану мүмкіндігін бекітеді. ҚР ҚПК [125] сәйкес процеске қатысушыларға сот сатысындағы медиация тәртібімен қылмыстық істі қысқарту және қылмыстық жауаптылықтан босатылу мүмкіндігі туралы түсіндірме жұмыстары судьяның міндеті болып табылады. медиация туралы жариялап, бірақ тараптар ешқандай келісімге келе алмаса және медиативті келісімді бекітпесе іс бойынша өндіріс қайта жанданып, сот талқылауы жалғасады.

Медиация қылмыстық процестік заңмен бекітілген сотқа дейінгі және сот өндірісі мерзімдерінде жүзеге асырылуы мүмкін. Медиациядан бас тарту құқық бұзушының құқықтық жағдайына әсер етпейді. Медиациядан да, медиатордан да бас тарту қылмыстық істі қараудың кез-келген сатысында мүмкін. Медиациядан сондай-ақ медиатор да бас тартуы мүмкін. ҚР медиация туралы заңының 7 бабының 2 т. сәйкес медиатордың бейтараптылығына кедергі

келтіретін жағдайлар болған кезде медиатор медиация рәсімін жүргізуден бас тарта алады.

Медиация тәртібімен татуласу туралы келісім ҚР ҚПК 23, 170, 320, 365, 382, 383, 384, 397, 409, 429, 430 баптарында [125] қолданылады.

Жалпы медиация институты татуласу институтымен тығыз байланысты, қоғам мен мемлекеттің даму барысында қандай нысанда болмасын жүзеге асырыла отырып, қылмыс жасау барысында пайда болатын конфликтілерді шешудің тиімді тәсілі ретінде қолданудың объективті алғышарттарына ие болып табылады.

Қылмыстық сот өндірісіндегі медиацияны қылмыс жасау нәтижесінде пайда болатын конфликтілерді шешу үшін бейтарап делдалды (медиаторды) қатыстыра отырып жәбірленуші мен күдіктіні (айыпталушыны) татуластырудың ерікті және құпия нысаны деп анықтауға болады. Сондай-ақ бұл нысанның жәбірленушінің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін дербес құқықтық институттың қажетті әлеуеті мен белгілеріне ие екенін айту керек.

Азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға медиацияны қолдану ерекшеліктері. Азаматтық құқық қатынас пәні әдетте құқықтық қатынастың қатысушыларының теңдігіне, еркіне және мүліктік дербестігіне негізделген мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастар топтары болып бөліп қарастырылады. Азаматтық заңнама азаматтық құқықтық қатынас қатысушыларының теңдігін, меншікке қол сұғылмаушылық, шарт еркіндігі, жеке істерге кімнің болсын араласуына жол берілмеуін, азаматтық құқықтарды бөгетсіз жүзеге асыру, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, оларды сот арқылы қорғауды тануға негізделген. Азаматтық құқық қағидалары мен медиация қағидаларының көп жағдайда өте ұқсас екенін аңғаруға болады, бұл өз кезегінде азаматтық-құқықтық қатынастарда медиацияны қолдану үшін ерекше мүмкіндіктерді көрсетеді.

Кез-келген азаматтық құқықтық қатынастарда медиацияны қолдану мүмкіндігі мен қойылатын шектеулердің бар жоғын анықтау қажет.

Қазақстан Республикасының Медиация туралы заңының [3] 1 бабында медиацияның қолдану салаларының ішінде азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын даулар да бар.

Алайда заң шығарушымен медиацияны қолдануға тікелей тыйым салынған негіз ретінде аталған заңның 1 бабының 2 тармағын айтуға болады. Азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға, егер мұндай даулар (жанжалдар) медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса медиация рәсімі қолданылмайды. Сондай-ақ 2 тармағында тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын дауларға (жанжалдарға) медиация рәсімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады деген шектеулер бар.

Жалпы медиацияны қолдану бойынша азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын негіздер ЮНСИТРАЛ типтік заңында (24.06.2002ж) барынша

нақты көрсетілген. «Халықаралық коммерциялық (келісім) рәсімі туралы» дәлірек айтсақ коммерциялық сипаттағы қатынастар келесідей мәмілелерді қамтиды: кез-келген тауарларды немесе қызмет көрсетуді жеткізуге байланысты сауда мәмілелері; тауар немесе қызмет көрсетулермен алмасу; дистрибьютерлік келісімдер; коммерциялық өкілдік, агенттік қатынас; факторинг; лизинг, өндірістік объектілер құрылысы, кеңес беру қызметтерін көрсету, инжиниринг, лицензиялау, инвестициялау, қаржыландыру, банктік қызмет, сақтандыру, пайдалану туралы келісім, ортақ кәсіпорын және басқа да өндірістік немесе кәсіпкерлік серіктестік, тауарларды және жолаушыларды әуе, теңіз, темір жол немесе автокөлік құралдарымен тасымалдау (1 бабы) [134].

Қазақстан Республикасының заңдарында медиацияны міндетті тәртіпте қолдану туралы талап жоқ. Заң бойынша медиация еріктілік қағидасына сүйенеді. Алайда Еуроодақ «Азаматтық және коммерциялық істердегі медиацияның кейбір аспектілері туралы» 21.05.2008 жылғы №2008 /52/ Директивасына сәйкес сот тараптарды міндетті медиацияға жіберуге жол береді (12.т). Осыған ұқсас АҚШ заңдары да заң, сот шешімі немесе әкімшілік органның актілеріне сәйкес тараптарды арадағы дауларды медиация тәртібімен шешуге міндеттей алады [135, 155 б.].

Азаматтық құқықтық қатынастардағы медиацияның нормативтік негізін ҚР медиация туралы заңымен қатар ҚР Азаматтық процестік Кодекс құрайды. 2015 жылы 31 қазанда қабылданған жаңа Азаматтық процестік кодекстің [136] ең өзекті жаңалығы сот дауларын балама тәсілдермен шешу мен татуластыру рәсімін қолдануды енгізуі болып табылады. Жаңа АПК заң шығарушы медиация институтын енгізудің халықаралық және бастапқы тәжірибесін есепке алған. Жаңа АПК татуластыру рәсімінің нысандары мен тәртібі көрсетілген жеке тарау арналған.

ҚР АПК татуластыру рәсімінің түсінігіне анықтама бермейді. Жалпы татуластыру рәсімін – тараптар арасындағы дербес немесе үшінші тұлғалардың қатысуымен келіссөздер жүргізу жолымен, өзара тиімді талаптарда жүргізілетін құқықтық дауды реттеуге бағытталған рәсім деп анықтауға болады. Татуластыру рәсімі - ол даулы сұраққа өзара тиімді шешім мен жол іздеу. ҚР АПК 174 бабына сәйкес тараптар дауларды татуласудың бітімгершілік келісім, медиация және партисипативтік рәсім нысандарын қолдана отырып шешуіне болады [136]. Осы нысандардың ішінде дауларды медиация тәртібімен реттеу жаңа институт болып табылады.

«Сот медиациясы» термині алғаш рет 1999 жылғы Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне және «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 28 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленген «Азаматтық сот өндірісіне судьяның қатысуымен бітімгершілік рәсімдерді (сот медиациясын) енгізудің пилоттық жобасын іске асыру туралы ережесінде» айтылады [137].

Ережеге сәйкес сот медиациясына – бітімгершілік рәсімдерді жүзеге асыратын судьяның жәрдемдесуімен сот процесі тараптарының арасындағы дауды (дау-шарды) реттеудің бітімгершілік рәсімі деген анықтама беріледі.

Пилоттық жоба азаматтық сот өндірісіне судья бітімгер немесе судья медиатордың қатысуымен татуластыру рәсімін енгізуді мақсат етті.

Өз мақсаттарына қол жеткізу үшін Жоғарғы сот Пилоттық жобаға қатысатын соттардың алдына мынадай міндеттер қойды:

1. Бітімгершілік рәсімдерді қолдану аясын кеңейту;

2. Судьялардың жүктемесін азайту және істерді қарау мен шешу бойынша процеске қатысушылардың және соттардың шығындарын азайту;

3. Азаматтық айналымға қатысушылардың дау-шарларды және дауларды соттан тыс реттеуге мүдделілігін анықтау [137].

Пилоттық жоба 14 облыс орталықтары Ақтау, Ақтобе, Атырау, Орал, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Петропавловск, Жезқазган, Қараганды, Қызылорда, Тараз, Семей, Өскемен қалаларының азаматтық әстер бойынша мамандандырылған аудандық (қалалық) соттарда, сондай-ақ азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық сот алқалары мен оларға теңестірілген соттарда сәтті түрде жүзеге асырылды және оның негізгі идеялары 2016 жылы күшіне енгізілген жаңа АПК негізіне енді.

Тараптар медиативтік келісім жасасуға кәсіби медиатордың не судьяның жәрдемімен келеді. Тараптар осы азаматтық іс жүргізіліп жатқан судьяның медиацияны жүргізуі туралы өтінішхат бере алады. Азаматтық сот ісін жүргізуде медиация - бұл татуластыру рәсімдерін жүзеге асыратын судьяның көмегімен сот процесінің тараптары арасындағы дауды реттеудің татуластыру рәсімі. Дауды медиация тәртібімен тараптар бірінші және апелляциялық сотта, кассациялық сатыда өтінішхат мәлімдей отырып реттей алады. Бірінші сатыдағы медиатор ретінде іс жүргізуінде осы іс тұрған судья немесе басқа судья бола алады. Апелляциялық сатыда соттың алқалы құрамы судьяларының бірі медиатор болады. Егер медиация нәтижесінде қабылданған шешім тараптардың бірін қанағаттандырмаса, түпкілікті шешім қабылдау мүмкін емес. Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу тараптардың татуласуын білдіреді. Судья келісімнің мазмұнын тексереді, сондай-ақ оны бекіту және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер тараптар қандай да бір себептермен медиация рәсімінде өз дауларын шеше алмаса немесе сот келісімнің мазмұнын бекітпесе, онда іс бойынша іс жүргізу қайта басталады және істі қарау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Сот бекіткен медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісімді орындау бітімгершілік келісімнің қағидалары бойынша жүргізіледі .

Жоғарғы Сот Төрағасының 2017 жылғы 26 қаңтардағы өкімімен медиация тәртібімен даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) сотқа дейінгі реттеуді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы ереже [138] бекітілді.

Пилоттық жобаның мақсаты медиация тәртібімен даулардың (жанжалдардың) жекелеген санаттарын азаматтық сот ісін жүргізуге сотқа дейінгі реттеуді енгізу болып табылады.

Пилоттық жобаның міндеттері татуластыру рәсімдерін қолдану аясын кеңейту; азаматтардың сот шығыстарын барынша азайту; дауды соттан тыс реттеуге халықтың мүдделілігін анықтау болып табылады.

Медиацияны жүргізу қажет даулардың санаты:

1) баланың мүддесі үшін (баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы, ата-ананың баламен қарым-қатынас тәртібін айқындау туралы, баланы басқа адамдардан іріктеу туралы, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша 21 жасқа дейінгі жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларды асырап-бағуға алимент өндіріп алу туралы жыл);

2) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабы 1-тармағының тәртібімен келісу комиссиясына міндетті сотқа дейінгі өтініш көзделмеген еңбек даулары;

3) мұрагерлік;

4) көршілер арасында туындайтын жер учаскесінің шекарасын айқындау туралы, пәтерлер шығанағы туралы;

5) кондоминиумды басқару мәселелері бойынша, көшіру туралы;

6) некені бұзу және мүлікті бөлу туралы;

7) қарыз шарттары бойынша;

8) сақтандыру [138].

Медиацияны жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің «Медиация туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары негізінде жүргізіледі. Судья өтініш келіп түскен кезде тараптарға хабарлама жібереді.

Медиатор медиацияны жүргізу туралы өтінішхатты берген және тараптардың медиатормен жасасқан шарты соттарға ұсынылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады және тараптар медиацияны судья өткізетіндігі туралы өтінішхатты берген кезде медиация 10 жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Медиация тараптарының татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде қол жеткізген дауды реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар қол қояды. Судья дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіту туралы және іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Ал егер дауды медиация жолымен шешуге мүмкіндік болмауына байланысты тараптар жазбаша түрде медиациядан бас тартуы осы азаматтық іс 3 (үш) жұмыс күн ішінде оның іс жүргізуіндегі судьяға жолданады, ондай жағдайда іс бойынша іс жүргізу қайта басталып, істі сот талқылауына дайындау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бұл туралы іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы соттың ұйғарымында көрсетіледі. Бұл жоба да өзінің оң нәтижелерін көрсетті.

2018 жылы ҚР Жоғарғы Соты сот жүйесін одан әрі дамыту бойынша жеті басым бағытты ұсынды. Судьялардан, адвокаттардан, сот қызметкерлерінен, заңгерлік қауымдастықтардан келіп түскен мыңнан астам ұсыныстың негізінде даярланған бұл жоба «Сот жүйесінің 7 түйіні» [139] деп аталды.

Сот жүйесін дамытуға бағытталған жоба 7 бағытты қамтиды: «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Smart Сот», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотқа дейін және соттағы татуласу».

Осындағы 7 түйін «Сотқа дейінгі және соттағы татуласу» бойынша 2018жылдың 19 наурыздан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсанына дейін барлық аудандық және оған теңестірілген соттардың барлығында, Сингапурдың тәжірибесі бойынша «Соттағы татуластыру рәсімдері» Пилоттық жобасы іске қосылды [140]. Бұл қоғамдағы жанжалды азайту, серіктестік, достық және кейде тіпті туыстық қатынастарды сақтау тұрғысынан өте маңызды жоба болды. Оған 97 сот және 118 татуластырушы судья қатысады. Жоба барысында даулардың 28% - ы сотқа дейін татуластырылды. Бидің 413 кеңесі де бізге татуласуға көмектеседі. Осы мақсатта "Атамекен" ҰКП өкілдері экономикалық соттарға қатыстырылды. АІЖК-ге татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде талап арызды қабылдау мерзімін 5-тен 10 жұмыс күніне дейін ұлғайтуды көздейтін түзетулер енгізілді. Енді сот талабы алдымен судьяға түседі, оның бір міндеті-татуласу. Егер жоқ болса, онда істі басқа судья қарайды. Бірақ одан келісімге келу міндеті алынып тасталмайды. Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органдармен, Кәсіподақтар федерациясымен, медиаторлар ұйымдарымен бірлесіп, медиаторлар, психологтар, заңгерлер жұмыс істейтін 47 татуластыру орталығы ашылды. Сондай - ақ, бүгінгі таңда 1016 татуластыру кабинеті жұмыс істейді, оның 308-і сот үй-жайларында [141].

Осындай бастамалардың нәтижесінде дауларды балама шешу әдістерін қолдану, соның ішінде конфликтілерді медиация тәртібімен шешу дамып келеді. Дауларды бейбіт реттеудің жаңаша рәсімдерін енгізе отыра, соттар жазалаушы сот төрелігінің белгілерінен бас тартады. Соттар азаматтық сот өндірісінің алдында тұрған дауласушы тараптарды татуластыру, оларды келісімге келуге жетелей отырып бір-біріне деген сыйластықты, заң және шарт алдындағы жауапкершілікті қалыптастыру сияқты біршама міндеттерді шешеді.

Еңбек дауларын медиация арқылы шешу. Медиацияның еңбек дауларында қолданылуы бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Еңбек заңдарының жұмыс беруші тарапынан сондай-ақ жұмысшы тарапынан да бұзылуы жиі кездесетін құбылыс. ҚР Конституциясы [142] азаматтардың жеке және ұжымдық еңбек дауларын заңдармен бекітілген тәсілдермен шешу құқығын бекітеді. ҚР Медиация туралы заңына [3] сәйкес ондай тәсілдердің біріне медиация рәсімін қолдану болып табылады. ҚР Азаматтық процестік кодексіне [136] сәйкес еңбек даулары татуластыру рәсімі арқылы шешілуі мүмкін. Татуластыру рәсімдері ретінде заң бітімгершілік келісім, медиация және партисипативтік рәсім түрлерін көрсетеді. Алайда татуластыру рәсіміне анықтама бермейді. 2015 ж. 25 қарашадағы қабылданған ҚР Еңбек кодексінің 162 бабы [143] татуластыру рәсіміне мынадай түсінік береді: татуластыру рәсімдері – ұжымдық еңбек дауын бастапқыда татуластыру комиссиясында, ал онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігінде, сондай-ақ медиация рәсімін қолдана отырып, тараптардың өзара келісуі бойынша рет-ретімен қарау. Еңбек дауларын медиация рәсімдерін қолдана отырып шешу ерікті және балама сипатқа ие, өйткені заң шығарушы еңбек дауларын қарау және шешу өкілеттігін жеке еңбек даулары бойынша келісу комиссиясына және соттарға, ал ұжымдық еңбек даулары бойынша татуластыру комиссиясы, онда келісімге қол жеткізілмеген кезде – еңбек төрелігі, ол реттемеген мәселелер бойынша –

соттар қарайды. Еңбек дауларының тараптары конфликтіні шешу үшін медиаторды шақыруға байланысты шешімді дербес, ерікті түрде қабылдайды.

Еңбек дауларына медиация рәсімін қолдануды шектейтін норма ҚР медиация туралы заңының 1 бабының 3 тармағында көрсетілген, яғни тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және заңды тұлғалар қатысатын еңбек дауларына медиация рәсімі заңдарда көзделген жағдайларда қолданылады. Сондай ақ «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы ҚР Жоғарғы Сотының 2017ж. 6 қазандағы №9 нормативтік қаулысына [144] сәйкес жұмыскерлердің жекелеген санаттары "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының [145] талаптары қолданылатын адамдардың еңбек даулары, әскери қызметтегі адамдардың, арнаулы мемлекеттік, құқық қорғау органдары мен мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері қатысатын еңбек даулары бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының әрекет етіп тұрған заңына сәйкес медиация рәсімі жеке еңбек дауларында да, содай ақ ұжымдық еңбек дауларында да қолданылады. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын еңбек құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды реттеу кезіндегі медиация сотқа жүгінгенге дейін де, сот талқылауы басталғаннан кейін де қолданылуы мүмкін. Медиацияны жүргізу тараптардың өзара келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер тараптардың бірі медиацияға жүгіну туралы ұсынысты жазбаша түрде жіберсе және оны жіберген күннен бастап он күн ішінде немесе ұсыныста көрсетілген өзге де орынды мерзімде медиация рәсімін қолдануға басқа тараптың келісімін алмаса, мұндай ұсыныс қабылданбаған болып есептеледі. Ал егер ұсыныс қабылданса тараптар медиация туралы шарттың талаптарын өзара келісуі тиіс.

Егер медиация рәсімі туралы сот тәртібімен қарастырылатын болса онда ҚР Азаматтық процестік Кодексінің нормаларымен реттеледі.

Сондай-ақ Жоғарғы Сот Төрағасының 2017 жылғы 26 қаңтардағы өкімімен [144] медиация тәртібімен даулардың жекелеген санаттары бойынша дауларды (жанжалдарды) сотқа дейінгі реттеуді енгізу жөніндегі пилоттық жобаны іске асыру туралы ережесіне сәйкес даулардың жекелеген санаттарын азаматтық сот ісін жүргізуге сотқа дейінгі реттеуді енгізу мақсатында Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің [143] 159-бабы 1-тармағының тәртібімен келісу комиссиясына міндетті сотқа дейінгі өтініш көзделмеген еңбек даулары енді. Оларға жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда жеке еңбек даулары жатады.

Әкімшілік құқықтық қатынастардағы медиация. 29 маусым 2020 жылғы №351-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңына сәйкес

ҚР «Медиация туралы» Заңына [3] медиация рәсімін қолдану салаларына қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Дәлірек айтсақ алдын егер даудың бір тарапы мемлекеттік орган болса медиация қолданылмайтындығы заңда тікелей көрсетілген болатын. Ал қазір ҚР Медиация туралы заңының 1б 3т. «Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын дауларға (жанжалдарға) медиация рәсімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады» деп көрсетілген. Өз кезегінде 2020 ж. 29 маусымда қабылданған ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі [146] медиацияны жүргізу тәртібін қарастырады. Соттардың қарауына жария құқықтық қатынастардан туындайтын даулар жатады. Өз кезегінде жария құқықтық қатынастардың қатысушылары болып мемлекеттік органдар немесе мемлекеттік қызмет өкілеттілігі берілген субъектілер (мысалы жеке сот орындаушылары, нотариустар ж.т.б.) табылады.

Азаматтар мен ұйымдардың қатысуымен болатын жария құқықтық даулар бойынша медиация жүргізу мүмкіндігі 05.09.2001 ж Еуропа Кеңесінің министрлер Комитетінің «Әкімшілік органдар мен жеке тараптар арасындағы сот істеріне баламалар туралы» Ұсынысында тікелей көрсетілген. Осыған байланысты Еуропаның Германия, Нидерланды, Франция, Греция, Румыния, Ұлыбритания сияқты елдерінде әкімшілік дауларды медиацияны қолдана отырып шешу сәтті іске асырылуда.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік [146] кодексінің 120 бабында әкімшілік дауларды шешудің балама әдістерінің татуласу, медиация және партисипативтік әдістері арқылы, тараптар ерікті түрде яғни өзара келісу арқылы және әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады.

Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды.Келісім мәжбүрлеу тәртібімен орындаушылық талаптарға сай келуге және тараптарды татуластыратын шарттарды, сондай-ақ сот шығыстарын, оның ішінде өкілдер көрсеткен қызметке ақы төлеуге арналған шығыстарды бөлу тәртібін қамтуға тиіс.

Сот тараптардың медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы өтінішхатын сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды және келісімді бекіту не одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Келісім ерікті түрде орындалмаса сот келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады.

Егер келісімнің шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, онда сот мұндай келісімді бекітпейді. Егер тараптар медиация тәртібімен дауды реттеу туралы келісімге келе алмаса әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен әрі қарай жүргізіле береді.

Сотта медиация жүргізудің тәртібі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің [146] 121 бабында көрсетілген. Медиация жүргізетін судья медиация күнін белгілейді және тараптарға хабарлайды. Бірінші сатыдағы сотта медиация

жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі. Алайда тараптардың өтінішхаты бойынша медиацияны әкімшілік іс өзінің іс жүргізуіндегі судья жүргізуі мүмкін.

Апелляциялық сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс, әдетте, соттың алқалы құрамын судьялардың біріне беріледі. Ал кассациялық сатыдағы сотта дауды (жанжалды) медиативті келісім жасасу арқылы реттеу туралы өтінішхатпен бір мезгілде тараптар аталған келісімді ұсынуға тиіс. Медиация жүргізу хаттамасы сотта жүргізілмейді.

2023 ж. әкімшілік істер бойынша әкімшілік соттарға 31 123 іс келіп түсті, 5423 іс қайтарылды, 9461 іс шешім шығарумен қаралды, оның ішінде 5 327 іс қанағаттандырылды, 4 134 іс Бас тартылды. 419 іс бойынша бітімгершілік келісімдер, 3 253 іс бойынша медиативтік келісімдер, 8 іс бойынша партисипативтік рәсім тәртібімен дауды реттеу туралы келісімдер жасалды (әкімшілік істердің 15,4% - ы медиация арқылы реттелді) [147].

Отбасылық құқықтық дауларда медиацияны қолдану ерекшеліктері. ҚР медиация туралы заңына сәйкес отбасылық қатынастардан туындайтын даулар медиацияны қолдану саласы болып табылады. Аталған заңның 25 бабында медиацияның отбасылық қатынастар саласындағы ерекшеліктері қарастырылған. Заңға сәйкес отбасындағы некені жалғастыруға, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға, балалардың тұрғылықты жерін белгілеуге, ата-аналарының балаларды бағып-күтуге салымына қатысты ерлі-зайыптылар арасындағы келіспеушіліктер, сондай-ақ отбасылық қатынастардан туындайтын басқа да келіспеушіліктер медиация арқылы шешілуі мүмкін деп көрсетілген [3].

2014 жылы 17 қарашада «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» [126] өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес отбасылық құқықтық даулар сот тәртібімен бірге медиация тәртібімен де қарастырылады, яғни Заңның 18 бабына сәйкес некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың арасында ортақ мүлікті бөлуге, еңбекке қабілетсіз жұбайын, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға қаражат төлеуге қатысты туындайтын даулар медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен қаралады делінген. Сондай-ақ Заңның 37 бабының 3 т. Дау туған жағдайда, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың осы мүліктегі үлестерін айқындау медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен жүргізіледі. 73 бабының 2 т. ата-аналары бөлек тұратын кезде баланың тұрғылықты жері мен заңды мекенжайы ата-аналарының келісімімен белгіленеді. Келісім болмаған кезде ата-аналардың арасындағы дау баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, ата-аналардың талап етуі бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасасуға құқылы. Егер ата-аналар келісімге келе алмаса – дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда – дау осы органның және баланың ата-

аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді деп көрсетілген [126].

Медиация рәсімін жүргізуші медиатор жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша өз қызметін атқару барысында, ең біріншіден баланың заңды құқықтарын ескеріп отыруы қажет. Егер баланың қалыпты өсуіне және дамуына қауіп төндіретін немесе төндіруі мүмкін немесе оның денсаулығы мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін фактілер анықталса, медиатор баланың құқықтарын қорғау жөніндегі өкілеттікті жүзеге асыратын органға жүгінуге міндетті.

Аталған өзгерістерге сай бүгінгі күні отбасылық құқықтық даулардың көп бөлігі дерлік медиация тәртібімен шешілуде. Осы жерде айта кетерлік жайт тараптар отбасылық-құқықтық дауларды шешу үшін медиаторға жүгінгенде отбасын сақтап қалу немесе қалыпқа келтіру мәселесі бірінші кезекке шығарылады. Өйткені соңғы жылдары елімізде де ажырасу көрсеткіші күрт өсіп барады. Сарапшылардың зерттеуінше, елімізде жылына орта есеппен 140 мың отбасы шаңырақ көтерсе, оның 50 мыңы ажырасып кетеді екен. Яғни ажырасу үлесі жалпы тіркелген неке санының 34,4%-ын құрап отыр. Осы тұста, отбасы институтын нығайту қажеттігі айтпаса да түсінікті. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, былтырдың өзінде 17,7 мың отбасының шаңырағы шайқалған. Көбіне ортақ баласы жоқ ерлі-зайыптылар мен ерте жаста шаңырақ көтерген отбасылардың ажырасу үлесі жоғары екені анықталған [148].

2023 жылы АХАТ органдары Қазақстан Республикасында 120,8 мың некені тіркеді, бұл бұдан бұрынғы жылмен салыстырғанда 5,9% аз.

Некелесудің жалпы коэффициенті 6,07 құрады (1000 адамға шаққанда).

Өңірлер арасында Астана қаласының тұрғындары көп некелескен, 1000 адамға шаққандағы кэффициент 7,46, ал ең төменгі деңгей Түркістан облысында – 1000 адамға 5,55 болды.

Отбасын құрғандардың ішінде бірінші рет некеге тұрған ерлердің үлесі 78,2%, әйелдерде – 79,4%, ажырасқандар арасында қайта некеге тұру үлесі ерлерде 20,4%, әйелдерде 18,9% болды. Қалалық жерлерде 80 мың неке (66,2%), ауылдық жерлерде 40,8 мың неке (33,8%) тіркелді.

Алғаш рет некеге тұрғандардың орташа жасы ерлер үшін 27,8 жас, әйелдер үшін 25,2 жас болды. Тіркелген некелердің 82,3% моноэтникалық, яғни бір ұлт арасындағы жұптардың отасуы, ал қалған 17,7% – этносаралық.

Ажырасуға келетін болсақ, олардың саны 2022 жылмен салыстырғанда 9,6% азайып, 40,2 мыңды құрады. Қалалық жерлерде 29,4 мың ажырасу (73,1%), ауылдық жерлерде 10,8 мың ажырасу (26,9%) тіркелген.

Ажырасудың жалпы коэффициенті 2,02 құрады (1000 адамға шаққанда).

Ажырасудың ең жоғары деңгейі ШҚО-да – 1000 адамға шаққандағы коэффициент 3,14, Түркістан облысында ең төмен – 1000 адамға 0,89. Осылайша, 2023 жылы 1000 некеге 333 ажырасудан келген (2022 ж. – 347) [149].

Ұлттық экономикалық зерттеу институтының дерегінше 2023 жылы Қазақстан ажырасу бойынша әлем бойынша 2 орынға шыққан. Неке ұзақтығы бойынша ажырасулардың ең көп үлесі (34,9%) некеде 1-4 жыл өмір сүрген отбасылар арасында, тағы 26,7% 5-9 жыл бірге отасқандар арасында болған.

Тараптар отбасын сақтап қалу мүмкіндігінің жоқ екендігін хабарлағанда ғана ажырасу талаптарындағы отбасылық-құқықтық қатынастарды жүзеге асыруға байланысты даулар шешіледі. Медиатор тараптардың арасында ортақ балаларын тәрбиелеуге қатысты серіктестік қатынастың сақталуына баса назар аударады.

Өңірлерде соңғы жылдары татуластыру орталықтарын ашу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Онда психологтар мен медиаторлар өз қызметін көрсетеді. Қазақстанның достық үйлерінде, АХАТ органдарында, соттарда медиаторлар кабинеттері ашылуда. Мұндай жұмыстардың көп бөлігі қазақ қоғамындағы отбасы институтын, отбасы құндылықтарын сақтап қалуға бағытталған.

Медиацияның сот актісін орындау сатысындағы ерекшеліктері. Заң шығарушы сот шешімін орындау сатысында да медиация рәсімін қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Жалпы тәжірибеде сотта жеңіп шығу бір жұмыс, ал енді соттың шешімінің нақты орындалуы – бұл сұрақ деген пікір қалыптасқан. Атқару өндірісі сатысында тараптардың келуіне алғышарттар қалыптасуы мүмкін. Мысалы көбінесе өндіруші өндіріп алу мәселесіне тап болып жатады. Нәтижесінде өзіне тиесіліні ала алмаған өндіруші өз талаптарын қанағаттандыратын түрлі жолдарды қарастыруға дайындығын көрсетіп жатады. Ал борышқор өз кезегінде өзіне қолданып жатқан нақты мәжбүрлеп өндіріп алу, талапты қамтамасыз ету шараларынан (ҚР территориясынан шығуды шектеу, мүлікке тыйым салу, соның ішінде банк шоттарына тыйым салу және т.б.) қауіптеніп татуласуға деген қызығушылығы оянып жатады.

Ал енді дау сотпен шешіліп қойған соң тараптар (әсіресе ұтылған жауапкер, борышқор) дауға деген қатынасын өзгертеді. Осындай жағдайларда тараптардың толықтай, өзара тиімді талаптарда ортақ келісімге келуіне медиация көмектеседі. 2014 ж. 15 қаңтарда №164-V ҚР кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңына сәйкес, 2010 ж. 2 сәуірдегі №261 – IV Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңына [150] өзгерістер енгізілді. Аталған заңның 47 бабының 1 тармағы 2.1 тармақшасымен толықтырылды. Оған сәйкес тараптар атқару сатысында медиатор (кәсіби немесе кәсіби емес) көмегімен дауды реттеу туралы келісім жасауға құқық берілді. Мұндай келісім жасау салдары атқарушылық өндірістің және орындауды қамтамасыз шараларының да тоқтатылуына алып келеді. Медиация туралы келісім сот орындаушысына ұсынылады, атқарушылық іс жүргізу 30 күннен аспайтын мерзімге тоқтатыла тұрады. Медиация туралы келісім сот актісі орындалатын жердегі бірінші сатыдағы сотқа немесе сот актісін шығарған сотқа бекітуге ұсынады [3].

Медиацияны қылмыстық жазаны орындау сатысында жәбірленушінің іс бойынша қанағаттандырылған талаптарымен бірге сәйкес залалды өтеу бөлігінде қолдану тәжірибесі қалыптасуда. Сотталған, бас бостандығынан айыруға үкім шыққандар мен жәбірленуші арасындағы дауды медиация тәртібімен реттеу жөнінде келісім жасалады. Әдетте залалдың орнын толтыру жөнінде сот үкімін орындау бойынша қаражаты жоқ сотталушылар шартты түрде мерзімінен бұрын

босатылған немесе жазаны қылмыстық жазаның неғұрлым жұмсақ түріне ауыстырған жағдайда келтірілген залалды өтеу есебіне ай сайын қаражат төлеу туралы уағдаласады. ҚР ҚК 72-бабының 2-бөлігін, ҚК 44-бабының 2-бөлігін басшылыққа ала отырып сот сотталушының шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаны неғұрлым жеңіл жаза түріне ауыстыруды немесе босату туралы өтінішхатын қарастыра отырып, сотталушы мен жәбірленушінің дауды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі келісімін бекітеді, сотталушыға дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімге сәйкес өз мойнына алған, сот үкімінің азаматтық талап бөліміндегі міндеттеме ретіндегі пробациялық бақылау белгідейді. Мұндай істер бойынша тәжірибе сотталушылардың жәбірленуші алдында өз міндеттерін тиянақты орындайтынын көрсетіп отыр. Ол өз кезегінде бір жағынан залалдың орнын толтыру үшін жұмыс жасайды, екінші жағынан сотталушының қайта әлеуметтенуіне де әсер етеді.

2.3 Қазақстан Республикасындағы медиаторлардың құқықтық жағдайы

Дамудың жаңа кезеңіндегі Қазақстандағы дауларды балама шешу мәселесі өте күрделі, ауқымды және салааралық сұрақ болып табылады.

Дауларды реттеудің тәсілдері ретінде балама рәсімдерді қазіргі уақыттағы әлемнің экономикалық жағынан дамыған барлық елдерінде пайда болып, белсенді түрде қолданылып жатқан құқықты соттан тыс қорғау нысаны деп анықтауға болады. Дауларды балама шешудің келіссөздер, медиация, партисипативтіті рәсім сияқты тәсілдері Заң тұрғысынан бекітілсе де тәжірибеде кеңінен қолданылып кете қойған жоқ.

Соның ішінде медиацияның құқықтық реттелуінің ішінде ең өзекті мәселе болып медиатордың құқықтық мәртебесін анықтау болып табылады. Өйткені татуластыру рәсімдерінің маңызды, орталық субъектісі медиатор болып табылады. Медиатор (лат. тілінен аударғанда *medius*— орта, орталық; лат. *mediātor*— делдал) – медиация рәсімін жүргізу арқылы адамдар, ұйымдар арасында пайда болған, шешілуді талап етілетін конфликтілерді реттеуге әсер ету, көмектесу үшін шақырылған маман болып табылады. Медиатор даудың шешілу жолдары бойынша, үдерісі бойынша пікірі мен көзқарастарын білдірмейді, дау бойынша шешім шығармайды. Ол дау тараптарына екеуіне де қолайлы болатын шешімге келуге көмектеседі. Конфликтілерді реттеудің балама әдістерінің тиімділігі көп жағдайда олардың біліктілік деңгейіне байланысты.

Медиация дауларды шешудің балама тәсілдерінің бірі болып табылады. Бірқатар шетелдердің құқықтық тәжірибесімен салыстырғанда медиация институты ұлттық құқықтық жүйеде салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болып табылғанымен аталған татуластыру рәсімі көптеген ұлттық құқықтық кеңістікте белсенді түрде дамып, таралып жатыр. Бұл өз кезегінде рәсімнің азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудағы тәжірибелік маңызы мен қажеттілігін білдіреді. Медиация институтының отандық құқықтық жүйеде

құқықтық түрде рәсімделгеніне қарамастан заң шығарушымен тәжірибелік мәні бар бірқатар сұрақтар бойынша өзгерістер енгізілді.

Алайда медиация рәсімінің отандық заң саласында даму мәселелері бойынша зерттеулер медиацияның құқықтық регламенттелуінде елеулі мәселелердің барын көрсетеді. Медиацияның құқықтық реттелуінің ішінде ең өзекті мәселе болып медиатордың құқықтық мәртебесін анықтау болып табылады. Өйткені татуластыру рәсімдерінің маңызды субъектісі және конфликтілерді реттеудің балама әдістерінің тиімділігі көп жағдайда медиаторлардың кәсіпқойлылық деңгейіне байланысты. Қазақстан Республикасындағы медиаторларды оқыту мәселесіне байланысты, оларға қойылатын талаптар бойынша мәселелер бар.

Татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдануды қамтамасыз ету үшін заңдарды әрі қарай жетілдіру маңызды болып табылады. Ол өз кезегінде дауларды шешудің балама әдісінің осы түрінің кеңінен тәжірибелік қолдануына әсер етеді.

Қазақстан Республикасының медиация туралы Заңы медиаторлар мен медиация рәсімін өткізуді қамтамасыз ететін ұйымдардың құқықтық мәртебесін бекітеді және оларға белгілі-бір талаптар қояды.

Заңға сәйкес медиациямен медиатор айналысады, яғни тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады [3].

Заң медиацияның кеңінен таралуына жағдайлар жасай отыра, медиацияның кәсіби және кәсіби емес негізінде айналысуға мүмкіншілік береді. Қазақстан Республикасында медиатордың қызметі кәсіби негізде (кәсіпқой медиатор) де және қоғамдық негізде (қоғамдық медиатор) де жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоғамдық медиаторларға заң екі талап қояды: ол қырық жасқа толуы керек және қоғамдық медиаторлар тізімінде болуы тиіс. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сотта татуластыру рәсімдерін жүргізу кезінде судьялар медиатор қызметін қоғамдық негізде жүзеге асыра алады.

Ал кәсіби медиаторларға қойылатын талаптар қоғамдық медиаторларға қойылатын талаптардан қатаңырақ болып табылады. Заңның 9 бабының 4 тармағына сәйкес жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 244-НҚ бұйрығы «Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» [121]. қаулысына сәйкес оқудан өткендігін растайтын құжаты (сертификаты) бар және кәсіпқой медиаторлар тізілімінде тұрған адамдар кәсіби медиаторлар бола алады. Сондай-ақ, отставкадағы судьялар тізілімінде тұрған отставкадағы судьялар да медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыра алады.

Осы орайда медиатордың еңбек құқығы тұрғысынан мәртебесіне тоқталып өтсек. Жалпы медиация – кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды және оны заңда тікелей тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерімен бірге жүзеге асыра беруге болады. Медиатор сондай-ақ жеке кәсіпкер ретінде тіркеле алмайды.

Кәсіби медиатордың жұмысшы ретіндегі мәртебесі Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 79, 485 баптарында айқындалған [151]. Заң бойынша кәсіби медиатор адвокаттық қызмет, нотариаттық қызмет, жеке сот орындаушылық қызметтермен қатар жеке практикамен айналысушылар санатына енгізілген. Аталған заңның 79 бабына сәйкес жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қою нотариаттық қызметті, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметті, адвокаттық қызметті, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру басталғанға дейін сервистік бағдарламалық өнімдер арқылы электрондық нысанда ұсынылған, жеке тұлғаның жеке практикамен айналысатын адамды тіркеу есебіне алу туралы салықтық өтініші негізінде жүргізіледі. Салық органдары салықтық өтініш алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жеке тұлғаны жеке практикамен айналысатын адам ретінде тіркеу есебіне қоюды жүргізеді.

Жеке практикамен айналысатын адамдар әлеуметтік салықты республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төленетін күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2 еселенген мөлшерінде өзі үшін және айлық есептік көрсеткіштің 1 еселенген мөлшерінде әрбір жұмыскер үшін есептейді.

Ендігі жерде заңда тікелей көрсетілген медиатор қызметтеріне шектеулерге тоқталсақ. Біріншіден мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті және оған теңестірілген тұлғалар медиатор бола алмайды. Өйткені медиация – азаматтық қоғамның тәуелсіз институты болып табылады. Мұндай жағдайда мемлекеттік қызметті медиативті қызметпен сабақтастыру мүмкін емес. Олар билік өкілдері болып табылады және мемлекеттік қызметші статусы белгілі бір шектеулер қояды және дауларды реттеуде тәуелсіз медиаторлар рөлінде шыға алмайды.

Заңда көрсетілген келесі шектеулер: ол заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адам, оған қатысты қылмыстық қудалау жүзеге асырылатын және заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам медиатор бола алмайды.

Ғылыми әдебиеттерде медиатордың қызметінің бірқатар қағидаларға сүйене отырып жүргізілетіні жөнінде айтылады. Олар: өзара сыйластық, тараптардың дербестігі, медиаторлардың кәсібилігі және бейтараптылығы, медиацияның ашықтығы және жауапкершіліктілігі [152, 22 б].

Д. Хоффман медиация түсінігінде қалыптасқан мынадай этикалық қағидаларды келтіреді: мүдделер қайшылығына жол берілмеушілік қағидасы, медиаторлар өз мүмкіндіктерінің шегін білуге міндетті, медиаторлардың медиация үдерісінің басталғанынан аяғына дейін бейтараптылығы, еріктілік қағидасы, құпиялылық қағидасы, зиян келтірмеу қағидасы, тәуелсіздік қағидасы, ақпараттану келісімі қағидасы, дауды шешу үшін ұсынылып отырған нұсқаның үшінші тұлғаларға зиян келтірмейтіндігіне көз жеткізу, медиаторлардың адалдығы, шынайылығы [153, 297-298 бб.].

Медиатордың тәуелсіздігі мен бетараптылығы қағидасына сәйкес медиатор оның қарым-қатынасы бейтарап және әділ болып табылатын рәсімдерге ғана қатысуға құқығы бар. Осыған байланысты қарастырылып отырған қағида медиаторға бірқатар міндеттер мен тыйымдар жүктейді:

- Дауласушы тараптардың субъективті көзқарастарына негізделген алалаушылықтан, сондай-ақ олардың әлеметтік жағдайы немесе медиация рәсімі кезіндегі мінез-құлықтары бойынша алдын-ала көзқарас қалыптастырудан алшақ болуы керек;
- Тараптардың қай жағына болмасын басымдықтар берілмеуі керек;
- Оның тәуелсіздігі мен бейтараптығына әсер ететін қандай да жағдайлар туралы хабарлауға міндетті.
- біржақтылық немесе әділетсіздік туралы әсер қалдыратын кез келген мәлімдеме немесе әрекетке жол бермеуі керек;
- дауласушы тараптардың пайдасына немесе оларға қарсы ақпараттар жинауға болмайды;
- дұрыс немесе әділеттілік тұрғысынан тараптардың әрекеттеріне баға берілмеуі тиіс;
- конфликт мәні бойынша өз пікірін таңбауы тиіс;
- медиация тараптарының теңдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы келіссөздердің конструктивті жүруіне септігін тигізеді, өйткені әдетте дауласушы тараптар бөгде адамдардың көзінше қарым-қатынастың деструктивті әдістерін пайдаланудан тартынады. Сондай-ақ тараптар өз мәселелерін бейтарап үшінші тұлғалардың қатысуымен талқылауды мақұл көреді. Медиаторлардың жүріс-тұрысының Еуропа кодексінде тәуелсіздік және бейтараптылық қағидасы бөліп қарастырылатынын айта кету керек [154], алайда өзара байланысты ретінде бекітіледі. Кодекске сәйкес медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы медиация нәтижелеріне деген кез-келген мүдделіліктің, жеке және іскерлік қатынастың болмауымен, сонымен қатар тараптардың біреуінің мүддесіне әрекет етуді болдырмаумен қамтамасыз етіледі. Бейтараптылық өз кезегінде тараптардың әрқайсысына абсолютті түрде объективті болу мен оларда медиатордың қызметі туралы оң көзқарас қалыптастырудан көрінеді.

Осы орайда медиатордың кәсіпқойлылығы қағидасы назар аударатын мәселе болып табылады. Ол медиаторға заң бойынша қойылатын талаптардан көрініс табады. Медиатордың қызметі кәсіпқой негізде және қоғамдық негізде жүзеге асырылатынын айтып өттік. Осыған байланысты медиатордың кәсіпқойлығы қағидасы бойынша қоғамдық медиаторларға қатысты мәселе туындайды. Заңға сәйкес оларға қатысты екі ғана талап қойылған. 40 жастан асуы керек және медиаторлар тізімінде болуы тиіс. Ал кәсіби медиаторлар 25 жасқа толған және жоғары білімі бар, арнайы сертификаты бар, медиаторлар тізімінде тұрған адамдар бола алады. Яғни қандай да арнайы жоғары білім талап етілмейді. Кез келген мамандық иелері медиатор болуға құқылы. Медиатордың мәртебесін былайша анықтау біздің ойымызша шалағай, үстіртін. Конфликтілерді шешу үшін заң білімінен басқа да білімдер мысалы психология,

экономика, медицина, құрылыс ж.т.б салалардағы білімдер маңызды болуы мүмкін, алайда медиатор үшін құқықтық білім өте қажет деп ойлаймыз.

Кәсіби медиатор болып конфликтінің мазмұндық және құқықтық жақтары туралы жақсы түсінікке ие, сондай-ақ психология/конфликтологияда дағдысы бар тұлғалар болуы керек деген пікірдеміз. Сонымен қатар медиатордың шеберлігі оның делдал ретінде дайындығы деңгейіне, жеке қасиеттері мен қабілеттеріне де тәуелді.

Медиацияның қағидалары медиатор қызметінің бағдары, оның функцияларын жүзеге асыруда өзіндік шеңбер болып табылады.

Заң медиаторлардың өзін-өзі реттеу ұйымдарына қатысты қызметтерді ғана қарастырып, медиаторлардың қызметін нақты анықтай қойған жоқ. Олар медиаторлардың Еуропалық жүріс-тұрыс кодексінде де бекітілмеген. Осыған байланысты әрі қарай медиатордың мәртебесіне қызметтік талдау доктриналды қайнар көздер арқылы жүргізіледі.

Конфликтологиялық әдебиеттерде медиаторлардың қызметтерінің ішінен мыналар шығады: ұйымдастырушылық, аналитикалық, бақылау, сондай-ақ белсенді тыңдау, идеялар ұсыну, ресурстарды кеңейту, психологиялық жай-күйді сақтау және оқыту [155, 145 б.].

Ең алдымен медиатор медиацияны ұйымдастырушы болып табылады, ол келіссөздер жүргізу үшін орын дайындайды, тараптарға регламент анықтауға және әрі қарай оны ұстануға көмектеседі, қол жеткізілген келісімнің орындалуын және тараптар арасындағы қатынастың дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар медиатор конфликтіні талдаушысы рөлін атқарады. Ол конфликтіні тыңғылықты зерттеуі қажет және тараптарды да осыған жетелеуі керек. Медиатордың конфликтіні талдау үдерісіндегі міндеті тараптарға олардың ұстанымдарының артында қандай мүдде жатқанын көрсету, тараптарға олардың мүдделерінің бір жерден шығуы мүмкін жаңа ұстанымдар құруға көмектесу. Талдау барысында медиатор тараптарға конфликтіге, оның келешекте реттелуіне, тараптардың басымдықтары мен мүдделеріне жаңаша көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Медиатор конфликтінің мазмұндық және эмоционалдық құрылымын және оның шешілу үдерісін түсіну және бақылау үшін белсенді тыңдаушы болуы керек. Белсенді тыңдау сөйлеушімен кері байланыс орнатады, ақпарат жеткіліксіз болғанда, сондай-ақ рәсімнің жүргізілуіне көңілі толмаушылық болғанда тараптардың сезімін бекітеді.

Медиатор талдау және белсенді тыңдау қызметтерін жүзеге асыра отыра тараптарға қажетті ақпараттар жеткізеді немесе оны өздігінше табуға көмектеседі. Бұл ретте ол тараптар жеткізген ақпараттарға қандай-да бір түсіндіру жұмыстарын жүргізуге құқығы жоқ, алайда белгілі-бір ақпарат көздеріне немесе мамандарға жүгінуге кеңестер бере алады.

Тәжірибелі медиатор тараптардың сөздерінен ғана емес, сондай-ақ олардың түр сипатынан, көзқарастарынан, интонацияларынан, қимылдарынан ж.т.б. ақпарат ала алады [156, 70 б.].

Медиатор сондай-ақ тараптарды шешімге келуге жетелейтін идеялар генераторы ретінде де қарастырылады. Ол тараптарға конфликтіні реттеу нұсқаларын таңуға құқығы жоқ, алайда оның мүмкін болар бағыттарын ұсына алады.

Сонымен қатар медиатор қолайлы психологиялық климатты қолдайды. Бұл қызметті жүзеге асыру келіссөздер жүргізу барысында міндетті түрде «жұмсақ» атмосфераны қалыптастырады дегенді білдірмейді, алайда рәсімнің барлық қатысушыларының іс-әрекеттері адамның қадір-қасиетіне зиян келмейтіндей конструктивті болуы керек.

Бақылау қызметін атқара отырып медиатор мәлімдемелердің, ресурстар мен келіссөздердің шынайылығын қамтамасыз етеді. Келіссөздерді аяқтай келе ол тараптардың келіссөздегі ұсынар барлық талаптарын анықтап алғанына көз жеткізуі керек. Өз кезегінде тараптар да оның талаптарын толықтай қабылдап, уақытылы өз міндеттемесін орындауы қажет.

Медиатор тараптарды серіктестік келісімге яғни серіктестік жөніндегі келісімге үйретуге қабілетті. Конфликт қатысушыларының көпшілігі осындай үйретуге мұқтаж болып табылады. Оларға өз мүдделерін максималды мүмкін болатын деңгейде қанағаттандыратын шешімді табуға көмек көрсету керек.

Жоғарыда айтылғандар негізінде медиатор қызметтерінің тізімін ынталандырушылық қызметімен толықтыруға болады. Өйткені медиатор тараптарды аналитикалық ойлауға, ақпараттар іздеуге, конфликтілерді шешудің жаңа нұсқаларын табуға және келіссөздер барысында дұрыс мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға жетелейді.

Қазақстан Республикасының медиаторларының қызметінің ерекшеліктерін анықтауда салыстырмалық әдісті қолдану маңызды болып табылады. Осыған орай бірқатар шет мемлекеттерінің заңдары бойынша медиаторға қойылатын кәсіби талаптарды қарастырып өтсек.

Шет ел тәжірибесінде олардың нормативтік актілерінде бекітілген медиаторға қойылатын бірінші кезекте азаматтық, әрекет қабілеттілік, соттылықтың болмауы және жас шамасына, біліміне қойылатын бірқатар талаптар мен шектеулер бар. Мысалы, АҚШ та медиацияның нормативті негізі болып «2001 жылғы медиацияның Біркелкі АКТІСІ» [157]. табылады. АҚШ та медиатор ретінде лицензиялаудан өтуді қалайтын үміткерлер үшін түрлі талаптар бар. Медиатор жеке тәртіпте кез-келген штатта лицензиясыз, сертификатсыз және тіркеусіз тәжірибеден өтуіне рұқсат етілген. Медиатор сертификатын интернет арқылы сертификатталған делдалдардың Ұлттық ассоциациясы бағдарламасының көмегімен алуға болады, яғни орта білімі бар, сәйкес курсты сәтті аяқтай отырып медиатор қызметімен айналысуға болады.

Алайда жекелеген штаттарда өздерінің жергілікті актілері әрекет етеді, мысалы «Мичиган штатының батыс округындағы федералды соттарда қолданылатын делдалдық ережелерін» айтуға болады. Ол бойынша медиатор ретінде Мичиган штатының батыс округінде тұратын, заң білімі міндетті, кемінде бес жылдық тәжірибесі бар тұлға бола алады. Аталған ережелер жас шамасына да, тұлғаның аталған жерде қанша уақыт тұруы жөнінде де ешқандай шектеулер қоймайды.

Сотпен тағайындалған медиаторларға қойылатын талаптар қатаңдау. Кейбір штаттар медиаторларға үміткерлерге аккредиттелген заң мектебінде құқық докторы ғылыми дәрежесін алуды және өз штаттарында адвокат емтиханын тапсыруын талап етеді. Енді бір штатта әлеуметтік жұмыстар магистрлік дәрежесі барларды отбасылық делдалдық саласында жұмыс атқаруы үшін медиаторлыққа алады. Кейбір штаттар ғылыми дәрежеге емес, сәйкес жұмыс тәжірибесінің болуына назар аударады.

Сонымен қатар түрлі штаттарда сотпен тағайындалған медиаторлардың үздіксіз кәсіби дамуда болуын қадағалап, талап етеді. Мысалы Айдахо штатында мұндай тұлғалар әр 3 жыл сайын АҚШ тағы іскерлік конфликтілерді медиация көмегімен реттеу бойынша 5 сағаттық үздіксіз курстан өтіп отыруы қажет. Мэриленд штатында медиатордан жылына 1 рет 4 сағаттық курстан өтіп отыруды талап етеді. Миннесотада медиаторлар әр 3 жыл сайын 18 сағаттық тұрақты түрде өткізілетін курсты оқуы қажет. Штаттар үкіметі медиаторларға имунитет қалыптастыратын сот ережелері мен прецеденттік құқық енгізді. Бұл имунитет медиация көмегімен коммерциялық дауларды шешу кезінде орын алатын теріс қылықтар үшін азаматтық жауапкершіліктің көп бөлігінен оқшаулайды.

Штаттарда медиация үдерісін реттейтін бірыңғай жүйедегі басқарушы орган жоқ. Алайда медиатордың жүріс-тұрыс стандарттары бар. Бұл стандарттар мүдделер конфликтілеріне жол берілмеушілікті реттейді [158].

Австрияда АҚШ-қа қарағанда Федералды заңында медиаторларға қойылатын талаптар нақты көрсетілген. Олар: жасы 28 ден асқан, сенімді, кәсіпқой біліктілігі бар, заңдарға сәйкес өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырған адам медиатор қызметімен айналыса алады[159]. Мұндағы «сенімділік» талабы құқықтық актілерде ешқандай критерийлермен түсіндірілмейді.

Грузияда медиаторлар реестріне кез-келген, алдын сотталмаған, Грузия медиаторлар қауымдастығында 40 сағаттық дайындық курсынан өткен тұлға енуі мүмкін. (Алдын медиаторларды *CEDR* сияқты атақты шетелдік компаниялардың сарапшылары оқытатын). Аталған ұйым медиаторларды дайындау, біліктілігін көтеру және сертификаттаумен айналысады [160].

Германияда арнайы заң білімі бар заңгерлерден басқалары заң кеңесін бере алмайды. Сондықтан егер медиатор заңгер болмаса онда ол заңгер – медиатордың қатысуымен бірлескен медиация өткізуі тиіс. Медиатор болып 120 сағат оқытудан өткен тұлғалар ғана бола алады. Сондай-ақ сертификатталған медиатор 4 жыл ішінде 40 сағаттық біліктілік көтеру курсынан өтуі тиіс. Қазіргі уақытта Германияда медиативті қызметпен айналысу үшін қандай да мемлекеттік немесе басқа да нормативті талаптар жоқ. Соған байланысты адвокаттардан басқа кез-келген тұлға өзін медиатор деп атауына болады. Сондай-ақ медиаторлардың қандай да бір ұйымда міндетті аккредитация талабы жоқ. Ал заң кәсібі өкілдеріне қатысты басқа ережелер бар. Адвокат өзін медиатор ретінде тек қана медиация саласында білім алған жағдайда ғана айтуға болады (Федералды адвокаттар қауымдастығы Кәсіби практикасы Ережесі, 7 а – бөлімі) [161]. Сертификатталған медиатор өз қызметін жарнамалауға құқылы.

Медиатордың әр ұйымы сертификаттау үшін өз біліктілік стандарттарын белгілеуге құқылы. (көптеген ұйымдар 200 сағат дайындықты көздейтін стандарттарға ие).

Медиаторлардың жүріс-тұрыс Еуропа Кодексінде (Europian Code of *Conduct for Mediators*) медиаторларға мынадай минималды талаптар қойылған: құзіреттілік, медиация саласындағы қажетті білім, тиісті оқу және медиация саласындағы теориялық және тәжірибелік дағдыларды тұрақты түрде жетілдіріп отыру, жеткілікті түрде жұмыс тәжірибесі, тәуелсіздік және бейтараптылық [162, 69 б.].

Көршілес Ресей заңдары бойынша медиатор қызметімен кәсіпқой негізде 25 жастан асқан, жоғары білім бар, медиация рәсімін қолдану бойынша арнайы білім алған тұлға айналыса алады. Бүгінгі күнде заң кәсібіндегі мынадай қызметкерлер: судьялар, адвокаттар, нотариустар сондай-ақ отставкадағы судьялар, мемлекеттік қызметкерлер медиаторлық қызметпен айналыса алмайды [163].

Жоғарыда келтірілген мемлекеттердің медиаторларға қойылатын талаптарын және бұл елдердегі медиацияның қарқынды даму жолын ескере отырып келесідей қорытындыға келуге болады. Мысалы АҚШ та адамдар медиаторлар қызметіне жүгінгенде олар көбінесе заңгер білімі бар медиаторларды қалайды екен. Сонымен қатар көптеген штаттарда медиатордың заң білімі талап етіледі. Осы орайда біздің пікірімізше бұл дұрыс талап. Біздің заңдар бойынша кәсіпқой медиаторларға жоғары білім талап етіледі. Жоғары заң білімі міндетті емес. Алайда медиатор құқықтық даумен жұмыс жасайды. Медиатор құқықтық даудың шешімін табуға құқылы болмағанымен тараптарға келісімге келуге, құқықтық даудың барысы мен нәтижесі жөнінде көзқарас қалыптастыруы керек. Ол үшін медиаторға терең құқықтық білім керек. Осы орайда мысал ретінде АҚШ та медиатор кез-келген кәсіп және біліктілік саласындағы адам болуы мүмкін екендігін, заң білімі жоқ адамдар да медиатор ретінде көптеп кездесетінін айта кету керек. Алайда тәжірибеде заң саласында белгілі бір тәжірибесі мен білімі бар тұлғалар сұранысқа ие екен [162, 69 б.]. Дауласушы тараптардың мақсаты өзара тиімді, өзара қанағаттандырылған шешімге келу екенін ескерсек, оларға кәсіби тұрғыда көмек бере алатын маманның заң білімі болуы қажет деген пікірдеміз.

Қазақстанда қазіргі тәжірибеде медиаторларды дайындау курсы үш бағытта жүзеге асырылады: медиаторларды дайындаудың жалпы курсы 48 сағаттан кем болмауы керек; 50 сағаттан кем емес арнайы мамандандыру курсы, яғни түрлі салалар бойынша медиаторлар дайындау; және 32 сағаттан кем емес медиаторлар жаттықтырушыларын дайындау курсы бойынша дайындалады. Салыстырмалы негізде алып қарасақ бұл өте аз. Біздің ойымызша осы сағат көлемін ұлғайтып, одан әрі медиаторлардың үздіксіз, жыл сайын біліктілігін көтеру курстарынан өтіп отыруын міндеттеу керек. Өйткені медиация рәсімінде медиатор маңызды рөл атқарады. Оның құқықтық сауаттылығы мен қабілетіне қарай медиативті келісімге келу мен оның әрі қарай сәтті орындалуы мүмкіндігі ұлғаяды [164].

Қорыта келе медиатор татуластыру рәсімдерінің негізгі тұлғасы болып табылатынын және конфликтілерді балама түрде шешу әдістерінің тиімділігі мен сәтті қызмет етуі олардың кәсіби деңгейіне байланысты екені анық. Қазақстан Республикасында татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдануды жетілдіру және қамтамасыз ету мақсатында ұлттық заңнама жетілдірілу үстінде. Соның ішінде медиаторға қатысты мәселелер де бар.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарды қорыта келе төмендегідей тұжырымдар жасалады.

1. Біздің заңдар бойынша кәсіпқой медиаторларға жоғары білім талап етіледі. Жоғары заң білімі міндетті емес. Алайда медиатор құқықтық даумен жұмыс жасайды. Медиатор құқықтық даудың шешімін табуға құқылы болмағанымен тараптарға келісімге келуге, құқықтық даудың барысы мен нәтижесі жөнінде көзқарас қалыптастыруы керек. Ол үшін медиаторға терең құқықтық білім керек. Дауласушы тараптардың мақсаты өзара тиімді, өзара қанағаттандырылған шешімге келу екенін ескерсек, оларға кәсіби тұрғыда көмек бере алатын маманның заң білімі болуы қажет деген пікірдеміз.

2. Медиаторларды дайындаудың жалпы курсы 48 сағаттан кем болмауы керек; 50 сағаттан кем емес арнайы мамандандыру курсы, яғни түрлі салалар бойынша медиаторлар дайындау; және 32 сағаттан кем емес медиаторлар жаттықтырушыларын дайындау курсы бойынша дайындалады. Салыстырмалы негізде алып қарасақ бұл өте аз. Біздің ойымызша осы сағат көлемін ұлғайтып, одан әрі медиаторлардың үздіксіз, жыл сайын біліктілігін көтеру курстарынан өтіп отыруын міндеттеу керек.

3. ҚР салық кодексімен медиаторлар нотариус, адвокат, жеке сот орындаушылары секілді жеке практикамен айналысушы мәртебесіне ие болғандықтан олардың қызметі де қандай да мемлекеттік реттелуге тиіс. Мысалы Беларусь елінде медиатор сертификатты Әділет министрлігінен ала алады, ал Ресейде медиаторларды оқыту орталықтары лицензиялануға жатады. Олар Білім министрлігінен лицензия алып, мамандарды дайындайды.

Біздің елімізде медиаторлық сертификатты кез-келген ұйымнан алуға болады. Ол ұйымдардың қызметі лицензияланбайды. Кейбір ұйымдар формалды түрде бере салуы да мүмкін. Ал мұндай жағдайлар медиатордың, оның қызметінің кәсібилік деңгейі мен қабілетіне үлкен күмән тудыратыны анық. Сондықтан медиаторларды оқыту орталықтарының қызметі лицензиялануы тиіс деп ойлаймыз.

3 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

3.1 Қазақстан Республикасында медиациялық рәсімдерді енгізудің шетелдік тәжірибесі

АҚШ тағы медиация. Қазіргі медиация түсінігі АҚШ та XX ғасырдың екінші жартысында еврей қоғамының (мысалы *Jewish Conciliation Board*) отбасылық, мұрагерлік және тұрмыстық конфликтілерді шешу тәсілдерінің негізінде пайда болды. Медиацияның бастапқы әдісі – конфликтіге немесе даулы мәселеге араласу болды. Әрі қарай медиация қоғам өмірінің басқа салаларында, соның ішінде халықаралық қатынастарда да қолданыла бастады [165, 293 б.].

Медиацияны алғашқы заңмен реттеу отбасы құқығы саласында орын алды. 1981 жылы Колифорния балаларды қамқоршылыққа алу және балалармен қарым-қатынасқа байланысты даулар үшін медиация белгіленген алғашқы штат болды. Бұл жүйе әрі қарай 1990 жылы Джорджиа штатында Дауларды балама шешу бойынша Бірлескен комиссия құру шеңберінде өз жалғасын тапты. Комиссия қорытындысы бойынша штаттың Жоғары соты штатта дауларды шешуде ADR қолдану жоспары енгізілген ереже қабылдады және дауларды реттеу бойынша Комиссия арнайы органы құрылды. Комиссия ADR бағдарламаларын сертификаттау, сондай-ақ медиаторларды оқыту мен мінез-құлқы критерийлерін, қағидаларын жасайтын және бекітетін үйлестіруші орган болды. Сонымен қатар жоспарда мақсаты ADR рәсімдерін енгізу болатын дауларды реттеу бойынша арнайы Басқарма құру да көзделген еді.

1990 жылы АҚШ Конгресі азаматтық сот өндірісін реформалау туралы Заң қабылдады. Ол бойынша федералды соттарға дауларды шешудің балама нысандарын қолдануға жәрдемдесуді міндеттеді. Аталған міндетті орындау үшін көптеген штаттардағы процессуалдық кодекстер судьялардың дауласушы тараптарды алдын-ала медиаторға жүгінуге мәжбүрлеу бойынша кең құқықтар шеңберін бекітті [166].

1998 жылы ADR туралы Федералды заңы (*Alternative Dispute Resolution Act*) қабылданды. Заң бойынша федералды аймақтық соттарға дауларды балама реттеу мүмкіндігін анықтайтын, сондай-ақ әр округ соттарына ADR қолдануды ынталандыру және ықпал етуге міндеттеуді бекітетін жергілікті ережелерін қабылдауды ұйғарды. Мұндай ережелер АҚШ тың барлық округтерінде қабылданды .

2001 жылы Медиация туралы Бірыңғай заңы (*The Uniform Mediation Act*) [167] қабылданды. 2015 жылдың орта тұсында Медиация туралы заңын 50 штаттың 12 штаты мен 1 округы ғана қабылдады.

Аталған заң келесідей сұрақтарды реттейді:

- Терминология;
- Актінің қолдану аясы;
- Құпиялылықты сақтау талаптары мен оны анықтау;
- Медиатордың бейтараптылық деңгейін анықтау тәртібі;
- Тараптардың өкілі мен адвокаттарының медиация рәсіміне қатысу құқығы;

- Аталған заңның басқа актілермен ара-қатынасы;
- Заң нормаларын бірыңғай қолдану және талқылау тәртібі;
- Аталған заңды қолдану тәртібі және күшіне енгізу.

Медиация туралы Бірыңғай заңын қабылдау сәтінен бастап даулардың кейбір түрлері (мысалы еңбек) аталған заңның әрекет ету салаларынан шығарылды және олар үшін ерекше рәсімдік ережелер шығарылды (Мысалы Америка Арбитраж Ассоциациасының еңбек істері бойынша медиациялық рәсімдер мен Арбитражды ереже) [168]. Медиация туралы бірыңғай заң АҚШ-тағы 50 штаттың ішінде 1 федералдық округ және 9 штат тарапынан қабылданды, оның ішінде Нью-Джерси, Вермонт, Айдахо, Айова, Оңтүстік Дакота, Юта, Гавайи, Иллинойс, Огайо және Вашингтон округі бар; қалған штаттар бұл заң жобасын қарастыруда.

АҚШ тың жекелеген штаттарының ADR саласында өз заңдары бар. 1993 жылдан бастап Вирджиния штатының заңдар жинағында дауласушы тараптардың қалауымен дауларды шешудің балама рәсімдерін қолдану мүмкіндігін беретін құқық қарастырылды.

Медиация АҚШ-та еңбек, коммерциялық, қоғамдық-құқықтық, азаматтық және басқа да дауларды шешуде кеңінен қолданылады. Медиацияның үш түрі бар: сотқа дейінгі, соттан тыс және соттағы медиация. *Қытай Халық Республикасы.* Қытай елінде кеңінен тараған конфуций мәдениеті сот әділдігіне жүгіну – дауды шешудің соңғы тәсілі деп есептейді. Қазақ халқының тарихында билер соты болған. Билер тараптардың даулы мәселесін қарап, татуластыру арқылы шешім шығарып отырған және ол шешім тараптардың әрқайсысына міндетті болып табылған. Медиация туралы заңның қабылдануымен дауларды татуластыру арқылы шешудің осы бір тарихи дәстүрі жаңғырды деп айтуға болады. Ал енді медиация көмегімен шешілетін істердің санының артуы бойынша Қытайдан елеулі түрде қалып қойғанбыз. Оның себептерін анықтап көрсек:

Қытайда медиация мәдениеттің бір бөлігі болып есептеледі. Б.з.б. 17-20 ғ Цин династиясы кезеңінде судьялар істі қарамас бұрын әуелі тараптарды үшінші тұлғалардың көмегімен татуласуға жіберіп отырған. Қытай елінде кеңінен тараған конфуций мәдениеті сот әділдігіне жүгіну – дауды шешудің соңғы тәсілі деп есептейді. ҚХР «Халық медиациясы туралы» Заңына [169] сәйкес «Халық медиациясы – халық медиативті комиссиясы даудағы мүдделі тараптарды тең және ерікті түрдегі келіссөздер негізінде медиативті келісімге жетіп, дауды шешу үдерісі» деп көрсетілген. Бүгінгі таңда ҚХР азаматтық, әкімшілік және коммерциялық дауларды шешу үшін сот медиациясымен қатар соттан тыс медиация да қолданылады.

Сот медиациясы – сот процесі шеңберінде жүзеге асырылады және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады.

Соттан тыс медиация - тараптардың өздерімен бастама көтеріліп, жеке медиаторлармен жүргізіледі.

Қытайда медиация рәсімі 2008-2010 жылдары қабылданған 3 заңдар арқылы реттеледі. Бұл заңдардың қабылдану мақсаты: азаматтық-құқықтық дауларды әділ және уақытылы шешу, тараптардың заңды мүдделерін сақтау, қоғамдағы

тұрақтылық пен үйлесім тұрақтылығына әсер ету болып табылады. Заңға сәйкес еңбек даулары туындаған жағдайда тараптар кез-келген жергілікті орталықтар мен медиация комитеттеріне медиация рәсіміне жүгіне алады. Егер тараптар 15 күн ішінде өзара келісімге келе алмаса, онда олар істі сотқа беруге құқылы. Медиация бойынша халық комитеттері құрылып, қала әкімшілігі осындай комитеттердің медиаторларын тәжірибе алмасу мен талдаулар жүргізу үшін сот медиацияларына тарта алады (1 кесте).

Сот медиациясы сот жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, ал оны жүргізу Жоғары соттың «Медиация басымдығы және медиация мен сот өндірісін үйлестіру ұсынысымен» реттеледі. Соттар істі қарау барысында медиация жүргізу мүмкіндігін анықтауы қажет. Медиатор ретінде бір уақытта судьяның өзі немесе бірнеше судьялар бола алады. Сондай-ақ басқа медиаторлар да шақырылуы мүмкін. Медиативтік келісімді орындау мақсатында тараптар сотқа келісімді бекіту үшін жүгіне алады. Мұны 30 күн ішінде жасау қажет. Қытайдағы сот медиациясының ерекшелігі, судьялардың жалақысы медиация көмегімен шешілген істердің санына пропорционалды түрде өсіп отырады [170, 124 б.]. Медиативтік келісімді орындау міндетті, оның кез-келген тарабы орындау үшін сотқа жүгіне алады, ол үшін мемлекеттік баж алынбайды. *CIETAC* – ережесі медиативті келісімді төрелік шешімге теңестіреді – осылайша шетелдік төрелік шешімдерді мойындау және орындау жөніндегі БҰҰ Конвенциясының талаптарын орындап отыр. 2019 ж. 8 тамызында Қытай медиация нәтижесінде қол жеткізілген халықаралық бейбіт келісім жөніндегі БҰҰ Конвенциясына қол қойды. Сондықтан енді халықаралық жеке даулардағы медиативті келісімді міндетті орындау мемлекет заңдарымен бекітілді.

ҚХР «медиация» түсінігі түрлі үдерістерді қамтиды. Онда медиатор судьяның өзі болып табылатын бағалау медиациясы қолданылады. Бағалау медиациясы – медиатор оқиғаны бағалап, белгілі-бір жағдайларда диалог нәтижелеріне әсер ететін, қажет болған жағдайда дауды шешу үшін өз нұсқаларын ұсынатын медиацияның түрі. Алайда соңғы кездері Қытай Үкіметі сот процесінен бөлек фасилитативті медиацияны көбірек қолдайды. Бұл медиация түрінде медиатор дауды шешу нұсқаларын ұсынбайды, шешім қабылдауға әсер ету бойынша ғана позиция ұстанады.

Сондай-ақ Қытайда *CCPIT/CCOIC, BAC* Медиация орталығы (Пекин), *SCMC* (Шанхай коммерциялық медиация Орталығы) тәуелсіз мамандандырылған медиациялық орталықтары қызмет етеді. Сонымен қатар ҚХР медиациялық орталықтары одақтарға біріккен (мысалы, Пекин медиативті одағы). Олардың негізгі мақсаттары: медиацияны алға жетелеу, оны жүргізудің біртұтас ережелерін құру, медиациялық қызмет көрсетуді кәсібилендіру. Медиациялық орталықтар тәуелсіз болғанымен мемлекеттік сот жүйесі оларды белсенді түрде қолдап, қаржыландырып отырады. Бір қызығы, Қытайда медиаторларды дайындайтын қандай-да бір мемлекеттік орган жоқ. Сот жүйесінде судьялар медиация жүргізуге оқытылмайды, өйткені олар қажетті біліктілікке ие деп есептелінеді.

Әр орталық медиаторлардың өз тізімін жүргізеді. Ондағы мамандар жұмысқа тараптармен таңдалып, шақырылады, яғни аталған медиаторлар

тұрақты жұмысшы болып табылмайды. Сайттарда медиатор туралы және оның кәсіби қызметі туралы толық ақпараттар көрсетіледі. Әр орталық медиаторларды дайындау бағдарламасын өздігінше анықтайды, бұл сұрақты реттеуші біртұтас орган жоқ. ҚХР әр жыл сайын медиация көмегімен шамамен 9 млн іс шешіледі, бұл өз кезегінде соттарда қарастырылған істердің 30-40 % құрайды [171].

Медиацияны халыққа танымал ету ісі Қытайда түрлі бейіндік конференциялар, семинарлар, саммиттер арқылы жүргізіледі. Судьялар мұндай шаралардың белсенді қатысушылары болып табылады, яғни Қытайда мемлекет медиацияны қаржылай да, әкімшілік тұрғысынан да қолдап отырғандықтан медиацияның дамуының негізі локомотиві – соттар деп есептеуге болады.

Көріп отырғанымыздай Қытайда медиацияның дамуына мемлекет қаржылай да, әкімшілік тұрғысынан да жан-жақты көмектеседі және медиация рәсімі міндеттелген. Қазақстанда медиацияны мемлекеттік қолдау болғанымен заң бойынша медиациялық рәсім міндеттелмеген.

Кесте 1. ҚХР Медиацияның дамуы

ҚХР Медиацияның дамуы		
Сот жүйесі	**Тәуелсіз медиация**	**Мемлекет**
Медиация басымдығы және медиация мен сот өндірісін үйлестіру ұсынысын басшылыққа ала отырып, барлық категориядағы істерді қарау барысында судья медиацияны қолдайды. Белгілі бір дауларды шешуде «әуелі медиация» қағидасын енгізу, сотпен медиативтік келісімді бекіту және оны мәжбүрлі түрде орындату.	Медиацияны танымал ету. Медиаторлардың өзара байланысуы үшін платформалар жасау. Әлемдік жетекші ұйымдармен бірлесіп медиативті орталықтар құру.	Медиация бойынша халық комитеттерін құру.

Ескерту – автормен жасалған.

Сингапур. «Жоғарыдан төменге» басталатын жол өз тиімділігін дәледеп отырғанын әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұған Сингапур тәжірибесі мысал бола алады.

Сингапурда медиация басқа Оңтүстік Шығыс Азия елдері сияқты терең тамырға ие. Дауларды медиация арқылы шешу Сингапурда ежелден бері жүзеге асырылады. Тарих бойынша медиацияны ақсақалдар жүргізген. Олар тараптарды дауды талқылап, өзара тиімді шешімге келуге шақырып отырған [172, 11 б.]. Қазіргі Сингапур 20 ғасырдың 90 жылдары басталған медиация институтының қарқынды дамуының нәтижесінде медиацияның әлемдік орталығы болды.

Сингапурдың «Медиация туралы» Заңына сәйкес «Медиация – дауды шешу мақсатында даудың себеп-салдарын анықтау, дауды шешудің мүмкін жолдарын қарастыру, тараптардың бір-бірімен байланысын (қарым-қатынасын) орнату, екеуара келісімге келу әрекеттерін жүзеге асыру үшін дау тараптарына бір немесе бірнеше медиатордың көмекке келу сессияларынан тұратын үдеріс» [173]. Сингапурда сот және соттан тыс (жеке) медиация қызмет етеді (2 кесте). Сот медиациясында судья тараптарды медиацияға өздері жібереді. Баланың қатысуымен болатын барлық даулар, сондай-ақ ажырасуға байланысты сұрақтар отбасылық соттарда медиация рәсімі шеңберінде қарастырылады. Түрлі министрліктер мен агенттіктер өз мамандықтары бойынша медиация жүргізеді. 2010 ж. мемлекет азаматтық соттарға өтініш беру кезінде дауларды шешудің баламалы әдісін (әрі қарай ADR) пайдалану ережелерін енгізді. Өз кезегінде адвокаттар да, клиенттер де ADR пайдалану мүмкіндігін қозғағандығы жөнінде жазбаша хабарлауы қажет және ADR пайдалану жөніндегі шешімді арнайы нысанда көрсетуі қажет. 2012 ж. «ADR презумпциясы» енгізілді, яғни егер тарапардың бірі немесе бірнешеуі одан бас тартпаса, барлық азаматтық істер автоматты түрде ADR қарауына берілді. ADR пайдаланудан бас тартудың себебі сотты қанағаттандырмаса айыппұл жазасына тартылуы мүмкін.

Медиация Жоғарғы сотта емес бірінші сатыда жүргізіледі. Сондай-ақ Жоғарғы сот жоғарғы сатыдағы сот ретінде судьяларға қандай істерді медиацияға бағыттау керек жөнінде арнайы ұсыныстар жасайды.

Қазақстанда сот медиациясы кезінде судья істі медиация жүргізу үшін басқа судьяға береді. Алайда тараптардың өтініші бойынша іс қай судьяның өндірісінде болса сол судьяның жүргізуіне берілуі мүмкін. Апелляциялық сатыдағы соттарда медиация жүргізу үшін ереже бойынша іс алқалық сот құрамынан бір судьяға беріледі. Судья-медиаторға жүгіну талапкерге дау пәнін өзгертуге құқық береді (аталған ереже экономикалық сот өндірісіне де қатысты).

Сингапурда соттан тыс медиацияны жүзеге асыру тәжірибесін Сингапур медиация орталығы (әрі қарай СМО) мысалында көрсеткен орынды. Ол 1997 ж мемлекеттік орган болып табылатын Сингапур құқық академиясымен құрылған. СМО директоры әрқашан Жоғарғы Соттың судьясы болып табылады. СМО негізгі қызметі:

- Медиация жүргізу және басқа да сүйемелдеу қызметтерін көрсету;
- ADR, келіссөздерге және тағы басқаларға оқыту;
- Даулы жағдайлардан сақтану үшін консалтингтік қызметтер көрсету;
- Медиаторларды аккредитациялау және тізім жүргізу;
- Медиацияны және басқа да ADR өрбіту;
- Келіссөздер мен медиация, сондай-ақ басқа да ADR үшін жағдай жасау.

1997 ж мен 2002 ж кезеңінде Әділет Министрлігі грант негізінде орталыққа қаржылық қызмет көрсетіп отырды. Алайда 2002 ж СМО өзін-өзі қаржыландыруға ауыстырылды.

Өкінішке орай, Қазақстан мұндай мамандандырылған медиативті орталықтардың көптігімен мақтана алмайды.

Сингапурда медиатор болу үшін белгілі-бір талаптар жоқ. Көптеген атақты орталықтар медиаторларды өздері оқытып, аккредиттейді. Қандай-да жалпы

мемлекеттік критерийлер жоқ. Әйтседе де ел Үкіметі медиаторларға қатысты бірыңғай стандарттар мен талаптар енгізуді жоспарлауда.

Соттық медиациядан басқа Қазақстанда жеке медиация түрі де бар. кейбір ұйымдар 2008 жылдан бастап қызмет ете бастады. Әр медиация орталығы медиаторларға өздері стандарттар орнатып оларды дайындауды жүзеге асырады.

Бастапқыда Синапурда медиация енді пайда болғанда көпшілігі оған немқұрайлы қарайтын. Адвокаттар өз клиенттеріне медиация рәсімінен өту жөнінде кеңес бере бастауы үшін жылдар өтті. Бұдан басқа сотта тараптарға медиация ерекшелігі түсіндірілетін алдын-ала тыңдау тәжірибесі енгізілді. 1994ж. 1-ші сатыдағы соттарда медиация жүргізу бойынша арнайы пилоттық жоба іске қосылды. Судьялар «судья-медиатор» деп атала бастады. Алғашында судьялар көп жағдайда бағалау медиациясын жүргізді. Кейіннен жылдар өте фасилитативті медиацияға көшті.

2010 ж. медиация рәсіміне қатысудан себепсіз бас тартқаны үшін санкция қолдану тәжірибесі енгізілді; барлық азаматтық даулар ADR (басым көпшілігі медиация) міндетті қолдану керек болды. Сондай-ақ медиацияны қолданудан негізсіз бас тартқаны үшін сот мемлекеттік бажды азайтудан бас тартуы мүмкін. Осындай шаралар арқасында медиация саны екі есеге артты. Мысалы, 2018 ж. 6 мың азаматтық даулар медиация көмегімен шешілді, оның 85% орындалды. Осы жерде медиация судьялармен ақысыз жүргізілетінін айта кету керек.

Сингапурдың Бас прокуратурасы дауларды шешудің алғашқы тәсілі ретінде медиацияны барлық үкіметтік ведомстволарға қолдануға және дауларды СМО беру жөніндегі медиативті келісімді мемлекеттік органдардың қатысуымен болатын барлық контрактілерге енгізуге міндеттейтін Ұсыныс дайындады.

Барлық еңбек даулары да міндетті түрде медиация рәсімінен өтіп барып қана келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда дауларды шешу жөніндегі комиссияға жөнелтілуі мүмкін. 2016 ж. Сингапурда заңгерлерге клиенттерді ADR қолдану мүмкіндігі жөнінде хабардар етуді міндеттейтін заң күшіне енді. Балаға қатысы бар барлық даулар міндетті түрде медиация рәсімін өтуі тиіс. Сондай-ақ ажырасу барысында жұбайларда 21 жасқа дейінгі балалары болған жағдайда медиация рәсімі міндетті. Мұндай жағдайларда медиация сотта (ақысыз), сонымен қатар жеке орталықтарда (ақылы) жүргізілуі мүмкін.

Салыстырмалы-құқықтық талдау көрсетіп отырғанындай «жоғарыдан төменге» реформасын жүргізу медиацияның басымдықтарын биліктің барлық тармақтары деңгейінде анықталуына мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасындағы медиацияның дамуының маңызды бағыты болып құқықтану өкілдерінің ойлау әдістерін өзгерту табылады. Ал мұндай тәжірибелік мәселені шешу үшін дауларды шешудің балама әдістері туралы көзқарастарды қалыптастыру талап етіледі. Дауларды медиация, келіссөздер арқылы шешуге ниет білдіруге басымдылық болуы керек.

2 кесте. Сингапурдағы медиацияның дамуы

Сингапурдағы медиацияның дамуы		
Сот жүйесі	**Тәуелсіз медиация**	**Мемлекет**
Медиация рәсімін қолдану мүмкіндігін талқылау үшін сотқа дейінгі тыңдалым. Сот медиациясын енгізу. Медиация рәсімі көмегімен дауларды шешуден негізсіз бас тартқаны үшін санкция	Медиативті орталықтар құру, сондай-ақ дауларды шешу бойынша халықаралық орталықтар құру. Медиацияны танымал ету. Медиаторлардың өзара байланысы үшін платформалар құру. Контрактілерге медиативті ескертулерді қосу. Медиация тізімі әр орталықпен жеке жүргізіледі.	ADR бойынша Комитеттерді құру. Мемлекеттік мекемелер жанында коммерциялық жеке медиативті орталықтар құру. Әділет министрлігі жанынан қоғамдық (мемлекеттік) медиативтік орталықтар құру. Медиацияны бірінші саты ретінде барлық дауларда қолдану бойынша Бас прокуратураның ұсынысы.

Ескерту – автормен жасалған.

Грузия. Грузияда ертеде «бче», яғни судья дегенді білдіретін термин болған, ол Вахтанг VI кезінде бче медиация шеңберінде бағаланатын болды [174, 247 б.]. Вахтанг VI «Құқық кітабы» 136 б. «Егер екі адамның арасында дау туындаса, ол судьяға баруы керек, алайда, егер тараптар король, патриарх, митрополит немесе судьяның алдына барғысы келмесе, онда олар бір адамды дауды шешіп беруі үшін таңдауына болады. Олар сол адамға дау туралы оның шешімін қабылдайтынын айта отырып жүгінеді. Мұндай адам делдал болып табылады [175, 16 б.].

Грузияда «Медиация туралы» Заң [176] 2019 ж. ғана қабылдағанын айта кеткен жөн. Аталған заңға сәйкес: «Медиация - екі немесе бірнеше тараптың медиатордың көмегімен дауды өзара келісіммен тоқтатуға ұмтылатын үдеріс. Бұл үдеріс тараптың бастамасымен басталса да немесе заңмен белгіленген негіздер мен тәртіпте басталса да» [176]. Мұндай анықтама БҰҰ - медиация нәтижесінде жеткен халықаралық бейбіт келісім туралы Конвенцияда берілген анықтамамен үндеседі.

Бүгінгі таңда Грузияда сот және соттан тыс медиация бар. Соттан тыс медиация мемлекеттік органдар (еңбек, нотариалды медиация) немесе жеке медиациялық орталықтар жүзеге асыратындар деп бөлінеді.

Сот медиациясы 2013 ж. енгізілді. Ол азаматтық құқықтық дауларды ғана қамтиды. Судья тараптың келісімімен немесе мәжбүрлі түрде дауды медиацияға жібере алады, егер бұл даулар отбасылық мәселеге (бала асырап алу, ата аналық

құқықтан айыру, әйелге қатысты күш қолдану және т б) мұрагерлерлік даулар және көршілер арасындағы дауларға қатысты болса (3 кесте).

Медиация рәсімін жүргізгеннен кейін тараптардың медиативтік келісімді бекіту үшін сотқа жүгінуіне құқығы бар. Медиативтік келісім мәжбүрлі түрде орындатылуы мүмкін. Құпиялық мәселелері де Грузияның заңнамасымен жеткілікті түрде реттелген. Мысалы, медиативтік үдеріс қатысушылары медиация кезінде белгілі болған ақпараттар бойынша сотқа жауап алуға шақырылмайды. Медиация мемлекеттік мекеме болып табылады. Сот медиативті орталығымен жүргізіледі.

2014 ж. еңбек дауларын қарау тәжірибесі енгізілді. Медиаторлардың жалақысы мемлекетпен төленіп, рәсімінің өзі 21 күнге созылды. Сонымен қатар Грузияның Нотариалды Палатасы нотариус қызметіне медиацияны енгізген болатын, алайда бұл бастама жеткілікті түрде қолдау таба қоймады.

Грузияда жеке медиация орталықтары белсенді даму үстінде. Мемлекетте медиацияның пайда болуының негізі ретінде болған түрлі донорлық жобалармен қатар, медиативті орталықтар да пайда болып жатыр. 2015 ж. 200-ден аса маманы бар Грузия медиаторлар Қауымдастығының негізі қаланды. Бұл қауымдастық медиаторлардың этикалық нормаларын, жүріс-тұрыс ережелерін және тағы басқаларын өздері бекітеді.

Медиация туралы заң қабылданғанға дейін бұл ережелер Қауымдастықтың мүше-медиаторлары үшін негізгі қайнар көз болып табылды, енді медиаторлар заң нормаларын басшылыққа алуы тиіс.

Медиаторлар реестріне кез-келген, алдын сотталмаған, Грузия медиаторлар қауымдастығында 40 сағаттық дайындық курсынан өткен тұлға енуі мүмкін. (Алдын медиаторларды *CEDR* сияқты атақты шетелдік компаниялардың сарапшылары оқытатын). Аталған ұйым медиаторларды дайындау, біліктілігін көтеру және сертификаттаумен айналысады.

Сот медиациясында тараптар реестрден 3 күн ішінде медиаторды таңдауға міндетті. Егер олар бұл уақытта келісімге келмейтін болса, Грузияның медиаторлар Қауымдастығы 3 күннен кейін медиаторды өздері тағайындайды.

Жеке медиацияда медиатор ретінде тараптармен белгіленген кез-келген тұлға бола алады. (реестрде бар жоғына қарамай)

Бір қызығы сот медиациясы нәтижесінде немесе медиаторлар реестріне енген медиаторлардың көмегі нәтижесінде жеткен медиативті келісім сотпен бекітілуі тиіс, сәйкесінше міндетті орындалуға жатады.

Реестрге енбеген медиатордың көмегімен жасалған медиативтік келісім әдеттегі шарт сияқты орындалуға жатады және сотқа жүгінгенде де солай қарастырылады.

Грузияда медиация

- әділет Министрлігі мен Жоғарғы сот арасындағы одақтастыққа;
- ведомство жұмысшыларына олардың әрі қарай медиаторлар дайындауы үшін түрлі тренингтер өткізу;
- сәйкес заңдар мен заңға сәйкес актілер қабылдау
- медиацияның оң жақтарын көрсететін пилоттық жобалар;
- медиация туралы ақпаратты кеңінен тарату;

- жеке медиациялық орталықтар құру нәтижесінде сәтті енгізілді деп есептеуге болады.

3 кесте. Грузиядағы медиацияның дамуы

Грузиядағы медиацияның дамуы		
Сот жүйесі	**Тәуелсіз медиация**	**Мемлекет**
Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын сот медиациясын енгізу. Сот медиациясы шеңберінде Pro-bono медиациясы. Тараптардың өтініші бойынша медиативтік келісімді мәжбүрлі орындату.	Тараптардың келісімінің бар жоғына қарамастан медиация басталмас бұрын тұлға осы істің немесе мәні бойынша байланысты басқа істің тарабы болса, онда оның медиатор болуына құқығы жоқ. Медиацияны танымал ету. Контрактілерге медиативті ескертулерді қосу	Жеке медиация бойынша ескіру мерзімі тоқтатыла тұрады, бірақ медиация нәтижелі болмаса 2 жылдан артық емес мерзімге. Бірыңғай медиаторлар тізімін жүргізетін, медиаторларлардың этика кодексін, медиаторларды сертификаттау бағдарламасын бекітетін медиаторлар Қауымдастығын құру.

Ескерту – автормен жасалған.

Германия. Ортағасырлық тарихи құжаттар, Германияда медиацияның тұрмыстық дауларда ғана емес, сондай-ақ мемлекетаралық сипаттағы дауларда да дамығанын көрсетеді. Мысалы, Алвис Контарини б.з. 16 ғ. екі неміс жерлерінің арасындағы территориялық шиеленісті шешу үшін медиатор ретінде сайланған. Соған байланысты дауларды бейбіт түрде шешу неміс мәдениетіне тән деген қорытындыға келуге болады.

«Медиация туралы» неміс Заңына [177] сәйкес «медиация – тараптар бір немесе одан көп медиаторлар көмегімен, өз еркімен және өз жауапкершілігімен дауларды бейбіт түрде шешуге келетін құпия және құрылымдық рәсім» [177] деп сипатталған.

Германияда медиацияны енгізу соттардағы пилоттық жобалардан бастау алады. 1999 ж. 750 евродан төмен суммадағы талаптар үшін міндетті медиация енгізілді, іс медиациялық рәсімнен өтпесе, сот оны қараудан бас тартты. 2001 ж. бұл норма өзгертілді, және судьяларды тараптардың ADR пайдалануды ұсынуды міндеттеді. Мысалы, сот қарауына бір іс түсті, судья тараптарға медиация рәсімін жүргізуді ұсынды, олар келісті. Бұл жағдайда судья істі кәсіби медиаторлар болып табылатын әріптесіне береді. Егер тараптар келісімге келе алмаса, онда іс бойынша сот өндірісі қайта қаралады. Әрі қарай Германияда жаңа лауазым «гутерихтер» – ADR айналысатын адам пайда болады. Осылайша неміс

заң шығарушысы медиативті қызмет пен тараптарды татуластыру бойынша судьялар жұмысын ресми түрде бөлді.

Бүгінгі таңда Германияда сот және соттан тыс (жеке) медиация бар. Алайда «Медиация туралы» Заңға сәйкес медиативті техника мен рәсімдерді пайдалану бойынша судьялардың қызметі медиация болып табылмайды. Судьялар медиация жүргізген реттерде тараптар оның жұмысына ақы төлемейді, өйткені сот шығындарына қосылған. Мысалы, Баварияда сот медиациясы арқылы барлық сот істері 2% жуығы медиация рәсімі арқылы – 40000 дауға жуығы шешілген. Салыстыру үшін: азамат дауларының көлемі осы жылы 1,08 млн [178].

Сонымен қатар Германияда сот медиациясымен қатар жеке медиация да жақсы дамыған. Алайда мұндай ұйымдар әдетте тек медиациямен ғана айналыспайды, олар көбінесе қандай да бірлестіктер жанында қызмет етеді (Мысалы, Халықаралық сауда палатасының ICC жанында).

Медиация көмегімен шешілетін ең көп таралған даулар отбасылық, мұрагерлік және коммерциялық болып табылады. Германиядағы медиацияның дамуында жетекші рөлді отбасылық даулар алды. Сондай-ақ медиация заңнамалық реттеусіз дамыды, бұл қатынастар орнатылып дамығаннан кейін барып қана заңмен бекітілді.

Арнайы заң білімі бар заңгерлерден басқалары заң кеңесін бере алмайды. Сондықтан егер медиатор заңгер болмаса онда ол заңгер – медиатордың қатысуымен бірлескен медиация өткізуі тиіс. Медиатор болып 120 сағат оқытудан өткен тұлғалар ғана бола алады (4 кесте). Сондай-ақ сертификатталған медиатор 4 жыл ішінде 40 сағаттық біліктілік көтеру курсынан өтуі тиіс. Қазіргі уақытта Германияда медиативті қызметпен айналысу үшін қандай да мемлекеттік немесе басқа да нормативті талаптар жоқ. Соған байланысты адвокаттардан басқа кез-келген тұлға өзін медиатор деп атауына болады. Сондай-ақ медиаторлардың қандай да бір ұйымда міндетті аккредитация талабы жоқ. Ал заң кәсібі өкілдеріне қатысты басқа ережелер бар. Адвокат өзін медиатор ретінде тек қана медиация саласында білім алған жағдайда ғана айтуға болады (Федералды адвокаттар қауымдастығы Кәсіби практикасы Ережесі, 7 а – бөлімі) [178].

Сертификатталған медиатор өз қызметін жарнамалауға құқылы. Медиатордың әр ұйымы сертификаттау үшін өз біліктілік стандарттарын белгілеуге құқылы. (көптеген ұйымдар 200 сағат дайындықты көздейтін стандарттарға ие).

Сондай-ақ медиацияны дамыту үшін түрлі жеңілдіктер енгізілді. Сот медиациясында егер тараптар келісімге қол жеткізсе, төленген баждың 2/3 қайтарылуға жатады, ал төменгі Саксонияда баж толығымен қайтарылады. Жеке медиацияда сомма талап соммасына қарай анықталады.

4 кесте. Германиядағы медиацияның дамуы

Германияда медиацияның дамуы		
Сот жүйесі	**Тәуелсіз медиация**	**Мемлекет**
Медиацияны тегін жүргізетін	Медиативті орталықтар,	Әділет министрлігі

4 кесте жалғасы

судья-медиатор лауазымын енгізу.Оларды мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру. Сот медиациясын енгізу тәуекелдерін зерттеу үшін пилоттық жобаларды іске қосу. Медиация рәсімін жүргізгеннен кейін тараптар келісімге келсе мемлекеттік баждың бір бөлігін қайтару. Отбасылық даулар бойынша судья тараптарды мәжбүрлі түрде медиация рәсімі тыңдалымына жіберіледі.	сондай-ақ дауларды шешу бойынша халықаралық орталықтар құру. Медиацияны танымал ету. Контрактілерге медиативті ескертулерді қосу	сертификатталған медиатор мәртебесі үшін 120 сағаттық міндетті тренинг енгізді. Медиаторлар тізімі жүргізілмейді.

Ескерту – автормен жасалған.

Қазақстан Республикасы. Тарихи тұрғыда Қазақстанда өзге Орталық Азия елдердегі сияқты билер соты – (сыйлы ақсақалдардың) болған. Билер өздігінше шешім қабылдап, тараптар оны орындауға міндетті болған.

Қазақстан Республикасында медиация 2010 ж. Алматы қаласында пилоттық жобадан бастау алады. *CEDR* (*Center for Effective Dispute Resolution, UK*) 6 айлық осы жобаны іске асыру барысында 100 медиаторлар дайындады [178]. Әрі қарай медиация жеке салаларда дамып, бірнеше бірлестіктер ашылды.

Заңға [3] сәйкес «Медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі».

Қазақстанда сот және жеке медиация бар. Медиацияны қолдану салалары келесідей даулар болып табылады:

1. Азаматтық, еңбек, отбасылық, жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен, өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын;
2. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа, қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық өндіріс кезінде қарастырылатын;
3. Атқару өнддірісін жүзеге асыру кезінде пайда болатын даулар.

Бір тарап мемлекеттік орган болып табылса онда медиация рәсімі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қолданылады делінген. Медиативтік келісім бойынша міндеттемелерді орындау міндетті болып табылады. Келісімді орындаудан жалтарған жағдайда мүдделі тарап келісім бойынша міндеттемені оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен орындау туралы арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Сот медиациясы кезінде судья істі медиация жүргізу үшін басқа судьяға береді. Алайда тараптардың өтініші бойынша іс қай судьяның өндірісінде болса сол судьяның жүргізуіне берілуі мүмкін. Апелляциялық сатыдағы соттарда

медиация жүргізу үшін ереже бойынша іс алқалық сот құрамынан бір судьяға беріледі. Судья-медиаторға жүгіну талапкерге дау пәнін өзгертуге құқық береді (аталған ереже экономикалық сот өндірісіне де қатысты). Қылмыстық сот өндірісінде қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады. Тіптен ҚР Қылмыстық Кодексі қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін екенін қарастырады.

Соттық медиациядан басқа Қазақстанда жеке медиация түрі де бар. кейбір ұйымдар 2008 жылдан бастап қызмет ете бастады. Әр медиация орталығы медиаторларға өздері стандарттар орнатып оларды дайындауды жүзеге асырады (5 кесте). Қазақстанда кәсіби емес медиатор болып 40 жасқа келген тұлғалар мен татуластыру рәсімін жүргізген судьялар бола алады. Ал кәсіби медиаторлар болып жоғары білімі бар, 25 жасқа толған, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіпте медиаторларды дайындау бағдарламасы бойынша оқудан өткендігін растайтын құжаты (сертификаты) бар, кәсіби медиаторлар тізімінде тұрған тұлғалар, сондай-ақ отставкадағы судьялар бола алады. Медиаторларды дайындау үш сатылы оқыту жүйесінен (жалпы медиация курсы – 48 сағат, арнайы медиация курсы – 50 сағат, медиатор-тренерлерді дайындау курсы – 32 сағат) тұрады. Әр ұйым өз кәсіби медиаторлар тізімін жүргізеді. Кәсіби емес медиаторлар тізімін – сәйкес әкім жүргізеді. Кәсіби және кәсіби емес медиаторлар да әр жыл сайын сәйкес ұйымдарға тізімде болу мерзімін ұзарту үшін өтініш жазып отыруы тиіс, олай болмаған жағдайда олар автоматты түрде тізімнен шығып қалады [179].

5 кесте. Қазақстандағы медиацияның дамуы

Қазақстанда медиацияның дамуы		
Сот жүйесі	**Тәуелсіз медиация**	**Мемлекет**
Қылмыстық өндіріс шеңберінде медиацияға қатысу кінәні мойындау дәлелдемесіне жатпайды. Келісімді орындаудан жалтарған жағдайда мүдделі тарап келісім бойынша	Медиативтік орталықтардың құрылуы. Әр орталық медиаторлар тізімін өздері құрады. Кәсіби емес медиаторлардың тізімін әкім жүргізеді.	Медиацияны 30 күнде, ерекше жағдайларда 60 күнге дейін жүргізіледі. Медициналық мекемелердің

5 кесте жалғасы

міндеттемені оңайлатылған жазбаша іс жүргізу тәртібімен мәжбүрлі орындату. Медиация сот өндірісінің кез-келген сатысында жүргізілуі мүмкін. Медиацияны жүргізген медиатор мен судья өздеріне белгілі болған жағдайлар жөнінде куә ретінде сотқа жауап алуға шақырылмайды. Судья-медиаторға жүгіну талапкерге даудың пәнін өзгертуге құқық береді.	Медиация туралы ақпараттарты тарату үшін промо-материалдар дайындалады.	дәрігерлерін емделушілер мен медициналық қызметкерлер арасындағы дауларды реттеу мақсатында медиация жүргізуге оқыту.

Ескерту – автормен жасалған.

6 кесте. Зерттелген мемлекеттер арасында медиацияның кеңінен қолдануына әсер еткен негізгі факторлар

Факторлар	**ҚХР**	**Сингапур**	**Германия**	**Грузия**	**Қазақстан**
Мемлекеттік қолдау					
Мемлекеттік органдармен жүргізілетін медиацияның болуы	+	+	-	+	+
Медиаторларды мемлекеттік органдардың оқытуы	+	-	-	-	-
Мемлекетпен қаржыландырылатын медиация орталықтарының құрылуы	-	+	-	-	-
Донорлық ұйымдар тарапынан көмек көрсету соның ішінде қаржылай					
Шет елдік донорлар қаржыландыратын пилоттық жобалардың болуы	-	-	-	+	+
Соттар мен судьялардың тартылуы					
Медиативті келісімді бекіту және оның міндетті орындалуы	+	+	+	+	+
Сот медиациясының болуы	+	+	+	+	+
Жекелеген санаттағы істер үшін «Алдымен медиация» қағидасы	+	+	+	+	+
Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тартылуы					

6 кесте жалғасы

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының медиацияның жекелеген түрлерін өткізу құзіреті бар	+	-	-	-	+
Дауларды шешу үшін медиацияны таңдайтын тұлғалар үшін ынталандыру шаралары	+	+	+	+	+
Медиация нәтижесінде қол жеткізілген келісімді орындаудан бас тартқан тұлғаларға қатысты санкциялар	-	+	+	+	+
Дауларды бейбіт түрде шешуге арнайы бейімділік	+	+	+	+	-
Танымал ету шаралары					
Медиация өткізу бойынша судьялардың ұсынысы	+	+	+	+	+
Түрлі конференциялар өткізу	+	+	+	+	+
Мемлекеттік баж салығын қайтару	+	+	+	+	+

Ескерту – автормен жасалған.

3.2 Қазақстан Республикасында этномедиацияны дамытуда азаматтық қоғам институттарының рөлі

Қазақстанның мемлекеттік ұлттық саясатының мақсаты көп ұлттар тұратын қазақ қоғамын патриоттық құндылықтар мен әлеуметтік ынтымақтастыққа негізделген біртұтас саяси ұлтқа біріктіру болып табылады. Қазақстан – көп этносты мемлекет. Елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері тұрады.

«Этнос» түсінігіне жалпы мойындалған анықтама беру өте қиын. «Этнос» ұғымына әр зерттеуші әртүрлі түсінік береді. Мысалы, Фирон пікірінше адамдардың тобы егер олардың саны отбасы мүшелерінің санынан асып кетсе жіне белгілі бір критерийлерге сәйкес болса этнос ретінде саналуы мүмкін. Автор ол критерийлерге – ортақ тіл мен тегі, ортақ дін мен дәстүр, өз территориясының болуы және этникалық топ ретінде ортақ ұжымдық тарихтың болуын жатқызады. Егер территорияның болуы деген критерийді алып тастаса, әлемнің көп елдерінде тұратын, өз мемлекеттілігі жоқ сыған немесе күрдтер сияқты этникалық топтар, бәрібір жеке этнос ретінде танылады деп анықтайды [180, 201 б.].

Әрі қарай Вебердің пікірінше «этнос» ортақ мұра, тарих, тағдыр және мәдениетпен байланысты, ұқсас тіл, сыртқы түр әлпеті мен дінімен сипатталатын адамдар қоғамы [181, 562 б.]. Келтірілген көзқараспен толықтай келіспеске болмайды. Өйткені этнос ретінде танылу үшін территорияның болуы керек деген критерийді артық деп есептейміз.

Этносаралық конфликт – тараптары немесе бір тарабы этникалық айырмашылық қағидасы бойынша жұмылатын, әрекет ететін немесе қайғыратын азаматтық, саяси және қаруланған қарсыласудың кез-келген нысаны [182, 365 б.].

Ұлтаралық қатынастар саласында маңызды өмірлік ұстанымдар, ұлттық құндылықтар себебінен туындайтын конфликтілер ең күрделі шешілетін мәселелерге жатады. Ұлтаралық қатынастар саласында қоғамдағы конфликтінің дамуына әсер ететін бірқатар мәселелер бар. Осы орайда олардың ішінен келесілерді атауға болады:

- Әлеуметтік-экономикалық;
- Мәдени-тілдік (ана тіліне, аз ұлттың ұлттық мәдениеті мен кепілдендірілген құқықтарын қорғауына байланысты);
- Этнодемографиялық;
- Тарихи (өткен шақтағы өзара қарым-қатынас);
- Дінаралық және конфессияаралық [183].

Сондай-ақ ұлтаралық қатынастың ізгіленуіне бөгет болатын факторлар ретінде азаматтардың билік және басқару органдарына сенімсіздігі, сыбайлас жемқорлық, заң мен сот алдында азаматтардың теңдігіне сенбеу, кейбір халықтардың мәдениеті мен дәстүріне билік өкілдерінің біржақты көзқарасы, азаматтардың заңды мүдделерін қорғай алмау, әділдікті қамтамасыз ете алмауын айтуға болады.

Ұлтаралық қатынастар саласында туындайтын конфликтілерді реттеу механизмдерінің бірі мемлекеттің мәдени құқықтық кеңістігіне медиация институтын тереңдетіп енгізу болып табылады. Медиацияның бағыттарының бірі – этномедиация, яғни ұлтаралық қатынас саласындағы медиация.

Этномедиация – ұлтаралық конфликтіге араласқан әр нақты ұлт өкілдерінің мәдениет ерекшеліктері мен мәдени айырмашылықтарына саналы түрде көңіл аударумен ерекшеленетін медиативті үдеріс [184, 28 б.].

Этномедиация – қатысушылары жеке тұлғалар немесе адамдар тобы бола алатын, ұлтаралық қарама-қайшылықтан туындаған конфликтілерді реттеу тәсілі болып табылады.

Этномедиация – этникалық топ өкілдерінің қатысуымен болатын қақтығыстарды, этносаралық қайшылықтардан туындайтын келіспеушіліктерге негізделген дауларды шешудің балама технологияларының бірі, тиімді әдісі және нақты нысаны болып табылады.

Этномедиация сонымен қатар этностар арасындағы конфликтілердің алдын-алу шараларының бірі болып табылады.

Жалпы медиативті үдерісте тараптар тең болады және олардың құндылықтары да теңеседі. Көптеген түрлі ұлттар үшін ғұмыр, достық, отбасы, сенім, денсаулық және басқа да мәңгілік құндылықтар маңызды. Ұлтаралық конфликтілерді реттеуде медиатордың міндеті тараптарға басқа этнос өкілінен «адамды» көруге көмектесу, сондай-ақ тек қана ағымдағы нақты жағдайды ғана реттеп қоймай, барлық қатысушылар арасындағы қатынастардың әрі қарай сақталу мәселесін де реттеу болып табылады.

Этномедиация этностар арасындағы сезімтал және осал қарым-қатынасқа негізделгендіктен, аталған рәсімді жүргізетін этномедиаторға қойылатын талаптар да жоғары. Бүгінгі күні Қазақстанда этномедиатор деген түсінік қалыптасып, оларды кәсіби тұрғыда оқытатын орталық ашылды. Қазақстан Республикасында 2023 жылдың мамыр айынан бастап «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» базасында «Этномедиация орталығы» құрылып, жұмыс істей бастады. Этномедиация орталығы ұлтаралық конфликтілердің алдын алуда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, орталықтың мақсаты - этномедиация мектебін қалыптастыру және конфликтілердің өрбуінің кез-келген сатысында шешуге қабілетті этномедиаторларды даярлау болып табылады. Этномедиация орталығының негізгі қызметтері:

- Этномедиаторларды даярлау және конфликтологияның, этномедиацияның, этносаяси сауаттылықтың, этномәдениеттің, «араздық тілі», келіссөздер тәжірибесінің, қоғамдық риториканың және басқа да негіздері бойынша оқыту.

- Алдын алу жұмысы – аймақ тұрғындарымен кездесулер мен әңгімелер өткізу арқылы этносаралық қатынастар мәселелерін талқылау, мүмкін қақтығыстардың алдын алу және әртүрлі этникалық топтар арасындағы өзара түсіністікті нығайтуға көмектесу.

- Кеңес беру және ұсыныс жасау қызметі – жоғары деңгейлі билік органдарының араласуын талап ететін мәселелерді жаңарту, әлеуметтік кернеудің деңгейіне ықпал ете алатын потенциалы бар.

- Әдістемелік құралдарды әзірлеу және енгізу – этносаралық кернеулермен жұмыс істеуге арналған стандартталған және тиімді құралдар жасау [184, 30 б.].

Жалпы әртүрлі мәдениет пен тіл өкілдерінің арасындағы даулар этномедиациядағы ең күрделі жағдайлардың бірі. Дауласушы тараптардың бірін-бірі түсінбеуі эмоционалды және психологиялық сипаттағы қиыншылықтарға алып келеді. Сондықтан конфликтология, әлеуметтану, психология, этносаясаттану салаларында арнайы білімі жоқ, сондай-ақ медиативті тәжірибе негіздерін игермеген медиатор татуластыру рәсімін жүргізуде қиыншылықтарға тап болары сөзсіз.

Өйткені этномедиация қосымша дайындықты талап ететін, сондай-ақ этникалық топтармен тәжірибелік жұмыстың кең ауқымын қамтитын медиацияның күрделіленген түрі. Этномедиация жүргізу кезінде медиатор тараптардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, тілін, мінез-құлық ерекшеліктерін, ұлттық стереотиптерін ескеру қажет. Ал бұл өз кезегінде медиатордың құзіреттілік шеңберіне қойылатын талаптардың анағұрлым кең екендігін көрсетеді.

Ең біріншіден этномедиацияны жүргізетін медиатор бейтарап және объективті болуы тиіс. Медиатордың бейтараптылығын 3 негізгі аспект бойынша түсіндіруге болады: мүдделі болмау, тәуелсіздік және бейтараптылық. Мүдделі болмау – медиатордың делдалдық нәтижелеріне қызығушылық танытпауын білдіреді. Тәуелсіздік – медиатордың тараптармен іскерлік және жеке қатынастың жоқтығын білдіреді. Бейтарап болу – тараптардың қайсы біріне де бір жақты көзқараста болмай, процесті тең, әділ

жүргізуін білдіреді. Осындағы медиатордың бейтараптылығы медиацияның анықтаушы белгісі болып саналады [185, 568 б.].

Сонымен қатар қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының «Этномедиациядағы негізгі тіректер және қақтығыс тараптарының құқықтарын қорғау» [186] атты әдістемелік құралда этномедиатордың портретін, Этномедиатордың кәсіби және әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерін ұсынады. Этномедиатордың кәсіби құзіреттеріне:

- еңбек, азаматтық, әкімшілік, отбасы құқықтық қатынастар саласында, сондай-ақ конфликтология, әлеуметтік психология, этносаясаттану салаларында білімінің болуы;
- медиация саласында базалық құқықтық білімнің болуы;
- мемлекеттік және ресми тілдерді меңгеру;
- этносаралық қатынастар саласында, этномәдени бірлестіктерде және осыған ұқсас құрылымдардағы тәжірибенің болуын ұсынады.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктер шеңберіне медиация тараптарының әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін, тілдерін, тарихын білу және қазіргі қоғамдық-саяси процестер мен этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы жағдайды білуді жатқызады. Сонымен қатар этномедиатор өз қызметінің барысында ұстануы тиіс қағидалар бар. Олар жүйелілік, жауапкершілік, сүйемелдеу, өзін-өзі бақылау, тиімділік қағидалары.

Жүйелілік қағидасы медиатордың этномедиацияны жүргізуді жоспарлай алуы, яғни оның дауласушы тараптар туралы ақпарат пен этникалық топтардың әлеуметтік-мәдени мінездемесіне қатысты ақпарат негізінде процесті жоспарлай алу қабілетін білдіреді.

Жауапкершілік қағидасы – этномедиатордың өз қызметінің нәтижесіне деген жоғары әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие болуы қажет. Тіптен этномедиатор мәртебесі мен оның қызметіне ақы төленетіндігі нақты заңмен анықталмағанына қарамастан, медиатор жауапкершілік қағидасына сүйену керек.

Сүйемелдеу қағидасы шеңберінде этномедиатор қатысушыларды татуластыру рәсімінің соңына дейін қажетті кеңестер беруді жүзеге асырумен, сондай-ақ қақтығушы этникалық тараптардың арасындағы өзара қарым-қатынастың әрі қарай өрбуін бақылауды қамтиды, яғни конфликтіні тоқтату бір жұмыс, ал конфликтіні қоздырушы факторды тауып, оны тоқтату этномедиатордың негізгі жұмысы болып табылады.

Байсалдылық қағидасы. Этномедиатор татуластыру рәсімін жүргізуде негативті этнонимдер, стереотиптерді қолдана алмайды және оған жол бермейді.

Тиімділік қағидасы. Этномедиатор тек сапалы нәтижеге бағдарлануы қажет. Оның міндеті конфликтінің оң шешілуі үшін рәсімге қатысушылардың барлығына тиімді, қажетті барлық мүмкіндіктерді қолдану.

Тәуелсіздік алғалы Қазақстан Республикасының басшылығы этникалық сұраққа ерекше назар аударып келеді. 1993 жылы қабылданған ҚР Конституциясының 1 бабы бойынша «Қазақстан Республикасының азаматтарына нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, әлеуметтік, мүліктік және

лауазымдық жағдайына, әлеуметтік тегіне, тұрғылықтық жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, қоғамдық бірлестікке мүшелігіне, сондай-ақ бұрын қылмыстық жазаға тартылғанына қарамастан құқықтар мен бостандықтар теңдігіне кепілдік берілді» [187]. Сондай-ақ 1995 жылғы ҚР Конституциясының 19 бабында «әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы және әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар» деп бекітілген [142]. ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2015 жылдан бастап егер әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасы, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау, егер бұл іс-әрекеттер жария немесе бұқаралық ақпарат құралдарын, телекоммуникация желілерін және онлайн-платформаларды пайдалана отырып, сол сияқты әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты насихаттайтын әдебиетті немесе өзге де ақпарат жеткізгіштерді дайындау немесе тарату жолымен жасалса, екі мыңнан жеті мыңға дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салуға не екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады деп бекітілді [124].

Ұлтаралық мәселелерді шешу мен олардың алдын-алудағы ұлтаралық саясаттың тиімділігі тәжірибелік тұрғыда үлкен сұрақтар мен ерекше қызығушылықтар туғызады. Тәуелсіздік алғаннан кейін шұғыл қабылданған нормативтік құқықтық актілер аралық сипатқа ие болды, сондықтан кейінгі қабылданған заңдар, бағдарламалар мен доктриналар тұрақты бағытымен, қоғамдық саяси өмірдің қазіргі ерекшеліктерін ескеруімен және ұлтаралық сұрақтарды реттеу үдерісінде жаңа қадамдарды жүзеге асыруымен негізделеді.

Әлеуметтік конфликтілердің алдын алу мемлекеттің басым міндеттерінің бірі. Әлеуметтік шиеленістің пайда болу мүмкіндігін болдырмау немесе елеулі түрде бәсеңдету үшін жағдайлар жасайды. Қазақстандағы ұлтаралық конфликтілердің алдын-алу бойынша аймақтық деңгейдегі құрылымына бірнеше институттар мен органдар кіреді (7 кесте).

7 кесте. Ұлтаралық конфликтілердің алдын алу бойынша аймақтық деңгейдегі құрылымдар

Облыстардағы ҚХА	**Басқа да мемлекеттік ргандар**
Қоғамдық келісім кеңестері	Облыстық әкімдіктер
Мәдениет үйлері	«Ішкі саясат бөлімдері» МБ
Этно-мәдени бірлестіктер	Ішкі істер Департаменттері (мыс. учаскелік инспекторлар)

7 кесте жалғасы

Медиация кеңестері мен орталықтары	
Ақсақалдар Кеңесі ж.т.б	

1992 жылы «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму Стратегиясында» әлеуметтік модернизация саласында «Қазақстанда этникалық ерекшелікті дамыту мен ұлттық мәдени түрлілікті сақтауға» мән берілсе [188], 1995 жылы Қазақстан Халықтарының Ассамблеясының құрылуымен ұлтаралық қатынас саласында мемлекеттік саясаттың институционалдық базасының тұрпаты қалыптаса бастады.

ҚР Қазақстан Халқы Ассамблеясы кеңес беруші орган ретінде құрылуы мемлекеттегі ұлтаралық қатынастарды реттейтін механизмдерді құруға жол ашты деуге болады. Ұлтаралық дауларды реттеуде барлық ұлттардың азаматтарының консолидпциясының қоғамдық органы Қазақстанның халық Ассамблеясы маңызды рөл атқарады. Ассамблея мен оның органдарының медиативті рөлі жөнінде айтқанда Қазақстандағы этникалық топтар сауатты құрылған ұлттық саясаттың арқасында өте жоғары азаматтық құқық пен қоғамдық мәртебеге ие екені жөніндегі маңызды аспектіні айту керек. Ендігі жерде Ассамблеяның қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасалады.

2007 жыл ҚР Қазақстан Халқы Ассамблеясы үшін ерекше болды. Біріншіден Қазақстан Халқы Ассамблеясының атауы өзгерді. Қазақстан Халықтарының Ассамблеясынан Қазақстан халқы Ассамблеясына өзгертілді, екіншіден аталған институтқа конституциялық мәртебе мен Қазақстан Республикасының мәжілісіне 9 депутат сайлау құқығы берілді.

Құрылғанынан бастап бұл институттың алдына ерекше міндеттер қойылды. Ол міндеттер 2008 жылы 20 қазандағы №70 IV «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Заңында» [189] бекітілді. Дәлірек айтқанда аталған заңның 4 бабында мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау; Қазақстан халқының бірлігін нығайту; қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу; азаматтардың саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қатысу; Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету; Қазақстан халқының дәстүрлерін, тілдері мен мәдениетін сақтау және дамыту болып табылады [188]. Бүгінгі күні біздің тақырыбымызға арқау болатын ұлтаралық алдын-алу тармағымен қоса алғанда ҚР ҚХА алдында міндеттердің бүтін бір кешені тұр. ҚР Қазақстан Халқы Ассамблеясы туралы заңның 6 - бабында Ассамблеяның қызметінің негізгі бағыттары ретінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы қайырымдылықты, медиацияны дамытуға жәрдемдесу көзделген [188].

2020 жылы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Масанчи ауылындағы қақтығыстан кейін мемлекет ұлтаралық қатынас саласындағы мемлекеттік саясатты реформалауды қолға алды. Қазақстан Халқы Ассамблеясы өз қызметтерін қайта қарап, бағыттарын айқындай бастады.

Сәйкесінше 2020 жылдың мамыр айында Ақпарат және қоғамдық даму Министрлігінің ұлтаралық қатынасты дамыту бойынша Комитеті құрылды. Бұл құрылымның ұлтаралық қатынас мәселелеріне зерттеу жүргізуден басқа да міндеттері бар. Ол ұлтаралық жағдайды бақылауда ұстап, мәселелерді шешу бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар беріп отыруы керек, конфликтілер туындаған жағдайда жергілікті органдар мен полицияға кеңес беріп отыруы қажет.

2006 жылы ҚР Үкіметінің №593 қаулысымен «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған Бағдарламасы қабылданды. ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі, үкімет, орталық және жергілікті атқару органдары қатысқан бұл екіжылдық бағдарлама бірнеше мақсат-міндеттерді көздеді.

Бағдарламаның мақсаты келісімнің қазақстандық моделін жетілдіру болды. Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылды: Республикада этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіруді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін әзірлеу жән іске асыру; елдегі әлеуметтік-саяси ахуалдың, сондай-ақ конфессияаралық және этносаралық қатынастар саласындағы ахуалдың және қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық шиеленіс деңгейінің мониторингі, диагностикасы мен болжамы; ішкі саяси тұрақтылықты, этносаралық жән конфессияаралық келісімді нығайту [190].

2010 жылы Қазақстанның ел бірлігі доктринасы қабылданды. Ол мынадай үш маңызды қағидаға негізделді: «бір ел – бір тағдыр», «тегі басқа – теңдігі бір», «Ұлт рухының дамуы». Құжатта ұлтаралық қақтығыстың алдын-алу жолдары «қажетті шараларды қабылдауда жауапкершіліктің бөлінуінде азаматтар, қоғам мен мемлекет арасында қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық алауыздықтың алдын-алу және болдырмау» жөнінде үстіртін ғана айтылып кетеді [191].

2015 жылы мемлекет басшысының жарлығымен Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы қабылданды. Құжатта ҚР ҚХА қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту ісінде басты рөл атқаратыны айтылады. Аталған институттың «ҚР ҚХА мен ҚХА Қоғамдық келісім кеңесінің қамқорлығымен қайырымдылық пен медиацияны дамыту, сондай-ақ қоғамның бақылау жүйесін қалыптастыру» мәселелері қозғалады [192].

2021 жылы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің жанынан этномедиаторлар мен кәсіби келіссөздер жүргізушілер үшін оқу бағдарламасы мен оқыту курстарын әзірлеу бойынша жұмыс тобы құрылды. Ал 2022 жылы наурыз айында Жамбыл облысында этномедиаторлар мен кәсіби келіссөзшілерді оқыту бойынша 5 күндік оқыту бағдарламасының пилоттық жобасы іске қосылды.

Қазіргі уақытта ұлтаралық сұрақтардың құқықтық қамтамасыз етілуі Қазақстан халқы Ассамблеясының 2022-2026 жылдарға арналған даму тұжырымдамасын бекіту туралы тұжырымдамасында бекітілген. Аталған тұжырымдамаға сай Ассамблеяның негізгі түйінді бағыттарының бірі - Ассамблеяның медиация, волонтерлік, қайырымдылық және қоғамдық бақылау саласындағы қызметін интеграциялау тетіктері ретінде дамыту [193].

ҚР ҚХА құрылымы ішінде ҚР ҚХА-ның Медиация кеңесі және ҚХА -ның Ақсақалдар Кеңесіне тоқталып өтсек. Ассамблеяның медиация кеңестері 2015 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының Медиация кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) ҚХА жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Кеңестің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында қоғамдық келісімді қамтамасыз ету мақсатында медиация институтын дамыту болып табылады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

– ҚХА қызметі аясында қоғамдық келісім саласындағы медиация бойынша стратегиялар әзірлеу;

– қоғамдық келісім саласындағы медиация бойынша ҚХА құрылымдарының қызметін үйлестіру және жүйелеу;

– медиация бойынша ҚХА құрылымдарының қызметін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету;

– этносаралық қатынастар саласындағы медиация бойынша отандық және шетелдік тәжірибені зерттеу, ҚХА қызметі аясындағы медиация бойынша практиканы жетілдіру;

– ҚХА құрылымдары үшін этносаралық қатынастар саласында медиация бойынша әдістемелік материалдар әзірлеу;

– этносаралық қатынастар саласындағы медиация бойынша отандық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.

Бүгінде облыс орталықтарында 17 медиация кабинеті ашылған. 20 медиация кеңесі жұмыс істейді. Оның ішінде біреуі республикалық және 19-ы өңірлік. Ассамблея реестрінде 2318 медиатор бар. Олардың көмегімен 2016 жылдан бері 134 400 өтініш қаралған. Өтініштердің 51%-ті медиативті келісіммен, ал қалған 49%-ті медиаторлардың кеңес беруімен шешілген [194].

Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Кеңестің негізгі міндеттерінің бірі - мемлекеттік органдарға әлеуметтік және тұрмыстық жанжалдарды профилактикалауға, оларды шешуге, сондай-ақ оларды жанжалдан кейінгі реттеуге жәрдемдесу, этномедиацияны жүзеге асыруға, қоғамдық келісімді нығайту мәселелері жөніндегі диалогты ұйымдастыруға жәрдемдесу және тікелей қатысу болып табылады [195].

Қазақстанда 1119 Ақсақалдар кеңесі жұмыс істейді, кеңеске жалпы алғанда 8 мыңға жуық ақсақал мүше. Кеңес қазір облыс орталықтарында, өңірлік ҚХА жанынан, аудандарда, ауылдық округтер мен ауылдарда тиісті әкімшілік-аумақтық әкімдіктерінің жанынан құрылуда. Олардың құрамына танымал тұлғалар, пікір көшбасшылары, этномәдени, ардагерлер бірлестіктері мен басқа да қоғамдық ұйымдардың өкілі кіреді [196].

Этносаралық конфликтілерді реттеу мен алдын-алудың тиімді жолдарын анықтауда этномедиацияны дауларды шешудің балама әдістерінің ішінде жаңа бағыт деп қарастыруға болады.

Сондықтан этномедиация нормативтік-құқықтық реттеу бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуі керек деген пікірдеміз. Ең алдымен медиацияның бір саласы ретінде этномедиацияны бөліп қарастыру, этномедиация бойынша татуластыру рәсімін жүргізу мерзімдері туралы, этномедиация бойынша медиативті келісім жасау туралы мәселелерді шешу. Сонымен қатар этномедиатордың мәртебесін анықтап, оның кәсіби стандарттарын белгілеу қажет.

3.3 Медиация саласындағы заңдарды жетілдірудің негізгі бағыттары

Қоғамның өркениеттілігінің маңызды белгілерінің бірі ретінде азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының деңгейі болып табылады. Ол құқықтық мемлекет құрылу барысында ерекше мәнге ие. Құқықтық тәрбиенің элементі ретінде қарастырылатын құқықтық оқыту тұлғаның құқықтық әлеуметтенуінің қажетті тетігі болып табылады. Оның шеңберінде субъектінің өмірдегі «құқықтық сауатты» мінез-құлқын анықтауда маңызды рөл атқаратын құндылықты құқықтық бағдары қалыптасады. Осыған байланысты тұлғаның әлеуметтік-пайдалы мінез-құлқының мәселесі және оның негізінде қалыптасқан құқықтық белсенділігі қазіргі қоғам үшін өзекті және маңызды, өйткені демократиялық қоғамның дамуының тұрақтылығы мен тиімділігі елеулі түрде тұлғаның, тұтас қоғамның жүріс-тұрысы, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті арқылы анықталады. Осы орайда О.Ю. Голубь медиацияны адамдар арасындағы байланыс мәдениетінің жаңа деңгейі деп есептейді. Әрі қарай, медиация үдерісі серіктестік қатынастың беки түсуіне, азаматтық айналым қатысушыларының конфликтілік жағдайларды бейбіт және дербес шешудің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Медиацияның қаншалықты танымал және нәтижелі болуы қоғамның жетілгендігінің, азаматтардың өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік арқалауға дайындығы деңгейін бағалау көрсеткіші болып табылады деген қорытындыға келеді [197].

Медиация институты дауларды реттеудің басқа да тәсілдерімен қатар тұратын және дамыған азаматтық қоғамның белгісі, экономикалық айналымның жетілгендігі мен жоғары құқықтық мәдениеттің көрсеткіші болып табылады.

Жалпы медиацияның дамуы азаматтардың конфликтілік жағдайларды медиация тәртібімен шешудің орынды екенін саналы түрде ұғынғанында ғана мүмкін болмақ.

Алайда, қазіргі кезде келіссөздер жүргізу, өзара тиімді шешім іздеу мәдениеті Қазақстанда дами қойған жоқ. Азаматтық айналым қатысушыларының басым көпшілігі өздерінің конфликтілі құқықтық мәселелерін сотта қарастыруды жөн көреді, сондықтан дауды шешудің балама тәсілдерін қолдану өзекті болып қалуда.

Құқықтық мәдениетті көтеру азаматтық қоғамның қалыптасуы мен қызмет етуінің қажетті талабы. Мұндай қоғам пайда болған мәселелерді мемлекеттің күш құрылымдарына жүгінбей, өркениетті қоғамның өзін-өзі реттеу әдістерін қолдана отырып шешу қабілетіне ие. Ал ол өз кезегінде қоғамдық және мемлекеттік даму үшін алғышарттар құрады.

Конфликтілерді мәжбүр ету әдісімен шешу қарсыласудың әрі қарай тереңдей түсуіне алып келеді, өйткені тараптардың мүдделері есепке алынбайды, тараптар ұстанымдарына ғана бағдарланған. Тұлға өз құндылықтарының өзгелердің құндылықтарымен ортақ екенін ұғынғанда ғана тараптардың мүддесі назарға алынады. Мұндай нәтиже конфликтісіз қоғам құруға қатысуға ынталандырады.

Құқықтық конфликт негізінде оның қатысушыларының арасындағы бір-бірінен елеулі түрде ерекшеленетін құндылықтардан көрініс табатын мазмұндық қарама-қайшылықтар тұрады. Конфликтінің аяқталуы тек қана тараптардың конфликтінің шығу себептері мен мазмұнын ортақ талдау нәтижесінде қол жеткізілетін шешімі болып табылады. мұндай талдау мен конфликтінің аяқталуы құқықтық дауларды шешудің жоғары мәдениеті мен жалпы қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары болу талаптарында ғана мүмкін болады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы мен қызмет етуі үшін қажетті талап – қоғамның құқықтық мәдениетінің мәні мен рөлін көтеру болып табылады. Адам өздігінше өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын белсенді субъект. Конфликтілерді зорлық пен мәжбүр ету негізінде шешу динамикалық түрде дамушы азаматтық қоғамның қажеттіліктеріне сай келмейді. Құқықтық мемлекеттің құрылуы, азаматтық қоғамның дамуы және әлеуметтік тұрақтылықтың беки түсуі тікелей жоғары құқықтық мәдениетке тәуелді. Ол жоқ болса қоғам өмірі, адамның құндылығы, оның құқықтары мен бостандықтары, жария мүдделердің сенімді қорғалуын қамтамасыз ету сияқты базалық қағидалар мен құндылықтарды толық көлемде жүзеге асыру мүмкін емес.

Мұндай жағдайда медиацияны азаматтың құқықтық мәдениеті, құқықтық санасы және құқықтық сауаттылығы деңгейіне әсер етуші, сондай-ақ құқықтық нигилизммен күресуші фактор ретінде есепке алу маңызды.

Әдеттегі сот өндірісі тәртібімен салыстырғанда, дауларды балама түрде шешу азаматтардың дауды бейбіт түрде реттеу санасын қалыптастыру көмегімен олардың құқықтық мәдениетін көтеруге әсерін тигізеді.

Дауды шешу медиация рәсімінің түпкі нәтижесі де, мақсаты да емес. Бұл рәсімде кейінгі болуы мүмкін келіспеушіліктерді реттеу мен басқа да мәселелерге тойтарыс беру үшін жағдай жасалады. Осылайша медиацияның үйрету, оқыту элементі де бар деп айта аламыз, себебі оның қатысушылары өз қажеттіліктерімен мүдделерін салмақты және ашық түрде талқылау мүмкіндіктерін алады.

Сонымен қатар медиацияның тиімділігі дауласушы тараптардың құқықтық мәдениетінің деңгейі мен конфликтіден бейбіт түрде шығуды түсіну деңгейіне де байланысты.

Дауласушы тараптардың жеке қажеттіліктерінен шығатын даулы жағдайларды реттеудің тәсілдері ерекше өзекті және қажетті болып табылады.

олар мүдделердің тепе-теңдігін сақтап қана қоймай, конфликтінің терең бойлап кетуінен, өршіп кетуінен сақтайды.

Медиация – бағытталған ақпаратты беруге негізделген келіссөздер бойынша серіктестердің өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік байланыстың ерекше түрі. Медиация рәсімінің негізін бір уақыттағы хабарлама жіберу және алуды көздейтін байланыс, қатынас құрайды. Қатынас барысында серіктестер арасында барлық коммуникативті жағдайды бақылау, талдау және басқару элементтері арқылы белсенді кері байланысты ұйымдастыра отыра байланыс қалыптасып, өзара әрекет жүзеге асырылады. Бір-біріне мәнге ие белгілі-бір мүдделер мен құндылықтар, тең құқылы қарсыластар ретінде қарайтын тараптар арасында субъект-субъектілік қатынас орнайды. Бұл өз кезегінде жай ғана тараптардың бір-біріне қойған талаптарын қабылдау немесе қабылдамауды білдіріп қоймай, сондай-ақ өзара әсер ету, дауласушы тараптардың мүдделелері мен қажеттіліктерін өзара есепке алуды, оның негізінде өзара тиімді шешімге келуді білдіреді [198, 465 б.].

Медиацияның коммуникативті табиғаты жөніндегі тұжырымды бірқатар авторлар қолдайды. Мысалы, В.И Захарованың пайымдауынша, медиация субъектілерге коммуникация үдерісін қолдауға мүмкіндік беретін жүйені білдіреді. Үшінші тараптардың көмегімен болатын мұндай өзара әрекеттестік, процесс қатысушылары – яғни коммуникаторлар өздерінің ресурстары жетіспеу себебінен өздігінше тиісті нәтижеге қол жеткізе алмағанда өте қажет болып табылады [199].

О.В. Аллахвердиева медиацияны екі немесе одан көп адамдардың арасындағы құрылымдық, ұйымдасқан топтық өзара әрекеттесу үдерісі деп анықтайды. Өзара әрекеттесу қатысушыларының бірінің рөлі эмоционалды қарама-қайшылықтағы қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты жеңілдету [200, 155 б.].

Көптеген зерттеулер кері байланыс үшін мүмкіндіктердің бар кезінде екі жақты ақпарат алмасу хабарламалардың жоғары деңгейде нақтылығы мен дұрыстығын қамтамасыз ететінін дәлелдейді. О.В. Аллахвердиева да осы тұжырымға назар аударта отырып, «медиация мақсаты – негативті қарсыласуды жойып, тараптардың дұрыс қатынастарын орнату, адамдарды өз мүдделерін түсінуге алып келу, қарсыласудың психологиялық бөгеттерін алып тастау және қарсы жақта жауды немесе оппоненттерді емес керісінше өзара тиімді шешімді бірлесіп табу үшін серіктесті көрсету» деп пайымдайды [200, 156 б.].

Басқаша айтқанда күйзелісті жағдайдан шығу үшін рәсім қатысушыларында мәселені өзара тиімді шешу ниеті болу керек және конфликтілік жағдайды шешуге мүдделі екенін көрсете білуі керек. Тек осындай негізде ғана түрлі бағыттағы, жеке тәжірибесі бар түсініктерді бір келісімге келтіру мүмкін болмақ. Егер қарсыласушы жақтардың субъектілері бір-бірінің жағдайын болжай алатындай, әрекеттердің балама нұсқаларын талдап, пайда болған жағдайды ашық және шынайы талқылауға дайын болып, өз мүдделерін айтуға және басқа тараптардың мүдделерін түсініп, келіссөздер жүргізу мәдениетінің жоғары деңгейін көрсете алса онда ортақ шешімге келу мүмкіндігі мен серіктес болу толығымен мүмкін болады.

Сондай-ақ медиация рәсімінің екі ерекшелікке ие екенін айта кету керек. Бірінші ерекшелік – медиация бұзылған байланысты қалыпқа келтіруге бағытталған, яғни конфликт негізінде жатқан сезім, эмоция және тілектері арқылы медиатор клиенттерге психологиялық байланысты қалыпқа келтіру, келіссөздер барысында мәселелерді шешуді және қарым-қатынас орнатуға көмектесуге тырысады.

Медиацияның басқа ерекшелігі медиация рәсімін жүргізу кезіндегі қолданатын – Гарвард әдісі болып табылады. Ол келіссөздерді мүдделер негізінде жүргізуді білдіреді. Кез-келген конфликт позициялар қайшылығы, әр позиция артында конфликтілердің шешімі болып табылатын бір немесе бірнеше мүдделер тұрады.

Медиатор міндеті – дау қатысушыларының шынайы мүдделерін анықтап, оның негізінде конфликтіні шешуге көмектесу. Шынайы мүдделерді шығару тараптар үшін өзара тиімді шешімге келуге мүмкіндік береді. Алайда конфликтілік жағдайларда, әдетте диалогқа келуге дайын емес тараптар өз позициясында қалады. Сондықтан медиатордың қызметі тараптар арасындағы қатынасты олардың мүдделерін анықтау үшін қалыпқа келтіруге бағытталған. Медиациялық рәсімнің осы екі белгісі сот өндірісінен ерекшелендіріп тұрады.

Осылайша медиацияны әлеуметтік феномен және конфликтілерді реттейтін дербес институт қана емес, сондай-ақ мақсатты бағытталған, жоспарланған дауларды бірлесіп шешу және өзара тиімді шешімге келу, серіктестікті әрі қарай жалғастыру мақсатында жеке тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері мен мүдделеріне, қажеттіліктеріне негізделген коммуникативті әркеттер жүйесі деп қарастыруға болады.

Медиация- бейтарап, дауды шешуде тараптардың мүддесін көздемейтін, тараптарға дау бойынша белгілі-бір келісімге келуге көмектесетін үшінші тұлғаның – медиатордың қатысуымен болатын және тараптар дауларды реттеу бойынша шешімнің қабылдану үдерістері мен оның шешілу талаптарын толықтай бақылай алатын дауды шешудің балама әдісі (ағылш. *alternative dispute resolution, ADR*) болып табылады.

Құқықтық дауларды медиация рәсімін қолдана отырып шешу көптеген дамыған мемлекеттерде қолданысқа енгенін айта кету керек. 20 ғасырдың ортасында инновациялық типтегі мемлекеттік емес құқықтық институттың пайда болуы бейтарап делдал ретінде – медиаторды тарта отырып жұмыс жүргізу болатын. Ал енді осы ғасырдың 80 жылдары-ақ медиация институты Еуропа қауымдастығы елдерінде салыстырмалы түрде тәуелсіз институтқа айналды [201].

Қазақстанда медиацияны енгізу 2010 жылы Алматы қаласындағы алты айлық пилоттық жобадан басталды. Осы уақытта *CEDR* (*Center for Effective Dispute Resolution, UK*) алғашқы 100 медиаторларды дайындады. Әрі қарай медиация жеке салада дамып, бірнеше бірлестіктер ашылды.

2011 жылы, 28 қаңтарда «Медиация туралы» заң, сондай-ақ оған ілесіп «Медиация сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар еңгізу туралы» Заңы қабылданды. ҚР Азаматтық процестік кодексіне, ҚР Қылмыстық процестік кодексіне, ҚР

Қылмыстық кодексіне, ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, ҚР Еңбек кодексіне, ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар еңгізілді. Аталған заңдардың қабылдануы татуласу рәсімінің халықаралық тәжірибесін, қалыпқа келтіру әділдігі бойынша тәжірибелік сұрақтарды зерттеу мен талдау, сондай-ақ дауларды шешудің тиімді, балама нысандарын іздеу бойынша үлкен жұмыстардың жүргізілуінің алғышарты болды [179, 24 б.] .

Бүгінгі күні біз медиация институтын құқықтық дауларды сот арқылы шешуден тиімдірек балама тәсіл деп және ол жалпылама мойындалғаны жөнінде нық сеніммен айта аламыз. Бұл өз кезегінде көптеген отандық және шет елдік ғалымдар сипаттайтын мынадай: мерзімдер, қол жетімділік, аз шығындалу, еріктілік және медиацияға ерекше тартымдылық беретін құпиялылық факторларымен түсіндіріледі. Медиация рәсімі дауларды шешуге бағытталып, дауласушы тараптардың шынайы мүдделерінен шығады. Осы тұрғыда Ф. Сандер балама (альтернатива) «көптеген бар нұсқаның» ішінен таңдау мүмкіндігін білдіреді дей келе, барлық рәсімдерге ортақ «дауларды шешудің балама әдістері» терминін қолдануды ұсынады [202, 296 б.]. Қазақстанда бүгінде азаматтардың бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың негізгі тәсілі болып сотқа жүгіну табылады. Алайда заманауи азаматтық қоғамның қалыптасуы мен жылдам даму талаптарында бұл тәсіл жеткілікті түрде тиімді бола бермейді.

Қазіргі уақытта медиация рәсімі мен оның субъектілеріне қатысты нормативті-құқықтық базаның нақты және жүйеленген, кешенді бағыты қажет.

Медиация мәні ретінде зерттеушілер бір-біріне қарама-қайшы яғни тараптардың жоғары деңгейдегі автономдылығы мен ортақ ұстаным мен өзара тиімді нәтижеге жету сияқты элементтердің үндестігі деп есептейді [3].

Заңға сәйкес «медиация – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізуі мақсатында медиатордың (медиаторлардың) жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды (дау-шарды) реттеу рәсімі» [3]. Медиация – өзара түсіністікке қол жеткізу және өзара қолайлы келісім жасау мақсатында бейтарап тұлға-медиатордың (делдалдың) қатысуымен қақтығысушы тараптардың ерікті келіссөздерге кіру жолымен татуласу рәсімі [203, 72 б.].

Заңда барлық заңды тетіктер қамтылып, айқындалған. Қоғамда туындауы ықтимал деген даулы мәселелерді ушықтырмай, сотқа дейін жеткізбей-ақ дауласқан тараптарды ортақ мәмілеге келтіру механизмдері бекітілген. Алайда дауларды медиация тәртібімен сотқа жеткізбей шешу статистикасы жылдан жылға өсіп келе жатқанымен, жалпы белең алып, дамып кете қойған жоқ. Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев мемлекеттің қатысуынсыз ымыраға келуге мүмкіндік беретін дауларды шешудің баламалы әдістерін дамыту керектігін атап өтті. «Медиация туралы» Заңның қабылданғанына 10 жыл толды. Алайда қазіргі уақытқа дейін бірде-бір мемлекеттік орган оны дамытумен айналыспайды, мемлекеттік саясат жоқ. Мұндай олқылықты түзету керек - деген болатын [204, 1 б.].

Дауларды шешудің баламалы әдісі ретінде медиацияның салыстырмалы түрде жаңаша рөлін ескерсек, бұл құқықтық институт туралы, оның даму мәселелері кеңінен қарастырылып жатыр. С.Ю. Романовская дауларды шешудің балама әдісі ретінде медиацияның тиісті деңгейде дамымай жатқанына назар аудара отырып, оның негізгі себептерін келтіреді:

- Медиация рәсімінің жаңа болуы;
- Жеке және заңды тұлғалардың медиация және оның артықшылығы туралы нашар хабардарлығы;
- Бұл жаңа құқықтық институтқа деген халықтың сенімсіздігі [205, 20 б.].

Әрі қарай М.С. Раева, Н.И. Каирова медиацияның дамуының негізгі мәселесі ретінде, медиация рәсімінің заң жағынан, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тәжірибелік қызметінде және азаматтық қоғамның қызметінде кешенді, жүйелі тұрғыда реттелмегендігімен байланыстырады [206]. «Медиацияның біздің қоғамда әрі қарай дамуы үшін медиативті қызметті бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау қажет деп есептейміз» - деген қорытындыға келеді. Осындай көзқарасты М.К. Сүлейменов те ұстана отырып, Қазақстандағы медиацияның ахуалына писсимисттік көзқарас білдіреді [207]. Оның пікірінше Қазақстандағы медиативті орталықтар азаматтық немесе арбитраждық процестерде тараптарды татуластырумен айналыспайды және медиатордың рөлі төмен, медиацияның дамуы нөлдік деңгейде. Алайда оның болашақта даму перспективаларына үмітпен қарайтынын айтады. Ол үшін келесідей бағыттарда дамуды ұсынады:

1. Ең алдымен медиацияны насихаттау;
2. Татуласу рәсімі туралы ҚР АПК өзгерістер енгізу, соттарды татуластыру рәсімін кеңінен қолдануды міндеттеу;
3. Медиатордың кәсіби этикасы Ережесін қабылдап, бекіту [208, 37 б.].

Әрине ғалымның бұл пікірімен толықтай келісуге болмайды. Өйткені әр жылда жүргізілген ресми статистикалық көрсеткіштер медиацияның жылдан жылға дамып келе жатқанын көрсетеді. Мысалы А.Қ.Нұржанова, Л.С. Серікова – «2016 жылдың 9 айы ішінде медиация жолымен қысқартылған азаматтық істердің саны 13372 құраса, 2015 жылдың осындай уақыт ішінде оның саны 4760 болған болатын. Қазіргі уақытта республикада 967 кәсіпқой емес және 1920 кәсіпқой медиатор қызмет етуде, олардың 2016 жылдың 9 айы ішінде жеке немесе істің сотта қаралуы кезінде реттеген даулар саны 9000-ға жетеді. Медиация институтының әрі қарай дамуы қоғамдағы барлық өзара қарым-қатынастардың қолайлы болуына өз септігін тигізеді» – деп есептейді [208, 37 б.].

М.И. Дячук Қазақстан Республиасындағы медиация институтын қолдануды зерттеп, талдай келе бірнеше ұйымдастырушылық сипаттағы мәселелердің бар екендігін айтады [209, 60 б.].

Біріншіден, медиация қағидаларын жүзеге асырумен байланысты мәселе. Құпиялылық қағидасы жеткілікті түрде қорғалмаған деп есептейді. Өйткені құпиялылық қағидасын бұзғаны үшін ҚР әкімшілік процестік кодексінің 85 бабындағы 20 АЕК түріндегі әкімшілік жаза ғана бар. Медиация туралы заңмен

де, басқа нормативті-құқықтық актілермен де бұл қағиданы бұзғаны үшін толыққанды жауапкершілік қарастырылмаған.

Екіншіден, медиаторларды дайындау саласындағы мәселелер, соның ішінде медиаторларды дайындау курсындағы 50 сағаттың аздық ететіндігі жөнінде айтады. Бұл өз кезегінде медиаторлардың біліктілігіне кері әсерін тигізеді, қызмет көрсету сапасы төмендейді. Медиация жеке мамандық шеңберінде немесе құқықтану бакалавры, магистрлерді дайындау шеңберінде оқытылуы керек. Сондай-ақ соттан тыс медиацияның мәнін арттыру үшін құқықтық дауларды реттеу үшін жасалатын соттан тыс медиациялық келісімнің сот медиациялық келісімімен бірдей мәнге ие болуы керек деген қорытындыға келеді [209, 60 б.].

Иә бұл жерде автордың пікірімен толық келісуге болады. Өйткені соттан тыс медиациялық келісімге тараптар келіспейтін болса, онда олардың дауды сотта қарау құқығы болады. Қазақстан Республикасындағы медиацияны дамытудың басты мақсаты қоғамдағы конфликтілік жағдайдың деңгейін төмендету, сотқа түсетін жүктеме деңгейін төмендету болып табылады. Ал соттан тыс медиация мәнін жоғарыда айтылған мәселе бойынша түсіретін болсақ, бұл мақсаттарға жету мүмкін емес деп ойлаймыз.

Ендігі жерде медиацияның даму мәселелерін көршілес Ресей Федерациясында даму ерекшеліктерімен қарастырып өтсек. Медиация мәселесін зерттеуші А.М. Панасюк Ресей Федерациясында медиация технологиясы көмегімен құқықтық дауларды реттеуді енгізудің жоғары өзектілігін айтады [210, 16 б.]. Ресей Федерациясында медиация көмегімен дауларды реттеу мүмкіндігі мәселелер бойынша көптеген жылдар бойындағы жұмыс нәтижесі ретінде «№193-ФЗ Делдалдың қатысуымен дауларды реттеудің балама рәсімі туралы (медиация рәсімі туралы) әрі қарай - Медиация туралы Заңы болып табылады.

Алайда бұл институттың тәжірибеге еңгізілгеніне бірнеше жылдар болса да және сәйкес заңнамалық регламентацияның болуы да дауларды шешудің осы бір экзотикалық әдісінің әлі күнге дейін тәжірибеде сенімге ие бола алмағанын, іс жүзінде конфликтілік жағдайларды соттан тыс шеңберде қарау, дауларды сот өндірісіне жеткізбей шешу еңгізіле қойған жоқ деп есептейді Д.А. Ширев, К.А. Тасенкова. Оның себептері ретінде қоғамның медиация рәсімінің бар екендігінен хабарсыздығы немесе аз білетіндігі, мамандарды дайындау орталықтарының, мамандандырылған кеңес беру орталықтарының жоқтығы ең басты мәселелер деп көрсетеді. Одан әрі тағы бір шешуін табу керек мәселе ретінде медиация институтына деген халықтың сенімсіздігі. Бұл мәселенің бір бөлігін медиатордың қандай қызмет көрсету түріне ақы төленетіндігін түсіндіретін медиатор қызметінің стандарттары шешуге мүмкіндігі бар. Алайда басқа кәсіп түрлеріндегі сияқты медиация қызметінде де әрқашан жоғары білікті мамандар бола бермейді. Мемлекеттік билік органдары әлі де болса бұл мәселені лицензиялау арқылы ма, әлде өзін-өзі реттейтін медиаторлар ұйымын құру арқылы ма қалай шешетіндігімен анықтала қойған жоқ [211, 28 б.].

Е.В. Лукьянова мен Т.В. Худойкина медиация мәселелерін зерттеу барысында «Ресей судьяларының дауларды шешудің баламалы әдістерінің

кеңінен таралмай жатқанын мойындайды дейді. Мұндай жағдайдың бірден-бір себебі болып, іске қатысушылардың позициясының әлсіздігін көрсетуге мүмкіндік бермейтін этикалық қағида түріндегі бөгеттер табылады деп түсіндіреді [212, 4 б.].

Т.В. Худойкина, И.Н. Федин «Медиацияның баяу даму себептері конфликтілерді балама реттеудің осы бір тәсіліне деген азаматтардың ескіше көзқарасына негізделген. Субъектілердің көпшілігі пайда болған құқықтық дауларды шешу үшін мемлекеттік соттарға жүгінеді. Медиацияға деген мұндай қарым-қатынасты еңсеру мақсатында заңгерлер қоғамы мен халықтың құқықтық мәдениетін дамыту қажет және құқықтық ақпараттандыруды жүзеге асыру қажет. Мұндай үлкен жұмыстарды соттар атқарады» деп есептейді [213.]

М.А. Авдыев Қазақстандағы медиацияның дамуына оң бағасын бере отырып, Ресей Федерациясында медиацияның дамуын медиацияның әлемдік қауымдастығынан отыз жылдай қалып келеді деп есептейді [214, 25 б.]. Кедергі келтіретін факторлар деп мыналарды айтады:

- Ресейдің медиация саласында мемлекеттік реттеу деңгейі төмен және жекелеген ведомстволардың корпоративтік мүдделерін көздейді;

- медиаторларды дайындаудың мемлекеттік бағдарламалары жекелеген оқу орталықтарының мүдделерін көздеп, Ресейдің ерекшеліктерін, оның әлеуметтік институттарын, тарихи тәжірибесін ескермейді;

- сондай-ақ Ресейде медиаторларды дайындаудың қашықтан оқытудың электрондық курстары дамымаған [214, 26 б.].

Көріп отырғанымыздай Ресейдегі жағдай біздің елдегі медиацияның даму үдерісімен ұқсас, салыстырмалы түрде бір деңгейде. Әлі де болса жетілдіруді, мемлекеттік реттеуді қажет ететін мәселелер көп.

Қазақстандағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін факторларды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының медиация туралы қазақстандықтар не білетіндігі туралы жүргізген әлеуметтанулық сауалнаманың нәтижелері болып табылады [215]. Сауалнамаға сот жүйесімен тікелей немесе жанама өзара әрекеттесу тәжірибесі бар респонденттер қатысқан. Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекен-жайы бойынша респондентпен сұхбат негізінде өткізілген. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 53 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жас және одан асқан 1200 респондент.

Сауалнамадағы сұрақтардың негізгі мақсаты қазақстандықтар медиация туралы не білетіндігін анықтау. Сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы 45,3 % -ы дауларды медиациялық шешу әдісі туралы білмейді, 38,8 %- ы бұл тәсіл түрін білетіндігі жөнінде айтады. Сауалнамаға қатысқандардың 15,9% -ы медиатордың қызметін пайдаланғандар болды. Сондай-ақ, дауды шешудің қандай түрін таңдайсыз деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі қажет болған жағдайда дауды шешу үшін сотқа жүгінуді қалайтындар – 46,8% құрады. Екінші тараппен жеке келісуге тырысамын деп жауап бергендер 34,6 %, медиаторға жүгінемін 15,9 %, жауап беруге қиналамын 2,7 % екені анықталған.

Зерттеу нәтижелері бойынша сауалнама қатысқан респонденттердің жартысына жуығы 45,3 % -ы медиация рәсімінен бейхабар екендігі анықталды.

Жоғарыда ғалымдардың келтірген уәждерін, сондай-ақ жүргізілген сауалнаманың нәтижесін талдай келе Қазақстандағы медиацияның дамуына кедергі келтіретін факторлар деп мыналарды атауға болады:

- Жеке және заңды тұлғалардың медиация және оның артықшылығы туралы нашар хабардарлығы;
- Заңдардағы олқылықтар, соттарда татуластыру рәсімін кеңінен қолданудың міндеттелмеуі, әсіресе еңбек және отбасылық дауларды шешуде;
- Бұл жаңа құқықтық институтқа деген халықтың сенімсіздігі.

Біз де дауларды балама шешудің тәсілі ретінде медиацияның қолданылуы бойынша мәселелерді анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнама жүргізген болатынбыз. Оның нәтижесі төмендегіше.

Медиация институтын қолдану бойынша мәселелерді анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік сауалнаманы талдау.


Сауалнама келесідей бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Азаматтардың дауларды сотқа дейін реттеу бойынша қызығушылығын анықтау;
2. Медиацияның дамуына кедергі келтіретін себептерді анықтау;
3. Медиацияны қолдану керек саланы анықтау.


Сауалнама онлайн-сауалнама түрінде, қазақ тілінді жүргізілді. Сауалнама 10 сұрақтан құралған. Сауалнаманың сілтемесі қызығушылық танытқан азаматтарға ақпараттық тарату (WhatsApp чаттары, электрондық пошта) арқылы жүзеге асырылды.

Сауалнама еріктілік, анонимдік және құпиялылық қағидаттарын сақтай отырып жүргізілді.


Алынған деректерді жинау және өңдеу Google Forms сауалнамасын басқару бағдарламалық құралы арқылы жүзеге асырылды.




Сурет 1 - Респонденттер Алматы қаласының тұрғындары болды. Әлеуметтік сауалнамаға көпшілігі 40 пен 50 жас аралығындағы 54 респонденттер қатысты




Сурет 2 - Кәсіби қызмет салаңыз қандай деген сұраққа 48,1 % респонденттер заңгер мамандығын көрсетеді. 46,3 % өзге салаларда қызмет атқаратындар



Сурет 3. - Азаматтардың медиация рәсімі жөніндегі хабардарлығын анықтау мақсатында қойылған – медиация туралы не білесіз? деген сұраққа азаматтардың әр түрлі ақпараттар көзінен медиация туралы хабары бар екендігі анықталды. Назар аударатын мәселе респонденттердің 25% кәсіби тұрғыда қызығушылықтарының бар екендігін көрсетеді.



Сурет 4 - Медиация рәсімін пайдаланып дауларды шешіп көрдіңіз бе деген сұраққа19,2 % ғана респонденттер оң жауап береді. 80,8 % -ы бұл рәсім түрін пайдаланбағанын көрсетеді.




Сурет 5 - Алайда қандай да дауларды шешуде медиация рәсімін қолдануға дайын екендігін 73,1 % респонденттердің жауабы көрсетіп тұр.
Бұл көрсеткіш өз кезегінде медиация рәсіміне деген азаматтардың оң көзқарасын білдіреді.



Сурет 6 - Медиация рәсімі дауларды балама шешудің әдісі ретінде кеңінен қолданысқа енбеу себебін анықтау мақсатында қойылған – Қазақстандағы медиацияның кеңінен таралмауына не себеп? сұрағына респонденттердің 51,9 % -ы бұл рәсім туралы көпшілігі білмейді, 23,1 % -ы медиаторға деген сенімсіздік деп жауап берген.




Сурет 7 - Қазақстандағы медиация рәсімін кеңінен қолданылу үшін респонденттер келесідей іс-шаралар жүргізілу керек: медиация рәсімін қолдану мүмкіндігі туралы ақпараттарды кеңінен тарату деп – 67,3 % респонденттер; алдын-ала сот мәжілісіне медиаторларды шақыру керек деп – 19,2 % респонденттер; медиативті келісімді мәжбүрлі орындату нормасын енгізу керек деп – 9,6 % респонденттер есептейді.



Сурет 8 - 55,8 % респонденттер отбасылық даулар бойынша; 46,2 % респонденттер еңбек даулары бойынша міндетті медиация рәсімінен өтуді енгізу қажет деп есептейді.

.



Сурет 9 - Кәсіби медиатор ретінде кімдер болғанын қалайсыз деген сұраққа 84,6 % респонденттер кәсіби заңгер болғанын қалайды. 23,1 % респонденттер отставкадағы судьяның болғанын қалайды. Біздің кәсіби медиатордың жоғары заң білімі болуы қажет деген тұжырымымызды дәлелдейді.

Сауалнама нәтижелерін талдай отыра мынадай қорытындыға келуге болады:

1. Медиацияның кеңінен қолданысқа енбеу себептері деп халықтың бұл тәсіл туралы білмеуі және бұл рәсімге деген сенімсіздігі деп айтуға негіз бар;

2. Еңбек және отбасылық даулар бойынша міндетті медиациялық рәсім жүргізілуі керек;

3. Медиатор ретінде кәсіби заңгердің болуы керек.

Қазақстандағы медиацияны ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелерін жетілдіру бойынша келесідей бағыттар ұсынылады:

Біріншіден, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік құрылымдарының міндеттері шеңберіне аймақтар бойынша жергілікті тұрғындар арасында дауларды соттан тыс реттеу мүмкіндіктері туралы құқықтық насихаттау, құқықтық оқыту жүргізу міндетін жүктеу керек [216].

Екіншіден, дауларды соттан тыс реттеу тәсілдерін қолдану мүмкіндіктері туралы ақпарат, білім алу, оқыту бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты интернет ресурстарын қоса алғанда, БАҚ құралдарында орналастыруды көздеу.

Үшіншіден, медиацияның негізгі мақсаттары тараптардың барлығын қанағаттандыратын шешімге келуіне жағдай жасау, олардың дауласушылық деңгейін төмендету болып табылады. Сонымен қатар сот органдарына түсетін жүктемені азайтуға ықпал ету де медиацияның мақсаттарының қатарына жатқызуға болады. Осыған байланысты еңбек, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы азаматтық істер бойынша сотқа дейін медиациялық рәсімнен өту міндетті болу тәжірибесін енгізу қажет. Ал қылмыстық және әкімшілік істер бойынша тараптарды медиатормен міндетті ақпараттық кездесуге жіберілуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамның медиация туралы ақпараттану мәселесін шешуге және медиация институтының әрі қарай дамуына елеулі түрде үлес қосады.

Төртіншіден, республикада медиаторлар ұйымдарының өзін-өзі басқару ұйымы ретінде тіркеу мәселесі бар. Бүгінгі таңда Қазақстандағы мұндай ұйымдар саны 16. Алайда Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша, 74 ұйым өзін-өзі реттеу ұйымы ретінде тіркеуден өтпей-ақ медиативті қызмет көрсетуде.

Сәйкес талаптарға сай қызмет көрсетпеген медиаторлардың жауапкершілігі бойынша да мәселе бар. Медиаторлар мен олардың ұйымдарының қызметіне мониторинг жүргізу үшін нақты құқықтық нормалар, сондай-ақ өз ісін адал жүргізбейтін медиаторлар үшін құқықтық бақылау мен қандай да санкция қолдану механизмі жоқ. Олар үшін қолданылатын жалғыз санкция медиаторлар ұйымы тізімінен шығарып тастау ғана. Алайда оладың басқа ұйымдардың тізіміне тұруына немесе жаңа ұйым құрып алуына ешқандай бөгет жоқ. Бұл өз кезегінде медиаторлық қызмет көрсету сапасына теріс әсер етеді.

Осыған байланысты заң шығарушылық деңгейде, медиацияны ұйымдастыру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, аталған салада реттеу мен басқаруды жүзеге асыратын, сондай-ақ жүйелі негізде медиация институтын дамытумен айналысатын уәкілетті мемлекеттік органды бекіту қажеттілігі ұсынылады. Оған Қазақстан Республикасында медиация рәсімінің бірыңғай стандарттары, медиаторларға қойылатын кәсіби және этикалық бірыңғай талаптар, медиаторлардың біліктілігін көтеру жүйесін бекіту құзіреттілігі берілуі керек.

Бесіншіден, келесі мәселе кәсіби медиаторлар үшін міндетті болып табылатын оқу мәселесі. Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өткізу Ережесімен медиаторларды дайындау курстарының сәйкестігі тексерілмейді. Әр ұйым өз бағдарламалары бойынша оқытады, оқытушы-тренерлердің республикалық бірыңғай тізімі мен оларға қойылатын бірдей талаптар да жоқ. Сондықтан бұл мәселелерді шешу үшін медиаторларды дайындау және сертификаттау ұйымдарының қызметі лицензиялануы қажет.

Жалпы Қазақстандағы медиацияның даму динамикасы табысты өрбуде деп айтуға болады. Осы саладағы тәжірибе мен заңнама қалыптасуда, медиаторлардың кәсіби деңгейі өсуде. Әрине шешілуін күткен мәселелер баршылық, бірақ олар медиация институтының болашақтағы даму перспективаларын анықтайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында төмендегідей байлам-тұжырымдар мен қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Кез келген әлеуметтік қақтығыстың пайда болуы мен дамуының негізінде субъектілердің (қарсыласушы тараптардың) арасындағы объективті қарама-қайшылық жатады. Конфликт – келіспеушіліктер дер кезінде шешімін таппаған кезде үдей түму нәтижесіндегі әлеуметтік қарама-қайшылықтың дамуының бір кезеңін білдіреді. Алайда конфликт жай ғана қарама-қайшылықтар ғана емес, конфликт – жеке тұлғалар, сондай-ақ түрлі әлеуметтік топтар сияқты қоғамдық қатынас субъектілерінің мүдделерінің қақтығысымен түсіндірілетін өзара әрекеттесудің ерекше түрі.

Құқықтық конфликт – әлеуметтік конфликтілердің түрі және оның қатысушыларының өзара әрекеттесуінің ерекше түрі ретінде, құқықтық салдар туғызатын және құқықтық құралдар мен әдістер арқылы еңсерілетін, құқықтың минимум екі субъектісінің арасындағы құқықтық маңызы бар мүдделерінің қарама-қайшылығымен негізделген ашық қарсыласуы деп түсінген дұрыс. Құқықтық конфликтінің мазмұнының алуан түрлілігі оны шешуде түрлі нысандар мен әдістерді қолдануды қамтиды. Тұжырымдамалық тұрғыда құқықтық конфликтілерді шешу - өзара анықталған, соның ішінде иерархиялық түрде байланысқан, ұйымдастырушылық және рәсімдік-процессуалдық элементтердің жиынтығын білдіреді. Осы жүйе шеңберінде құқықтық конфликтілерді билік ету - мәжбүрлі шешу қағидасына негізделген юрисдикциялық жүйе және келісім қағидасына негізделген құқықтық конфликтілерді балама шешу жүйесі деп бөліп қарастыруға болады.

2. Құқықтық конфликтілерді консенсуалды нысанда шешу нысаны түрлі құқықтық рәсімдерді пайдалану жолымен жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына конфликтілерді арбитраж, келіссөздер, делдалдық (медиация), тараптардың татуласуын жатқызуға болады. Жалпы дауларды балама шешу (ADR) – тараптар келісімге келу үшін, қажет жағдайда дау туралы пікірі ұсыныс немесе міндетті болып табылатын үшінші тәуелсіз тұлғаны тарта отырып қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығы.

3. Әдет-ғұрып пен дәстүр Қазақстандағы қоғамдық қатынастарды реттеуде маңызды рөл атқарады. Құқықтың дәстүрлі жүйесінің бүгінгі күнде реттеушілік әлеуетінің сақталғаны жөнінде айта аламыз. Қабылданып жатқан нормативті құқықтық актілер тарихи ерекшеліктерді, дәстүр мен әдет-ғұрыпты есепке ала отырып, қазіргі қоғам менталитетіне бейімделе отырып қабылданып жатыр. Осындай тарихи-дәстүрлі реттеуші институт ретінде билер мен ақсақалдар кеңесін айтуға болады. Аталған дәстүрлі институттар қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік өмір мен басқаруды реттеуде қосымша механизм болып табылады.

Мемлекет Билер мен ақсақалдар кеңесін жандандыра отырып, бұл дәстүрлі институттар медиатор қызметін атқара отырып, қоғамдағы әлеуметтік қайшылық пен шиеленісті төмендетуді көздейді. Біздің ойымызша олардың кәсіби деңгейі қоғамдық сана мен менталитеттің өзгеруін ынталандырып, өнегелілік пен әдептілік, адалдық қағидаларын қайта жаңғыртады, қазіргі

кезеңде даулы мәселелерді реттеуде, қарастыруда жетісе бермейтін ерекше моральдық-өнегелік деңгейі қалыптасады.

4. Медиация – дауласушы (дауласушы, қақтығушы ж.т.б.) тараптардың ортақ келісімге келу ниетінен шығатын, ерікті түрде таңдалатын, сондай-ақ дауласушы тараптармен қатар олардың өзара келісімімен таңдалатын немесе уәкілетті органмен анықталатын, дауласушы тараптар үшін шешім қабылдауға құқығы жоқ, алайда конфликтіні әділ түрде шешу/реттеу үшін кәсіби, кешенді әсер ету және тараптарды тұрақты диалогқа шақыру, нәтижесінде тараптар үшін өзара тиімді шешімге келуіне, конфликтінің әрі қарай өрбіп, тараптардың сотқа жүгінуін азайтуға көмектесетін үшінші тарап, яғни бейтарап медиатордың қатысуымен конфликтілерді реттеу және дауларды шешудің сотқа дейінгі/соттан тыс сот талқылауына балама нысан.

5. Ұлтаралық қатынастар – қоғамдық саяси мүдденің ең басты мәселесі болып табылады. Қазақстан үшін ұлтаралық тұрақтылықты бекіту мен қолдау, этникалық топтардың мүдделерін ізгілендіру өте маңызды. Екі түрлі мәдениет өкілдерінің арасындағы дау – медиация үшін ең күрделі жағдайлардың бірі. Этномедиация ұлтаралық қарама-қайшылық негізінде пайда болатын конфликтілерді реттеу әдісі. Этносаралық конфликтілерді реттеу мен алдын-алудың тиімді жолдарын анықтауда этномедиацияны дауларды шешудің балама әдістерінің ішінде бірегей, жаңа бағыт деп қарастырылу қажет.

6. Медиацияны тұлғаның құқықтық санасы, құқықтық мәдениеті және құқықтық сауаттылығы деңгейіне әсер етуші, сондай-ақ құқықтық нигилизммен күресуші фактор ретінде есепке алу маңызды. Әдеттегі сот өндірісі тәртібімен салыстырғанда, дауларды балама түрде шешу азаматтардың дауды бейбіт түрде реттеу санасын қалыптастыру көмегімен олардың құқықтық мәдениетін көтеруге әсерін тигізеді. Медиация рәсімі туралы ақпараттың кеңінен таралуы үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары бірлесе отырып, бағдарлы іс-шараларды шынайы жүзеге асыруы қажет. Медиация туралы БАҚ құралдарында, әлеуметтік желілерде кеңінен насихатталуы керек.

Алға қойылған мақсатты шешудің толықтылығы. Диссертациялық жұмыста жүргізілген зерттеулер алға қойылған мақсаттар толық шешілді деп санауға мүмкіндік береді. Шығарылған нәтижелер Қазақстан Республикасында әрекет етіп тұрған заңнамаларды және осы тақырып төңірегінде жазылған ғылыми еңбектерді зерттеу негізінде алынып, қорғауға шығарылып отырған тұжырымдамалармен толықтай сәйкес келеді.

Қойылған мақсаттарды мейлінше толықтырып шешу үшін теориялық материалдар мен тәжірибелік деректер кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін нақты қолдану туралы ұсыныстар:

1. Заңның негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін медиацияны реттеуші халықаралық танылған және кеңінен қолданылатын ережелерден тұратын халықаралық сауда (*UNCITRAL*) құқығы бойынша БҰҰ Комиссиясының халықаралық коммерциялық келісім рәсімі туралы Типтік заңына сілтеме жасау мүмкіндігін қарастыру керек.

2. Еріктілік қағидасына міндетті немесе квази-міндетті (тараптарда бас тарту құқығы сақтала отырып) бағыттауды қолдануға мүмкіндік беретін норма

енгізілуі керек. Заң шығару саласында «егер заңдармен өзгеше көзделмесе» медиацияға қатысу ерікті болып табылады деп анықтау мәселесі жиі қолданылады.

3. Құпиялық қағидасы бекітілген ҚР медиация туралы заңының 8 бабында аталған қағиданың қолдану саласы мен қорғау шегі нақты келтіріліп қарастырылғаны маңызды. Заңда көрсетілген нормалар құпиялықты жеткілікті түрде қорғамайды. Сондай-ақ ереже тек медиация қатысушыларына ғана қатысты. Құпия ақпаратты алуы мүмкін басқа да тұлғалар мысалы тараптардың жұбайлары бұл нормаға қатысты емес. Егер тараптар басқаша келісімге келмесе немесе егер мұндай ақпараттың ашылуы заңмен, соның ішінде мәжбүрлі түрде дауды шешу бойынша келісіммен талап етілмесе, медиация барысында алынған барлық ақпараттар немесе оған байланысты барлық мәліметтер құпия болып табылады деген норма енгізілуі тиіс.

4. Қазақстан Республикасында медиация рәсімінің бірыңғай стандарттары, медиаторларға қойылатын кәсіби және этикалық бірыңғай талаптар, медиаторлардың біліктілігін көтеру жүйесі жоқ. Осы мәселелерді шешу үшін кәсіби медиаторлардан құралған, медиаторлардың қызметін үйлестіруші бірыңғай ұйымын (мысалы адвокаттар алқасы, нотариалды палата, жеке сот орындаушылар палатасы сияқты) құру керек.

5. Еңбек, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы азаматтық істер бойынша сотқа дейін медиациялық рәсімнен міндетті өту тәжірибесін енгізу қажет. Ал қылмыстық және әкімшілік істер бойынша тараптарды медиатормен міндетті ақпараттық кездесуге жіберілуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамның медиация туралы ақпараттану мәселесін шешуге және медиация институтының әрі қарай дамуына елеулі түрде үлес қосады.

6. Кәсіпқой медиаторларға жоғары заң білімі талап етілуі заңмен бекітілуі тиіс.

7. Кәсіби медиаторларды 50 сағат көлеміндегі оқыту курсы жеткіліксіз. Сағат көлемін ұлғайу керек. Медиация жеке мамандық немесе бакалавр мен магистранттарды дайындау шеңберінде оқыту бағдарламаларына енгізілуі қажет.

